
ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

№2 (44) / 2016



ТІА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

Қазақстан
Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№ 516-ж куәлігі берілген
(14.06.2004)

Бас редактор
Қонысбай Әбіл

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт
министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

Редакциялық алқа:

Ақтоты Райымқұлова

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
спорт вице-министрі

Өмірзақ Айтбайұлы

ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ
тілі» қоғамының президенті

Қойшығара Салғараұлы

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
жазушы

Сұлтан Оразалы

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы

Асылы Осман

«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің
төрайымы

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі

Дос Көшім

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы



СҰЛТАН ОРАЗАЛЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, Халықаралық Алаш және Абай атындағы әдеби сыйлықтардың иегері, профессор

ТІЛ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК: ӘР ЖЫЛДАР ОЙЛАРЫ

Бұл мақалаға көрнекті жазушы, Қоғам және мемлекет қайраткері, Министрлер кабинеті жанынан құрылған Тіл комитетінің тұңғыш төрағасы Сұлтан Оразалының әр жылдардағы зерттеулері, ойлары, пікірлері топтастырылған.

Өмірде кейде миға кірмес, қисынға қоңсы қонбас қайшылықтар бола береді. Мәселен, бүгінгі біздер жанды-жансыз табиғаттың иесіміз. Жер-ана – бәрімізге ортақ бесік, бұған қоса адамзат жасаған барлық байлық қазыналардың мұрагеріміз. Соған сәйкес ауаны, жерді, суды қорғаймыз. Қолымыздан келгенше тарих және мәдениет ескерткіштерін де сақтаудамыз. Азайып бара жатқан өсімдік түрлерін, жойылып бара жатқан жануарларды қызыл кітапқа енгізіп жатамыз. Алайда осының бәрін ойластырған адамның өзін-өзі қорғауда шаруасы шамалы... Адамды қорғаудың, сақтаудың басты, әрі бірден-бір жолы – тілді қорғау.

сәуір, 1993 жыл

Қазақ тілі – қазақ халқының бірлігінің белгісі. Еуропаның әлденеше мемлекеті сыйып кететін ұлан даланы мекендеген біздің ел қашанда тіл тұтастығын, тазалығын берік сақтаған. Тіл тұтастығы – елдің рухани, территориялық тұтастығының тірегі болып келді. Әлем тарихында кейбір халықты дін, енді біреулерін саяси мақсат топтастырып жатады. Шындығына келгенде, біздің дініміздің де, діліміздің де қызметін ана тіліміз атқарады. Ол – халқымызды ұйытып, жұдырықтай жұмылдыратын күшіміздің бірі.

30 желтоқсан, 1993 жыл

Республиканың қазіргі қоғамдық жайына талдау жасай келіп, Президент: «Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге ертерек», – деп атап көрсеткен бо-



латын. Оның дәлелі бүгінгі тілдік ахуалымыздан да анық көрінеді. Әңгіме – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде төрт аяғынан тік тұрып кете алмауында болып отыр. Әрине, бұл – бір күннің, бір жылдың шаруасы емес. Аса шыдамдылық пен қажыр-қайратты, бүкіл халық болып атқаратын шаралар кешенін талап ететін бұл істі үйлестіретін мекеме – Тіл комитеті. Президент Жарлығымен құрылған сол Комитеттің дүниеге келгеніне тоғыз айдың жүзі болып қалды. Бейнелей айтсақ, бұл бір сәбидің дүниеге келетін уақыты. Генетик ғалымдардың дәлелдеуінше, құрсақтағы сәби тоғыз айда бүкіл адамзат өткен ғұмырды жүріп өтеді екен. Сол сияқты бізге де қалыптасқанына қырық жыл болған министрліктер мен комитеттердің жолын тоғыз ай ішінде басып өтуге тура келді. Өйткені бұндай мекеме бұрын-соңды болып көрген жоқ.

Комитетті құрудың алғашқы қадамы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Ережені бекітуден басталған. Біз үшін аса маңызды осы құжатта Комитет мәртебесін көтеретін баптар енгізу үлкен тартыс үстінде жүзеге асты.

Тіл заңының қабылданғанына биыл аттай бес жыл толды. Кезінде ең демократияшыл, ең қолайлы Заң деп көпірте мақтаған құжатымызға бүгінгі көзбен қарасақ тым жадағай, жалпақшешей тұстарының мол екендігін байқаймыз. Бәрінен де алаңдататыны – сол Заңның өзі түгел жүзеге аспай отыр. Күні бүгінге дейін оны өрескел бұзғандарға қарсы шара қолданылғанын ести қойғанымыз жоқ. Ондай құқық Тіл комитетіне де берілмеген.

Турасын айтсақ, осы Заңды жүзеге асырудың тетіктері ойластырылмаған. Заң өзін-өзі қорғай алмайды. Бұл орайда шет елдік тәжірибелерді зерттей отырып, Азаматтық кодекске Тіл заңына сәйкес өзгерістер енгізу, Тіл заңын бұзғаны үшін айып салуды Заң арқылы қарастыру қажет. (Мысалы, Балтық жағалауы елдері мен Қытай тәжірибесі).

30 желтоқсан, 1993 жыл

Жақында Республикалық аудармашылар серіктестігі мынадай бір қызық тәжірибе жасапты. Олар жүз адаммен кездесіп, бірнеше сөйлемді қазақ тілінде жазып берулерін өтінген. Тіл мамандары сол жазуларды тексергенде 92-сі сауатсыз болып шығыпты. Осы топ Орталық поштаға барып жүз хатты топтап қараған екен, үшеуі ғана мекенжайын қазақ тілінде толтырыпты. Бұдан не ой түюге болады? Ең алдымен жұртшылықтың мемлекеттік тілге деген психологиялық көңіл ауаны әлі өзгере қойған жоқ. Халық қазақ тілінде айтылған сәлемі мен талап-тілектерінің діттеген жеріне жететініне сенбейді. сондықтан олар тіл үйренуге де, сауатты жазуға да құлықсыз. Өкініштісі, «дәтке қуат» деп сол қойыртпақ қазақшаға да көңіл тоғайтамыз. Біздің міндетіміз – ең алдымен осы күдік-күмәнді сейілту.

30 желтоқсан, 1993 жыл



Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Оның суреткерлік қуатын, не бір тұңғық ойларды жеткізу қабілетін, шексіз байлығын, бейнелілігі мен саздылығын, әлемнің ең құдіретті тілдерінде ғана кездесетін көркемдік сапаға жеткізген ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алып топ тарих сахнасына шыққан осы ғасырдың алғашқы ширегінде бұл күрес ел тәуелсіздігі үшін күреспен бірлікте жүргізілді.

Сол кезеңде 1923 жылдың 22 қарашасында Орынборда тіл туралы декрет жарияланып, қазақ, орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік мәртебе берілді. Қайран ағаларымыз осы бапқа амалсыздан көнді ме, әлде қазақ ішінде еркін жайыла қоймаған орыс тілінің болашақтағы жойқын шабуылын аңғалдықпен сезбеді ме, кім білсін, осы бір бап кейіннен қазақ тілінің өрісін тарылтып, маңдайына сор болып жабысты. Бірақ, сол кездегі құжаттар қазақ тілінің мәртебесін көтеретін көптеген шараларда белгіленді. Мысалы, осы декреттің нәтижесінде бірталай облыстарда іс жүргізуге қазақ тілі енгізілді. Оның: «Қызметкерлер даярлайтын оқу орындары мен кәсіпкерлік курстарда қазақша іс жүргізуді үйрететін пән міндетті түрде енгізілсін», – деген арнайы бабы да болды.

Дәл осы жылдары қазақ тілінің өндіріс тіліне айналуына баса көңіл бөлінгенін тағы да бірнеше құжаттан көруге болады. 1924 жылдың 26 маусымында ҚазКСР-інің Еңбек Халық Комиссариаты «орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін қызметкерлермен алмастыру жөнінде» хат жіберсе, сол жылдың 5 шілдесінде «Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізуді енгізетін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастыру тәртібін күшейту жөнінде» қаулы қабылдайды. Бұл екі құжатта да аталмыш шараларды жүзеге асырудың жолдары нақты көрсетілген. Мәселен, «белгілі кәсіпорындағы қызмет орнын қысқарту, ол адам қазақ тілін білмеген немесе сол істі жүргізе алмаған жағдайда ғана болады» деп аталып көрсетілген. Бұл уақыттарда қазақтарды өндіріске тарту мен аппарат құрамын жергілікті ұлт өкілдерімен толықтыру мәселесі «шовинизм мен ұлтшылдыққа қарсы шешімді күрес жүргізу» ұранымен ашық та, батыл жүргізілген. Соның нәтижесінде жиырмамыншы жылдардың соңында «Ембімұнайдағы» қазақ жұмысшыларының саны – 51,6 пайызға, Қарсақпайда – 48 пайызға, «Одақалтында» («Союззолото») – 39 пайызға жеткен (қазіргі өндіріс жағдайымен салыстырып көріңіз). Бірақ осының өзіне БКП (б) Өлкелік комитеті жүргізген рейдте қанағаттанбаушылық білдіріліп, «Ұлыдержавалық шовинизм қазақтарды өндіріс пен аппаратқа тарту ісін тежеп отыр», – деп танылып, 15 баптан тұратын қаулы қабылдаған. Онда көптеген нақты шаралармен қоса, тіпті, қазақ тілін үйренуден бас тартқандарға жаза қолдану қажеттілігі де ескертілген.

қыркүйек, 1994 жыл



Жиырманшы жылдары қолға алынып, қазақ тілінің ахуалын жақсартуға көп септігін тигізген бұл ауқымды шаралардың өрісі отызыншы жылдардың ортасына қарай күрт тарылғаны көпшілікке мәлім жағдай. Бұл жылдары қазақ халқы аштық нәубәтіне, жаппай қудалау науқанына ұшырайды. Сталиндік өктем саясат тілдердің сіңісу теориясын мықтап қолға алды. Сөйтіп, 1941 жылы 1 тамызда аталған жеңілдіктерді қайтарып алу жөнінде қаулы шықты. Осыдан кейін-ақ қазақ тілінің көші түзеле қоймайды.

қыркүйек, 1994 жыл

1989 жылғы Тіл заңы – сол уақыттағы біздің мемлекеттік құрылымымыз бен қоғамдық, саяси ахуалдың жемісі. Сондықтан да оның табиғатында кезеңдік жетістіктермен қоса олқылықтардың болуы табиғи дүние. Ең басты жетістік – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болып, оның дамуының заң қамқорлығына алынуында болса, басты олқылық – тіл саясатында өткен уақыттарда болған қиғаштықтар мен оның зардаптарын жете бағаламау, оларды жоюға байланысты шаралардың солқылдақтығы, заң баптарының тым жалпақшешейлігі еді.

қыркүйек, 1994 жыл

Әлемнің көптеген елдерінде Тіл заңын жүзеге асыру мен оны бақылауды арнайы мекемелер (Қытай, Франция, Латвия т.б.) атқарады. Олар заңды бұзғандарды айып салудан бастап, заң алдында жауапқа тартуға дейін жеткізеді. Біз де бұл жағына ерекше мән беруіміз керек. Осы уақытқа дейін бізде Тіл заңын бұзғаны үшін жауапқа тартылған бірде-бір адам жоқ. Өйткені, оның тетіктері жасалмаған. Сондықтан, Заңда оны бұзғаны үшін қолданылатын шаралар нақты көрсетілгені жөн. Және лауазымды адамдарға айып салу шараларын батыл ендіру керек. Бұл орайда, Латвия Республикасының тәжірибесі көңіл аударарлық. Олардың «Әкімшілік құқық бұзу жөніндегі заңы» бойынша кәсіптік міндеттерін атқаруда мемлекеттік тілді белгіленген дәрежеде пайдаланбағаны үшін – 3000 теңгеге дейін айып салынады. Егер дәл осылай болса біздің заңның істі екі тілде жүргізу жөніндегі 8, 9, 10 баптарын орындамай отырған талай әкімдердің қалтасы қағылар еді. Одан түскен қаражатты тілдерді дамытуға жұмсауға болады. Латвия Заңындағы мұндай баптың ұзын саны он шақты.

Заңда тағы да бір ескерілуге тиісті жағдай – тілдің мемлекеттік мәртебесін қорғау мен тазалығын сақтау. Заңға мұндай тарау өте қажет. Ол қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтумен қатар, оның іштей түлеуіне жағдай жасайды. Тіл тазалығы жөнінде Түркия, Франция мемлекеттерінің жүргізіп отырған саясаттарының сабақтары мол. Түркиядағы Ататүрік бастаған тіл реформалары



туралы газет-журнал жазып жүр. Франция Президенті Жорж Помпиду кезінде француз тілінің тазалығын қорғау жөнінде комитет құрған, ал 1985 жылы Франсуа Миттеран компьютер бағдарламаларын ағылшын тілінде жүргізуге тыйым салды. Бүгінде Франциядағы барша саяси партиялар мен қозғалыстар «англо-американдық тілдік империализмге» қарсы тізе қоса күрес ашуда. Мұны барынша қолдаған Сенат Француз тілі жөніндегі жаңа заңның жобасын талқылау үстінде. Ол Заң бойынша Францияда француз тілінің тазалығы мемлекет тарапынан жан-жақты қорғалады. Заңда 3500-ден астам ағылшын терминін қолданыстан шығару көзделген. Ал, орынсыз қолданғандарға аса ауқымды айып салынады.

қыркүйек, 1994 жыл

Біз өткен кезеңнің пайдалы тәжірибелерін жөн-жосықсыз жоққа шығара алмаймыз. Кезінде славян, түркі ғалымдарының көпшілігі, әдебиетшілер, педагогтар, әскери қызметкерлер бірнеше тілді игергенін еске алайықшы. Ресейдің ұлттық шет аймақтарындағы әкімшілік орындарындағы кез келген шенеунік жергілікті ұлт тілін білмесе қызмет бабында жоғарылауға мүмкіншілігі болмаған. Ресей әскери бөлімшелерінде де жергілікті тілдерді, не Еуропа елдері тілдерінің бірін меңгермеген адам нағыз офицер деп саналмаған. Қаншама қатардағы солдаттар, казактар, Ресейден қоныс ауып келушілер казак тілін тез игерген жоқ па? Бұл жұрттың бәріне белгілі дерек.

қыркүйек, 1994 жыл

Аймақтарда тілдерді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған біріккен алқа мәжілістері, конференциялар мен семинар-кеңестер, тіл мерекелері, ұлт мәдениетінің күндері өткізілді.

Тіл комитетінің алқа мәжілісі Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған, Семей, Қостанай облыстарындағы тіл саясатының түрлі мәселелерінің атқарылу барысын қарап, нақты шешімдер қабылдады. Сондай-ақ Көлік, Сыртқы істер министрліктері мен Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және Картография Бас басқармасының жұмыстары қаралып, бұл ведомстволардағы аударма бөлімдері «Мемлекеттік тілді енгізу» бөлімдері болып қайта құрылды, Республиканың картасын қазақша шығару жөнінде шешім шығарылды.

Тіл комитетінің тікелей араласуымен қырықтан астам министрліктер мен ведомстволардың тілдік ахуалы тексеріліп, әдістемелік көмектер көрсетілді.

мамыр, 1995 жыл

Тіл – билікті қолда ұстаудың бір қаруы екенін әлем халықтарының бәрі де



түсінген. Қазақстандағы орыс тілділер де оны жақсы біледі. Сондықтан да бұл текетірес ауық-ауық белең алып отыруы заңды. Оған үдірейсе, үркіп қараудан гөрі, тіл саясатын ұлттық мүдде тұрғысынан байыппен табанды жүргізу арқылы ілгері жылжуымыз керек. Бұндай саясат соңғы жарты ғасырда тәуелсіздікке қолы жеткен Азия мен Африканың, бұрынғы КСРО-дан бөлінген елдердің көпшілігінде бар. Олар ел тәуелсіздігін – тіл тәуелсіздігінен айырған емес.

21 мамыр, 1996 жыл

Тілді үйрету, насихаттау, дамытудағы ең қуатты құрал теледидар екені мәлім. Ағылшын тілін дүниежүзіне тарату орталығының пікірі бойынша, теледидардың дүниеге келуі және оны ұтымды пайдалану – ағылшын тілінің бағын ашып, әлемнің түкпір-түкпіріне кең жайылуына ықпал етіпті. Қазір біздің республикамызда 200-ден аса әртүрлі меншіктегі телерадио компаниялары жұмыс істейді. «Ұқсата білсек – ұлы күш». Бірақ, осылардың мақсат-мүддесі біздің ұлттық мұратымызға қайшы келіп жатса да «әй дер ажа, қой дер қожа» табылмай тұр. Тілдік жағынан алсақ, қазақ сөзі барлық хабардың он-ақ пайызында айтылады. Тіпті мемлекет меншігіндегі теледидар да қазақша хабарларға көңіл бөлуді мүлдем азайтты. Ал астанамыздағы мемлекеттік емес 8 телеарна осы жылдың 15-21 сәуірінің бір аптасында көрсеткен 917 сағат хабарының тек 0,54 пайызын, яғни 4 сағат 40 минутын ғана қазақша беріпті. Бұған таңның атысы, күннің батысы сөйлеп тұрған Ресей телерадио хабарларын қоссақ орыс тілінің осыншама нөпір тасқыны халықтың санасын сарсылтып, мемлекеттік тілдің мүшкіл халін айқындай түспей ме?

21 мамыр, 1996 жыл

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – ол алапат күрес пен қажыр-қайратты, ерекше төзімділікті қажет ететін іс. Бұл ретте Тіл комитеті елдің бәрінің көңілін тапты деп айта алмаймын. Қазақ тілінің қамы үшін, ойсырап жатқан олқылықтардың сырын ашып, оны түзеу бағытында істелген әрекеттер, тынымсыз тірлік талайдың мазасын кетіргені және рас. Кейбір әкімдердің өкшесін де басып алған шығармыз. Сондықтан оның жолына қойылған тосқауыл аз болмады. Бірақ тіл саясатын жүйелі жүргізудегі бұл құрылымның мәнін ешкім де жоққа шығара алмайды.

21 мамыр, 1996 жыл

Мені таңқалдыратын нәрсе – қалтамыз ортайып, азығымыз азайса, жылу жоғалып, жарық сөніп жатса, баршамыз оған кінәліні іздеп, атой салып жатамыз. Ал рухани азығымыз, тірлігіміздің нәрі – ана тіліміздің тамыры суалып жатқанда неге селқоспыз? Бұл орайда мен көшеге шығуды айтып тұрғаным жоқ. Халық тағдырына қатысты осы бір киелі істе неге барлығымыздың бір кісідей



жанымыз ауырып, тізе қоса қимыл жасамаймыз. Іс басындағы адамдардың көпшілігі тіл шаруасын Тіл комитетінің, Тіл департаментінің ведомстволық ісі немесе қазақ тілін сөз етіп жүрген азғана топтың ермегі деп түсінетін сияқты. Ал өзі қызмет істеп отырған орнындағы, тіпті, отбасындағы тілдің жағдайы оны толғандырмайды да. Зәуімде жүздесіп қалған осындай ағайындардың кейде «Тілдің жағдайы қалай осы?» деп шірене сұрайтыны бар. Менің көкейімде «Ау, ол – баршамыздың ортақ ана тіліміз емес пе, ал анасын сыйлау, оның қас-қабағына қарап, қадірлеу, жағдайын жасау – әрбір адал ұрпағының парызы емес пе?» – дегім келгенімен, жаңағыдай парықсыз сұрақ қоюшыға несіне арамтер боламын деп тосыласың.

Егер жауапкершілікті әркез өзінен емес, басқадан іздейтін «Өзір асқа – тік қасық» болатын психологиядан құтылмасақ, тілді дамыту мүмкін емес. Өз баласына ана тілін үйрету үшін заңның қажеті қанша? Ол – әр адамның азаматтық арының ісі. Заң мемлекеттік және жекеменшік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың тіл тағдыры алдындағы жауапкершілігін арттыру үшін қабылданғалы отырған жоқ па?

шілде, 1997 жыл

Қазіргі деректер бойынша қазақ тілінде терминологиялық сөздік алғаш рет 1927 жылы Қызылорда қаласында шыққан. Содан бері, 1994 жылға дейін, 122 терминологиялық сөздік жеке кітап болып басылған екен. Еліміздің тәуелсіздік жариялауы, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы, яғни қоғамдағы саяси өзгерістер термин тудырудың өрлеу дәуірін ашты деуге болады. Терминологиялық сөздіктер жасап, оларды баспадан шығаруға құлшыныс арта түсті. Егер 1991 жылы – 8 сөздік шығарылса, 1992 жылы – 11 сөздік, ал 1993 жылы – 25 терминологиялық сөздік жеке кітап болып көпшілікке ұсынылған.

шілде, 1996 жыл

Ұлан-ғайыр қазақ даласында сақталған жер-су т.б. топонимикалық атаулар – баға жетпес асыл қазынамыз. Себебі, олар өлкемізді қадым замандардан мекендеген тайпалар туралы құнды мәлімет беретін, бүгінгі қазақтармен үзілмей жалғасатын рухани сабақтастықты бұлтартпай айғақтайтын тарихи куәлар болып табылады. Жер-су атаулары қымбат ескерткіш болуымен қатар, қазақ халқының сол топонимикалық атауларды берген бағзы замандағы тайпалардың заңды мұрагері екендігін де дәлелдейді. Топонимикалық атауларда біздің өткендегі даңқты тарихымыз, ұлттық зердеміз тайға таңба салғандай белгіленген. Әр атауды сақтау – ар намысы бар, мәдениеті биік халықтың ең басты парызының бірі. Оны ұлттың өміршендігін арттыратын, жігерін асқақтатып, ізгілікке баулитын сарқылмас рухани қайнарымыз деу ләзім.

шілде, 1996 жыл



Қазақстандағы 25 мыңнан астам елді мекеннің, 8 мың мектептің көбісінің атаулары әлі де болса реттеуді қажет етеді. Тіл комитетінің жүргізген сараптама қорытындылары елімізде Ленин атауы – 181, Киров – 71, Калинин – 53, Большевик – 63, Октябрь – 105, Социализм – 35 рет қайталанатынын көрсетті. Яғни жер атаулары саясаттандырылған сипаттан толық арылған жоқ. Бұрынғы Кеңестік дәуірге тән персонификация дағдысынан да шыға алмай отырғандығымызды жасыруға болмас.

шілде, 1996 жыл

Тіліміздің ертеңіне қатысты үш түрлі теріс көзқарастағы адамдарды бөліп-бөліп атар едім. Олардың алғашқылары – нигилистер. Бұлар қазақ тілін мүлде қажетсінбейтіндер, туған топырағынан ажырағандар. Олардың бойында ұлттық болмыс, нышан, ұлттық намыс, жігер атымен жоқ. Алтынның үстінде жүргенін білмей, басқаның жезіне қызығатындар, тіпті, қазақ болып туғандарына қорланады. Ондайлар өкіреш, өктем мінезді келеді. Екінші топ: нигилистердің жұрағаты – пессимистер. Ешбір әлеуметтік топқа кірмейтіндіктен ұлттың сан алуан мүдделеріне, оның ішінде тіл болашағына да ең қауіптісі – осылар. Кертартпа ойларымен айтақшыл «Караван» сияқты газеттердің шылауында жүріп, қара аспанды төндіретіндер, топан суды қаптататындар да осылар. Олар ойлануға жалқау, бойкүйез, немқұрайды келеді. Үшінші бір топқа қазақы «жалған патриоттарды» қосар едім. Өздері түк бітірмей жүріп, «олай ету керек», «былай ету керек» деп күңкілдейтін, пәтуалы кеңес, парықты іспен көмектесудің орнына орынсыз айыптауды, тырнақ астынан кір іздегенді қолай көретін бұл топтың да пайдасынан зияны басым.

тамыз, 1997 жыл

Әдетте, экономикалық-әлеуметтік өркеніет үлгісі сөз болғанда шетелдіктердің өмір-тұрмысын мысалдап жатамыз. Құп. Енді тыңдаңыз. Дүние жүзінің кез келген елінде сол елдің мемлекеттік тілін білмеген кісі лауазымды қызметтен еш дәметпейді. Мысалы, Швейцарияда неміс, француз, итальян тілдері бірдей мемлекеттік тіл болып саналады. Егер осы үш тілді бірдей дәрежеде меңгермеген болсаң, мемлекет ісінің маңайынан жүрмейсің. Немісше білмегенді Германия, ивритті білмегенді Израиль азаматтыққа қабылдамайды. Сонда оларға жүрген заң бізге жүрмей ме? Оларда гуманизм үлгісі деп бағаланатын норма бізде адам құқығын таптау болып шықпақ па? Ойланайық. Өзімізді-өзіміз қор тұтатын заман өткен. Бағалай білсек, уақыт бізге қызмет істеуде. 1989 жылы бір ғана «мемлекеттік тіл» деген сөз үшін жан алып, жан берісіп алғашқы жеңісімізге бөркімізді аспанға атып қуансақ, бүгінде сол бір сөздің заңдық құқық беретін шеңбері кеңейді. Ендеше, мемлекеттік тілді еркін



игергендердің билік тұтқаларын ұстайтын күні де алыс емес деп топшылаймыз. Бұл ұлттық қысастыққа, басқаларды шетке ысыруға жол бермей ме дерсіз? Жоқ, олай емес. Мәселен, Иранда парсылардан гөрі басқа ұлттардың саны басым. Соған қарамастан мемлекеттік тіл парсы тілі болғандықтан бәрі де мемлекеттік тілде сөйлейді, іскерлік, қарым-қатынастарды парсы тілінің негізінде жүргізеді. «Құда да, құдағи да тыныш». Сайып келгенде, тіл билігі дегеніміз елдіктің іргесін бекіту, ұлт көсегесін көгерту, барлық қазақстандықтардың ынтымақ бірлігін нығайту ғой. Демек, мансабын ел мүддесінен, заңнан жоғары қоятындарға жол берілмеуі керек. Тілді тәлкекке айналдыратындармен ендігі жерде мәселе басқаша қойылып, қолымыз солардың жағасында кетер болсын! Халықтық ызғар керек бізге. «Іштен шыққан жау жаман» демекші, екіжүзділерге кешіріммен қарасақ, ертеңгі күні бармақ тістейміз.

тамыз, 1997 жыл

Әр мекемеде мемлекеттік тілге аударатын қызметкерлердің болуы шарасыздықтан туған әрекет. Мына сандарға көз салайық. Аударма бөлімінің қызметкерлері 2003 жылғы 9 ай ішінде Әділет Министрлігінің орталық аппараты бойынша көлемі 4500-ден аса құжат мәтінін аударып, 2740 парақты қамтитын 226 құжат мәтінін редакциялады. Бұл шошытатын цифрлар, оған мақтануға болмайды. Себебі бұл сандар министрліктегі жұмыстың басым көпшілігі орыс тілінде жүргізілетіндігін айғақтайды. Мемлекеттік тілде құжаттар жеткілікті мөлшерде әзірленбейді, содан да күштің бәрі аудармашыға жүктеледі. Ал, аударма мемлекеттік тілді өркендетпейді де, өрістетпейді. Біз бұл мәселені үнемі айтып келеміз.

19 қараша, 2003 жыл

Қазір мыңнан аса заңымыз бар, бір жылда жиырма мыңнан аса заң актілері шығады. Одан басқа облыстарда шығып жатқан шала қазақша жазылған шешімдер бар. Осылардың барлығын бір жүйеге келтіріп, сараптамадан өткізетін Үкімет жанынан орган құрылмаса болмайды. Әділет министрлігінде заңдарды әзірлейтін институтымыз бар, оның өзінде де қазақша білетін адам аз. Олардың жазғандарын біз үстінен қарап береміз. Жібi түзу бiр сөйлем құрап әкелмейдi. Мiнеки, осы мәселелердiң барлығын шешу керек. Тiл туралы заңдағы 23-баптың 3-тармағы әлi шешiлген жоқ. Оның тiзiмiн жазау тапсырылған. Әлеуметтік қорғау министрі, Қарағұсова қарындасымыз өткенде қазақшалап сөйледі. Жақсы мақал айтты. «Тілін білген халық – халық, тілін білмеген халық - балық» деді. Халқымыз балыққа айналмас үшін Сенат та, Мәжіліс те осыған араласуы керек пе деп ойлаймын.

27 ақпан, 2004 жыл



Тоқсаныншы жылдардың басында бір топ латыш және эстон зиялыларымен әңгімелескенім бар. Сонда олар соғыстан кейін елдеріне жосықсыз қаптап кеткен келімсектердің ұлттық тілі мен дәстүріне үлкен қауіп төндіріп отырғанын, халық ретінде жойылып кетпеу үшін қатал заңдар қабылдап, күрестің кез келген түріне баратындықтарын айтқан еді.

«Ауру адамның өмірін сақтау үшін, оның жаны қиналса да кеселді мүшесін кесіп тастау немесе аурудың зәрін қайтаратын күшті дәрі қолдану керек. Уды қайыратын – усойқы бар. Біз өз жерімізде азшылыққа айналып барамыз, құрып кетпеу үшін бұдан әрі басқалардың қас-қабағына қарау мүмкін емес», – деген еді. Сөйтіп, олар өз тілдерін қорғайтын тіл инспекцияларын құрып, аз жылдардың ішінде латыш, эстон, литва тілдерінің бұрынғы мәртебесін қалпына келтірді.

тамыз, 2005 жыл

Тілді шенеунік те, ғалым да жасамайды. Тілді халық жасайды әрі сақтайды. Халық бар жерде тіл болады. Біқылым заманнан бері қазақ тілінің бар шұрайы, інжу-маржанымен сақталып келуі – осы халықтың арқасы. Біздің сорымыз – осындай небір «тар жол тайғақ кешуден» аман өткен тіліміздің қадірін кетіруімізде. Енжарлық пен сүйектен өткен орысшылдық дертінің кесірінен тіліміздің мемлекеттік тілге лайық мәртебесін, саяси тәуелсіздігін алмауы. Мен үнемі орыс тілінің бодандығынан қазақ тілін азат ету туралы мәселе көтеріп келемін. Өкінішке орай, әлі күнге дейін біз тіл бодандығынан құтылған жоқпыз. Бұл – өмірлік мәні бар іске тіл жөнінде мемлекеттік қатал саясаттың жоқтығы зиянын тигізуде. Неліктен Балтық жағалауы елдері тілге айрықша мән беріп отыр. Өйткені, тіл тәуелсіздігінсіз – елдің тәуелсіздігіне қол жеткізу құр әурешілік. Елді біріктіретін – тіл. Қазақ талай аласапыранды жағдайларда бірлігінен айырылмаған ел. Осы бірлік біздің тіліміздің арқасы. Тіл құдіреті дінді де, ділді де өз уысында ұстай алады. Сондықтан тіл тәуелсіздігі керек. Бұл пікірге қарсы болушылар да аз емес. Өйткені, қазақ тілінің өркендеуі – ісіп-кеуіп жүрген көптеген шала қазақтардың қадамын тұсайды, өрісін тарылтады. Солардың белсенділігінен бізде Тіл туралы заңдық талаптар орындалмай келеді. Ал құқық бұзушылықтың кез келген түріне айыпты адамның қолына бірден бұғау салынса, тіл сияқты рухани құндылығымызға зиян шектірген адамдарға еш шара қолданылмайды. Билік оған зәру емес.

қазан, 2009 жыл

Ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов: «Мен қазақтың қазақ болғанына жетерлік ештеңе бар деп ойламаймын» – дейді. Бұл сөз Ататүріктің «Түрік болу қандай бақыт!» дейтін ұранымен үндесіп жатыр. Туған халқын жан-тәнімен сүйген әр



азаматтың көкейінде осындай сезім болуға тиіс. Ал халқын пайдасы тисе ғана есіне алатын, қара басының қамын ұлттық мақсаттан жоғары қоятын, аз күндік мәнсап пен байлыққа бола сатылуға, сатуға әзір тұратын міскін адамдардан не күтуге болады?! Олар қазақты сүймейтін өгей тұқым ғой. Ендеше ел «өгейдің өті күйсін» деп тегін айтпаған.

Иә, сонымен қазақ болу деген не? Неге Қадыр Мырзалиев: «Қазақтығым – қасиетім» дейді?

Қазақтық – қазақтың ешкімге ұқсамайтын бітімі, физиологиялық әрі генетикалық ерекшелігі, ойлау жүйесі, сөйлейтін тілі, өмір сүру салты, мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы, т.б. Тіпті, сүйіспеншілігі де ешкімге ұқсамайды – қазақша. Оған «Абай жолын» оқысаңыз көзіңіз жетеді. Осы айталғандардың бәрі қасиетті, бірақ ең қадірлісі – тілі. Тіл ұлттың өсіп-өнетін, өркендейтін ортасын, өмір сүріп отырған шынайы (реалды) әлемін қалыптастырады және одан әрі дамытады. Тіл өлсе халық та өледі. Сондықтан М.Мағауин айтқандай, «Қазақ қазақтығын сақтаса ғана бар мұратқа жетеді».

Жаһандану дәуіріндегі селдей қаптаған түрлі ағымдар мен жат дәстүрлерден бізді сақтайтын да осы – қазақтығымыз (қазақшылық емес) болса керек.

қараша, 2016 жыл

Әлемдегі тілдердің саны туралы мәліметтер әрқилы. ЮНЕСКО-ның осыдан он екі жыл бұрынғы есебі бойынша жер бетінде 6809 тіл болған. Ал АҚШ Конгресінің кітапханасы 7048 тіл бар дейді. Әлемде 6000, 6700, 8000-нан аса тіл бар деген деректерді де кездестірдім. Осылардың ішінде тек 100 тілдің ғана мемлекеттік дәрежесі бар. Тіл санының бұлай құбылуы неліктен?

Біріншіден, бұл жеке тіл мен оның диалектілерін шатастырудан туса керек. Үндістанда 1600 түбірі бір туыстас тілдер бар. Осылардың көпшілігі диалектілер. Ал Қытайдың оңтүстігі мен солтүстігінің тіл айырмашылығы айрықша. Екі өңірдің қытайы ауызша сөйлескенде бір-бірін түсінбейді. Оларды біріктіретін әдеби тіл, яғни иероглиф таңбалары. Ұзын саны 240 миллион, ондаған мемлекетке бөлініп, шашырап жатқан арабтардың басын құрайтын әдеби тіл – Құран тілі. Әйтпесе, араб тілінің диалектілері де жеткілікті. Сондықтан негізгі тіл мен диалектілерді (айырмашылығы жер мен көктей болса да) айыра білу керек.

Екіншіден, саны аз халықтар тілінің жылдам қарқынмен жойыла бастауы. Бұл – бүкіл әлемдік сипат алған жағымсыз құбылыс. Мысалы, Қап тауының әр сайын мекендеген халықтардың өз тілі бар. Сібір ормандарында тұрған жұрт та ондаған тілде сөйлеген. Бірақ осылардың көпшілігі өз тілдерінен айрыла бастады. Бұндай кесел негізінен отарлау саясатынан туындаған. Португалия Бразилияны жаулап алған төрт жарым ғасырда 540 тіл жойылыпты. Бұл



жер бетінен осыншама өркениет құрыды деген сөз. Отарлау саясаты Ресейге бағынған халықтардың тіліне де шексіз зиян тигізді. Ондаған тіл жойылып, одан да көбінің қолдану әлеуеті әлсіреді.

Қазір тілдік агрессия күшейіп тұр. Ағылшын, қытай, француз, орыс т.б. тілдері мемлекеттерінің күш-қуатына сай аз ұлттардың тілін жұта бастады. ЮНЕСКО-ның мәліметіне қарасақ дүние жүзіндегі тілдердің 90 пайызы үстіміздегі бір ғасырда жойылып кетуі мүмкін деген болжам бар. Бұл жаһандану үрдісімен тікелей байланысты. Сондықтан қазірден бастап етек-жеңін жинай бастаған француз, орыс, түрік тілді халықтардың тәжірибесін зерттеумен қоса, мемлекет өз тілін сақтаудың шараларын батыл қолға алуы керек. Бұл ретте жас ұрпақты үш тілде оқыту саясаты – онсыз да қолдану әлеуеті әлсіреп тұрған қазақ тілінің басына қауіп төндіреді. Көптеген өркениетті елдердегідей мемлекеттік оқу орындарының бәрі (жоғарғы, орта, бастауыш) тек мемлекеттік тілде білім беруге тиіс. Қазақ тілінің өрістеуі үшін батыл саяси шешім жасалмай, қазіргі тіл заңы мен оның бос сөзді бағдарламасы ұшпаққа шығармайды. Ол саяси шешім – Қазақстан қазақтардың мемлекеті екенін батыл айтып, қазақ ұлтының мүддесін қорғау бәрінен де жоғары тұруы тиіс. Жалпақшешейлік дәуір бітті. Ұлт мүддесі үшін серпіліс жасамасақ орыс тілінің агрессиясынан құтыла алмаймыз.

қарааша, 2016 жыл

Ұрпақ тәрбиесі. Бұл – берісі әр ата-ананы толғандыратын, әрісі мемлекетті де бей-жай қалдырмайтын мәселе. Тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде Білім министрлігі ондаған реформалардың құлағын қылтитып, біздің ұрпағымызға тәжірибе жасап көрді, бірақ нәтиже шықпады. «Жібекті түте алмаған жүн етеді» деген сол. Шала туған түсік сияқты ол «реформалар» жаңа министр тағайындалған күні туып министр орнынан түскен күні өліп жатты. Үкімет «неге бұлай?» деп бас қатырған емес. Әлі солай. Халықтың бойкүйездігі мен көнбістігіне сенсе керек.

Қазір министрлік «үштілділік» реформасына кірісіп кетті. Бұл жолғы екпін тіпті қатты. Әлі буыны қатып, қалыптаспаған, өзінің ана тілін де игеріп болмаған жеті жасар баланың мойнына «үштілділік» қамытын кигізіп, өмірге қажетті математика, физика, химия т.б. пәндерді ағылшын тілінде оқытуды қолға алды. Мақсат не? Тезірек өркениетті елдердің қатарына қосылу, бүкіл қазақ жақын арада үш тілде сайрап тұру. «Япыр-ай?» дейсің. Мемлекеттік тіліміздің өзі көктемгі көтерем малдай әлжуаз күйде тұрғанда, ұрпағымыз өз қағынан өзі жеріп жатқанда, оны тастай салып елімізде әбден өктемдігі өткен орыс тілі мен әлемде «жендет» аталған ағылшын тіліне күш бергеніміз қалай? Жоқ, біз тіл білуге қарсы емеспіз. Бірақ оны үйретудегі министрліктің



тәсіліне келісу қиын. Ешбір өркениетті ел өзінің мемлекеттік тілін ысырып қойып басқаға жол бермейді. Еуропа халықтарының ағылшын тілінің жойқын басқыншылығына қарсы әрекеттері соның дәлелі емес пе? Біздің жағдайда бұл реформа «екі түйе сүйкесе ортасында шыбын өледінің» кейпін танытады. Ұлы Абай айтқандай, «Бір-ақ секіріп шығам деп,

Бір-ақ қарғып түсем деп,

Мертігеді, жатады», - деген мінездің бүгінгі көрінісі осы. Әйтпесе, бір келіп кеткен қонақ, италиялық кәсіпкер Реналью Гаспириннің «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Ол – қазақтар», - деген әділ сөзін еске алып, неге намыстанбаймыз. Неге алдымен өзімізді жарылқап, содан кейін біртіндеп басқа тілді білуге ұмтылмаймыз?

Ана тілін жетік білу – басқа тілді үйренуге жол ашады. Менің үш немерем бар. Үшеуі де Алматы мен Астанада туған, осындағы қазақ мектептерін бітірді. Бала тәрбиесінің білгірі емеспін, бірақ ұрпағымның намысшыл, елін, жерін, тілін, дәстүрін сүйетін таза қазақ болып өсуін қалап, үнемі құлақтарына құюмен болдым. «Қазақ жаманы орыс бола алмай тыраштанады» деген мақалды олар көп естіді. Бұл ұлтшылдық емес. Қала жағдайында орыс тілі мен дәстүрінің өктемдігінен қорғану еді. Олар орыс тілін көшеде үйренді. Біз тек мәдениетті адамға лайық сауатты жазып, әдеби тілде сөйлеуін қадағаладық. Ал ағылшын тілін қазақ, орыс тілдерін білген соң мұғалім жалдап, бесінші сыныптан оқу бітіргенше үйренуіне жағдай жасадық. Қазір, құдайға шүкір, олар Білім министрлігінің стандартына сай, үлкені бес тілді: қазақ, қытай, орыс, ағылшын, түрік тілдерін; қалған екеуі – қазақ, ағылшын, орыс тілдерін еркін біледі. Ең бастысы – қазақ жанды, қазақ тілді азамат болып өсті. Бұны мақтан үшін айтып отырғаным жоқ. Бұндай жастар аз емес. Тек Білім министрлігінің асыра сілтеген «реформасынан» сақтық үшін жаздым. Халқымыздың болашағы зор. Ұрпағымыз қазақ болып өссе, басты табысымыз да, жеңісіміз де сол болмақ.

қараша, 2016 жыл

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына да келіп жеттік. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған алғашқы «Тіл Заңының» (1989 ж) шыққанына да ширек ғасырдан асып кетті. Айта берсек, тілдің мұңы қазір де аз емес. Бірақ жақсылықты, жетістікті көрмей, тек «гөй-гөйге» баса беру де ұшпаққа шығармайды.

Осы жылдар аралығында тілге байланысты екі рет Заң шықты. Төрт бағдарлама қабылданып, іске қосылды. Ата Заңымызда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекіді. Елімізде қазақ тілінде оқитын оқушылардың саны 70 пайызға жуықтаса, биыл 1-сыныпқа баратын балалардың 89 пайызы қазақ мектебін



таңдапты. Бұл мемлекеттік тілдің беделі артып, қажеттілігін халық түсіне бастады деген сөз.

Ал екі ірі қаламыз – Алматыда биыл – 65, Астанада – 40 қазақ мектебінің есігі оқушыларға айқара ашылды. Осыдан 25-30 жыл бұрын бұл қалаларда қазақша бір мектеп ашудың өзі қиямет-қайым іс екенін ескерсек, тәуелсіздіктің ұлы құдіретін түсінеміз.

Мектеп оқулықтары, түрлі методикалық құралдар, тілді үйрету үшін жаңа ақпараттық технологияны енгізу ісі жолға қойылып келеді. Таяуда Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті "Tilalemi" порталы және "Atau.kz", "Termincom.kz", "Emle.kz" сайттарын іске қосты. Бұл істің пайдасы, тигізер көмегі орасан.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында, 1996 жылдың 2-сәуірінде қазақ азаматтарының өз ата-тегін ұлттық талапқа сай жазуы туралы Президент Жарлығы шықты. Бұл отаршы елдің аты-жөнімізге дейін үстемдік құрып өз ыңғайында таңбалаған әрекетін тоқтатқан құжат еді. Егер кей азаматтар осы күнге дейін аты-жөнін Заңға сәйкес түзей алмай жүрсе, ол өздерінің енжарлығы екенін айту ләзім.

Қазақтардың сан жағынан өсуі – мемлекеттік тілдің бағын ашады. Биылғы жылғы есеп бойынша еліміздегі қазақтар 66,4 пайызға жетті. Тек Қостанай мен Солтүстік Қазақстанда ғана жергілікті ұлттың үлесі елу пайыздан кем. Бірақ ішкі миграцияны реттейтін оңтүстік қазақтарын солтүстіктің бос қалған аудандарына көшіру саясаты игілікті істің бірі. Бұл көші-қон сәтті жүрсе, солтүстікте мемлекеттік тілдің өрісі кеңейе түспек.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы қазақ тілінің әлемдік аренаға шығуына жол ашады. Жер көлемі кең, қазба байлығы мол, бейбітшіл халқы бар бұл мемлекеттің болашағы зор екенін көптеген елдер мойындап, оның тілін білуге ден қоя бастады. Қазір АҚШ, Германия, Жапония, Түркия, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, т.б. елдерде қазақ тілін үйрететін түрлі топтар бар. Олар қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттейді әрі Қазақстанда өздерінің бизнесін ашқысы келетін адамдарға да үйретеді. Бұл үрдіс жыл өткен сайын кеңіп, дами бермек.

қараша, 2016 жыл



ҚАСИЕТ МОЛҒАЖДАРОВ

*Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛІПБИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЖАЗУЫ

Егеменді ел болғаннан бері өр Алтай мен қарт Каспийдің аралығын мекен еткен ұлы бабаларымыздың қолданған жазулары жайлы саяси да ғылыми негіздерде көпшілік зиялы қауымға паш етілуде. Әрбір өркениетті елдердің мақтан ететін жазба әдеби мұралары тәрізді Қазақ халқының да айтарлықтай әдеби жазба мұралары жеткілікті. Атажұрт топырағында тамырын тереңге жайған шырмалаң жазуымыздың тарихы әлі де болса күрмеулі және күрделі екендігін осындайда айта кеткен жөн. Қазақ жазуының түпкі негізі, қайнар көзі архидеректемелер мен этногенез тұрғысынан алғанда қола дәуірінен, одан кейінгі кезеңдегі сак, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алатындығы ғылыми жиылыстарда аз айтылып жүрген жоқ. Сонымен қатар әліпби жүйесінде ең алғаш көне түркі дәуірінде ұйысқан ортақ жазу қалыптастырып, одан кейінгі кезеңдерде де қандай қиыншылықтарға қарамастан әртүрлі әліпбилерді меңгеріп, ұлтымыздың мәдени қазына қорын толықтырып, мәңгілік ел, дана да өз, қайсар халық екендігімізді әлемге сан мәрте дәлелдеп, бүгінгі күнге дейін бабалардан қалған жазба мұраларымызды қастерлеп дәріптеумен келеміз.

Жалпы қоғамда тұрмыс қажеттілігі алуан түрлі болып келеді. Ол уақыт пен кеңістікке, алыс-жақындыққа қарамай-ақ адамдар арасындағы тілдесуді, қарым-қатынас жасауды қажет етеді. Алыстағы адамдармен хабарласу, кейінгі ұрпаққа аса маңызды жайларды жеткізу, өсиет айту, жыр үлгілерін ұрпаққа жеткізу т.б. осы сияқты қажеттіліктер жазудың шығуына себеп болғаны белгілі. Жазу дегеніміз – адамның ой-пікірін, сөзін қашыққа және ұзақ замандарға жеткізетін материалдардың сызба таңбалар жүйесі. Ол адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай-ақ, өмірдің барлық саласында бір-бірімен емін-еркін тілдесуіне мүмкіндік беретіндігі және адам баласының ұлы табыстарының бірі екендігі ғылымда айтылған.

Коммунистік идеологияның дәуірлеп тұрған шағында орыс тілші ғалымдары



Кеңес үкіметі халықтарын жазуы ертеден бар халықтар (старописьменные народы), жазуы кеш пайда болған халықтар (младописьменные народы) және жазусыз халықтар (безписьменные народы) деп 3 топқа бөліп, бізді әуелі жазусыз халықтар тобына жатқызды. Кейінірек, мұның тым өрескел қиянат екенін аңғарып, жазуы кеш пайда болған халықтар қатарына қосты. Бірақ бұл да теріс пікір еді. Біз жазуы ертеден бар халықтар қатарында екенімізді жақсы білеміз. Ата-бабаларымыз бергі замандағы араб, одан әрідегі көне түркі жазуын айтпағанда, жазудың ең қарапайым түрі пиктографиялық жазуын да, сондай-ақ идеографиялық жазуын да пайдаланған. Оның айғағы – қазақ жерінің әр қиырындағы жартастарға қашалған, балбалдар мен зират басындағы тастарға бедерленген жазу түрлері. Жазудың бұл түрі Орталық Азия, Қазақстан жерінде ұзақ сақталып, оның символдық нұсқалары келе-келе көне түркі және қазақтың ен-таңбаларына да айналған. “Қазақтың ру-таңбалары мен ен-таңбаларын идеограмма (идеографиялық жазу нұсқасы) деп түсінсек, мұндағы заттың, бейне мен ұғымның, таңба мен оның аталуы арасында байланыс бар екендігін аңғару қиын емес” [1].

Тілші ғалым Жағыппар Мұсаұлы жалпы жазуға қатысты біршама ой-пікірін білдірген болатын. Ол жазудың бүгінгі мен өткеніне былай деп баға берген: «Біз бүгінде жүз, мыңдаған жыл бұрын жазылған мұраларды оқып мағлұмат ала аламыз. Мәселен, осыдан шамамен 2500 жыл бұрын қалыптасқан руника жазуымен (мүмкін одан әрі) жазылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк т.б. ескерткіштерін де оқи аламыз. Тіпті ғалымдар 5-6 мың жыл бұрын жазылған ежелгі Шумер, көне Мысыр заманынан қалған жазбаларды да зерттеп оқып, халық игілігіне айналдырғаны белгілі. Бұл жазудың кеңістік пен уақытқа тәуелсіз екендігін айғақтайды» дейді [2].

Қазір біз пайдаланып жүрген жазуды әріптік-дыбыстық жазу дейміз. Мұнда әр дыбыс жеке таңбаланып, қағазға, тасқа т.б. тегіс бетке жазылады. Бұл жақсы жетілген әрі ең оңай әдіс. Бірақ жазудың бұл түрі бірден пайда бола қойған жоқ.

Жазудың ең алғашқы нұсқалары өте ерте замандарда қалыптасқаны біздерге аян. Мыңдаған жылдар бойы жазу жүйелері дамып жетілумен қатар, оның принциптері де өзгеріп отырды. Жазу қатынас кұралы ретінде қолданылған суреттер мен шартты белгілерден бастау алады. Екінші сөзбен айтқанда, жазу жоқ кезде өз ойын басқаларға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланған. Мысалы, кеткен бағытын көрсету үшін жолға бұтақ тастаған, садақ оғын ағашқа бекітіп қойған немесе ағаш діңіне т.б. әртүрлі белгілер салған. Сөйтіп әр жерде мекен еткен ру-тайпа жазудың алғашқы түпкі негіздерін өз түсінік танымдары бойынша қалыптастырып қолдана бастаған. Мұндай қарым-қатынас қазіргі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Мысалы: ертеде үндістер соғысатынын хабарлау үшін жау жаққа айбалта (томогавк) жіберіп, оны олар қолына алса, соғысуға дайын екенін білдіргені. Ал екі жақтың өкілі бір түтікпен темекі тартса, татулық орнағаны. Сол сияқты славяндар татулық белгісі ретінде нан мен тұз ұсынатын болған. Қазір де



ақ ту көтеру – соғыс әрекетін тоқтату нышаны. Міне, осы сияқты нышан-белгілерді көптеп келтіруге болады. Әрбір ру- тайпа өзінің жеміс-жидектерін, балық аулайтын, мал бағатын жерлерін, территорияларын таңбамен белгілеп, кейінірек заңдық күші бар мөр таңбасына айналдырған. Адамдар аң аулайтын, мал бағатын жерлеріне аң аулау әдістерін, жабайы малдарды ұстау тәсілдерін таңба, суреттер арқылы белгілеген. Тәңірге табыну орындары да, табынатын тәңірлері мен пірлері де сипатталатын. Сөйтіп келе-келе таңбалардың қатары молайып, қолдану өрісі кеңейіп күрделене түскен. Жазу жүйесі, міне, осылардан бастау алады.

Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан тұрады. Ол таңбалар не тұтас хабарды, не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әрбір жазбаша таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Таңбалардың мағынасына қарай жазу *пиктографиялық (суретті), идеографиялық, буын (силлабикалық), дыбыстық не әріптік* жазу болып төрт түрге бөлінеді. Қазақ халқы осы 4 жазуды да қабылдап, жазу тарихына құнды да маңызды мәдени мұраларды қалдыра білген. Осының ішінде *дыбыстық не әріптік* жазу түріне жататын қазақ халқының да алғашқы әліпбиі болып саналатын көне түркі руника жазуына біршама тоқтала кетелік.

Көне түркілер өркениетінің V-IX-шы ғасырлардағы руникалық жазба мұралары жайлы алғашқы деректер XIII-ші ғасырдың II-ші жартысында хатқа түскенімен, оның құпиясы ғылым әлемінде XIX-шы ғасырдың аяғына қарай жарияланды. Бұл жазба ескерткіштер – өзіне дейінгі және өзінен кейінгі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын, тілі мен әдебиетін, тұрмыс-тіршілігі мен өмірін, әдет-ғұрпы мен салт- дәстүрін баян ететін асыл қазына және қазіргі түркі тілдеріне ортақ тілдік материал ретінде ең құнды дереккөз болып саналады. Рунолог ғалым А.С.Аманжоловтың көне түркі руника жазуының алғаш қолданылуын жоғарыда берілгеннен «мың жыл бұрын» артқа шегергені (А.Аманжолов, аталған еңбек), М. Жолдасбековтың Ертіс жағалауы мен Бұлғын аймағы және Есік қорғаннан табылған ескерткіштердегі руника әрпімен жазылған сөздердің «б.э.д. VIII–б.э.д. IV ғасырларында-ақ болғандығын дәлелдейді» дегені жазуымыздың тамыры тереңде жатқандығын аңғартады [3]. Ал, егер көне түркі әріптерінің, таңбаларының шығу тегі жайын ескерсек, онда жазуымыздың тамыры одан да бетер тереңге тартатыны сөзсіз.

Жазудың жазылу бағыты әр халықта, әр заманда әртүрлі болған. Мәселен, жапондар бір замандарда жоғарыдан төмен қарай және оңнан солға қарай да, солдан оңға қарай да жазып оқитын болса, қазір солдан оңға қарай жазылады. Көне гректер оңнан солға қарай және солдан оңға қарай жазатын болған. Біздің ата-бабаларымыз, көне түркі-қазақтар оңнан солға қарай жазған. Арабтар күні бүгінге дейін оңнан солға қарай жазып келеді. Қазіргі кезде түркі тілдері солдан оңға қарай жазылады. Сонымен қатар жазудың дамуы екі бағытта жүрген екен: 1) сөздің грамматикалық тұлғасын сақтап



жазу; 2) сөздің дыбыстық құрамын сақтап жазу. Әлем халықтарының басымы көпшілігінің жазуы дамудың 2-ші жолымен өрістеді. Бұл жазудың негізі - фонематикалық фонография. Мұнда тіл дыбыстары таңбаланады. Сөз мағынасын ажыратуда дыбыстар әуенінің маңызы ерекше, яғни сөз мағынасын анықтауда фонеманың мәні зор. Сондықтан жақсы жетілген жазу жүйесінде фонематикалық принцип сақталуы керек.

Дыбыстық не әріптік жазудың ең бастысы дауыссыздар мен дауысты дыбыстарды да таңбалайтын болды. Бұған себеп – араб тілінде сөз негізі тек дауыссыз дыбыстардан ғана тұрады. Ал грек тілінде олай емес, дауысты дыбыстардың таңбалануы грек тілінің ерекшелігінен туған еді. Сондықтан бұл жазу дыбыстық-әріптік жазу деп аталатын болды. Әріптік жазу буын жазуынан кейін пайда болып, таза күйінде алдымен консонатты дыбыстық жазу II мың жылдықтың II жартысында пайда болған да, кейін вокалданған дыбыстық жазу дәуіріміздің I мың жылдығының басында біздің дәуірімізге дейін пайда болған. Әріп жазуы дүние жүзі мәдениетінің дамуына әсерін тигізді. Бұл ең қолайлы жазу болды. Бұл жазу үшін 20 мен 40-қа дейінгі таңба саны жеткілікті болды, ал буын жазуында таңба саны 40-тан 200-ге дейін жеткен.

Көне түркі жазуы атанған жазуды ғалымдардың біразы фин-угор халықтарының жазуы, солардан қалған мұра деп тұжырымдады. Енді бір тобы кейбір таңбаларының сыртқы ұқсастығына қарап, бұл жазуды Герман халықтарының ескерткіші деп дәлелдеуге тырысты. Мәселен, Г. Байер руна жазуын кельт жазуы деп, Тихзен – гот жазуы, Ремюзе – үйсін, индогот, скандинавия елдерінің жазуы деп, Клопорт – грек жазуы деп, славян жазуы деп Г.Спасский – фин жазуы деп, Ж.Аспелин, ал Г.Ксенофонов якут жазуы деп жорамалдаған сан алуан пікірлер болғаны шындық. Бұл “құпия” жазудың ең алғаш сырын 1893-жылдың 15 желтоқсан айында ашқан адам – Дания ғалымы Вильгельм Томсен екенін білеміз. Құпия жазу таңбаларының дыбыстық мағыналарын анықтап, жазудың оңнан солға қарай оқылатынын және Түркі тілінің мұрасы екенін дәлелдеді. Көп ұзамай-ақ, анығырақ айтсақ, 1894 жылдың қаңтарында атақты түріктанушы акад. В.В.Радлов көне түркі тілінде жазылған Күлтегін ескерткішінің тұңғыш аудармасын жасады. Сөйтіп құпия жазудың сыры көпшілікке мәлім болды. Бүгінде көне түркі жазба ескерткіштерін жинап зерттеу, оқу тәрізді жұмыстары – кең көлемде құлаш жайғандығы белгілі.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің кең тараған жерлері – Монғолияда Орхон, Сібірде Енисей өзендері бойы, Қазақстан мен Қырғызстан далалары мен тау шатқалдары, Талас, Сырдария, Ертіс өңірі, Алтай аймағы. Бүгінде көне жазба нұсқалар алғаш табылған жер атына байланысты Енисей жазба ескерткіштері, Орхон жазба ескерткіштері, Талас жазба ескерткіштері деп топтастырылып қалыптасты. Қалай дегенмен де бұлар көне түркі жазба ескерткіштері болып табылады. Сонау көне заманда түркі тайпалары, атап айтқанда Керей, Найман,



Қоңырат, Қият, Жалайыр, Меркіт, Үңгіт (уақ) т.б. тайпалар Орхон, Селеңгі, Енисей өзені аңғарларын жайлағаны тарихтан белгілі. Міне, сол кезде V-VIII ғасырларда сөз болып отырған жазуды түркі-қазақ тайпалары кең пайдаланған.

Аталмыш жазба нұсқалардың басым көпшілігі тасқа қашалған, біразы металл, күйдірген саз балшықтан жасалған заттарға, кейбіреулері ағаш, тері немесе сүйектен істелген бұйымдарға жазылған. Соған қарап, кейбір зерттеушілер көпке дейін көне түркі жазуын қатты заттарға қашап, ойып жазуға бейімделген, қағазға жазуға лайықталмаған деген пікірді ұстанып келді. Алайда, бұл пікірдің жансақ екені анықталды: 1906 жылы А.Стейн экспедициясы Шығыс Түркістандағы бір үңгірден көлемі бірнеше беттік кітап тапқан. Бұл шағын кітапша «Ырық битиг» деп аталады. Көне түркі жазуымен қағаз бетіне жазылған басқа ұсақ жазба мұралар біршама кездеседі. Демек көне түркі жазуы қағазға түсіруге де тым қолайлы жазу болған. Бабаларымыз өзінің төл жазуымен кітап та жазған, озық үлгілі өзіндік мәдениеті бар мемлекет те құрған. Ендеше қазақ халқының әліпби жүйесіндегі алғашқы жазуы елімізге қай жағынан болмасын өте маңызды және аса құнды болып келеді. Сонымен қатар өзіне дейінгі жазулармен тарихи тұрғыдан ұштасып, өзінен кейінгі жазу түрлеріне негіз бола алған.

Сонымен қазақ халқы бір басынан бірнеше жазу түрлерін өткерген. Мысалы, *көне түркі руника жазуы* мен *көне ұйғыр жазуын* былай қойғанда, ислам діні арқылы орныққан *араб жазуы* 1924 жылға дейін, А.Байтұрсыновтың араб емлесіндегі *«Төте жазуы»* 1929 жылға дейін, 1940 жылға дейін *латын жазуы* болса, 1940 жылдан бүгінгі күнге дейін *кириллицамен* жазып келеміз. Мұндай өте қысқа да мүмкін емес мерзімде, яғни 16 жыл ішінде үш рет жазуымыздың өзгертілгені бізге сабақ болу керек. Осыған қатысты Елбасы бір сөзінде «саяси күшпен, еріксіз қабылданған жазуға» қарсы екендігін айта кеткен болатын. Ал енді осыны екінші бір қырынан байқап көрсек, ол – дүние жүзінде тап осындай күрделі жазу тарихы бар, 16 жыл ішінде 3 рет жазуы өзгертіліп, соны мойымай көтере де меңгере білген ұлы қазақ халқымен тең келер ешбір ел жоқ екенін мақтанышпен айтуымызға да болады. Егер түркі халықтарының жазуына арналған «Түркі полиграфиясы» жазылған күнде, соның ішінде ең күрделісі де маңыздысы болып қазақ жазу тарихы орын алатындығына еш күмәнім жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.С. Аманжолов. Көне жазуларымызға көз тіксек. Қазақ тарихы. – Алматы: 1993, №1. 20б.
2. Ж. Мұсаұлы, Қ. Какенұлы. Қазақ жазуының тарихы. Оқу құралы. – Көкшетау- 2003ж. 140б.
3. О.Н. Нүсіпова Көне түркі жазба мұралар тарихы. – Алматы, 2004. -176 б.



Баянды Оспанова

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бас

ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының кандидаты

АЛТАЙ ӘДЕБИ ТІЛІ

Алтай халқы Алтай Республикасында тұрады. Олар Ресей Федерациясының құрамындағы ұлттық-мемлекеттік құрылымға жатады. Түркі тілдері, оның ішінде қыпшақ тобындағы қыпшақ-қырғызға жататын тіл. Алтай тілі мен қырғыз тілі шығыс қырғыз-қыпшақ тілдерінің бір тобын құрап, жалпы қасиеттерінде қырғыз тіліне өте ұқсас болып келеді [1;217].

Алтай Республикасы Қазақстан, Қытай, Моңғолия жерімен, сондай-ақ Ресей Федерациясының Тыва, Хакасия республикаларымен, Кемерово облысымен, Алтай өлкесімен шектеседі. Астанасы – Таулы Алтай (Горно-Алтайск) қаласы. Халық санағының мәліметтеріне сүйенсек халқы – 206168 мың адам (2010 жылы) оның ішінде 97 454 ер адамдар болса, 108 714 әйел адамдарды құраған [2].

Кеңестік кезеңде 1989 жылғы санақ бойынша 69 000 мың халық болса, соның 59 000 мыңы алтайлықтар болған. Ал 2002 жылғы санақ бойынша 67 239 алтайлық болған. Соның 53 мыңы алтай тілін жетік меңгерген. Кеңестік кезеңдегі мәліметтерге сүйенсек, ресми тілі – орыс және алтай тілдері қолданылған. Жергілікті халқы алтайлықтар, барлық тұрғындардың 31%-ын (62 мыңнан астам адам) құрайды; қалған халықтың 62%-ын орыстар, қазақтар – 5%, украиндар – 1%, немістер 0,4%.

Алтай тілі 1948 жылға дейін ойрат тілі деп аталған. Ол тіл негізінен Ресейдің Алтай Республикасында тұратын алтай халқының ұлттық, әдеби тілі. Алтай тілі оңтүстік (алтай, төлеңгіт, телеуіт) және солтүстік (куманды, тува, чалкан) диалектілеріне бөлінеді. Әдеби тілінің қалыптасуында оңтүстік диалектісінің (аптай кижі) үлесі басымырақ болған.

Алтай халқы 1928-1938 жылы латын әліпбиімен қолданды, ал 1938 жылдан бері орыс графикасына негізделген жазуды пайдаланады. Алтай тілін қырғыз бен қазақ тілінің моңғол тілдік әсерге көп ұшыраған аралық нұсқасы деуге болады [3]. Осы пікірлерден біз алтай тілінің де хал-ахуалы сол кездегі түркі тектес халықтардың тілінің күйін кешкендігін байқаймыз.

Алайда, Алтай әдеби тілінің негізі 1922 жылы оңтүстік алтайлардың фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан қырғыз тіліне жақын диалектілерінің ауқымында жинақталған. Осы мәселе төңірегінде ғылымда әр



түрі пікірлер мен ғылыми тұжырымдар бар. Мысалы белгілі ғалым Н. Баскаковтың классификациясы бойынша «алтайский язык вместе с киргизским составляют киргизо-кыпчакскую группу восточнотюркской ветви тюркских языков» [4; 5]. Енді бірі «Ол қазіргі қырғыз тілімен бірге түрік тілдері шығыс бұтағының қырғыз-қыпшақ тобын құрайды» [4]. Сонымен қатар ғалымның топтастыруы бойынша, жалпы алтай тілі алты диалектіден тұрады деп көрсеткен. «Алтайский язык представлен шестью диалектами, которые делятся на две группы - южную и северную. К южной группе относятся алтайский (онгудайский), теленгитский, телеутский диалекты, к северной - тубинский, кумандинский, чалканский» [5; 67].

Жалпы, алтай тілінің оңтүстік тармағында алтай «алтай-кижи», төлеңгіт (төлеңгіт-теле, чуча говорларымен) және телеуіт деп аталатын үш диалект топтасқан. Алтайлар тілі мен тегі жағынан қазаққа жақын халықтың бірі. Ал, тарихта олардың өздерінше бір ізді атаулары жоқ. Өйткені, алтайлықтар құрамында деп саналған кейбір тайпалар өздерін әлі күнге дейін бөтен қауым өкілі деп біледі. Біздің ойымызша, бұған ең алдымен олардың тілдеріндегі ерекшеліктері себеп болса керек. Сонымен қатар Алтай халқының біртұтас ұлт ретінде толық қалыптасып болмағандығын байқатады. Академик Ә. Қайдар мен М. Оразовтың пікірінше, «Олар түркі тілдерінің шығыс хун тармағының қырғыз-қыпшақ тобына енеді. Тілдерінде монғол тілінен енген сөздердің саны мол» [6;341] деген пікірінен біз олардың монғол тіліне де жақындығын байқаймыз.

Алтай тілінде сөйлейтін Алтай халқының тарихына тоқталсақ, Алтай елді мекенін адамдар көне замандарда – төменгі және жоғарғы палеолит дәуірінен қоныстанған. Б.з.б. III ғасырдың соңы мен II ғасырдың басында Алтай тауларын түркі тайпаларының арғы атасы – ғұндар жайлап, жергілікті ұлыстардың көбісін өзіне бағындырды. Н.А.Аристов «Түркілердің бастапқы шығу тегі мен олардың ата жұрты туралы» деген мәселеде: «Түркілердің негізгі үлкен тайпалары алғашында Алтайды мекендеген. Алтайдағы жер-су аттары көне түркі халық аңыздарына енуі бұған дәлел бола алады. Ежелгі түркі мемлекеті ғұндар империясы болып есептеледі»[7], - дейді. К.Т.Лайпанов, И.М.Мизиев өз еңбектерінде мынандай мәлімет береді: «Время существования всех прародин, кроме Алтайской, отнесено к IV-III тысячелетиям до н.э.», [8, 22-27], С.Г.Кляшторный: «Алтайская прародина относилась якобы к VI-VIII вв. н.э.» [9, 416]. Б.з. IV – VII ғасырларында қазіргі алтайлықтар мен басқа да түркі халықтарының арғы тегі – көк түркілер осы аймақта тұрады, 552 жылы Алтай түркілері өз мемлекетін құрып, астанасын Орхон өзеніне көшіреді бұл жөнінде В.А. Могильников: «В это время Западно-Тюркский каганат достиг расцвета. Датоу укрепил свои позиции в Средней Азии и, пытаясь вновь объединить



обе части каганата, объявил себя каганом восточных тюрков. В конце VI в. западные тюрки захватили земли теле, но последовавшие затем восстания этих племен подорвали силы центральной власти. Только в 615-619 гг. племена теле и соседние с ними сеяньто были окончательно покорены западными тюрками» дей келе, «В результате последних в 581г. это государство распалось на два каганата, враждующих между собой: Восточный, где правил Шаболио, и Западный, во главе которого встал Тардуш-хан (Датоу). После разделения быстро ослабевший Восточно-Тюркский каганат потерпел поражение от китайской империи» [10;29-43]. Л.Н.Гумилев [11], С.Г.Кляшторный, Д.Г.Савинов [12], Ю.С.Худяков [13] еңбектерінде мынандай мәліметтер берілген: үлкен Хинганнан Кавказға дейінгі аралықта үстемдік жүргізген түркілердің солтүстік шекарасы Байкалға дейін созылып, Енесай (Енисей) мен Таулы Алтайды қамтыды, оңтүстік шекарасы Ұлы Қытай қорғанына, Тибет жеріне тірелді. 581 жылы қағанат екіге: Шығыс және Батыс қағандықтарға бөлінді. Қазіргі Алтай Республикасын қамтыған Шығыс Түрік қағандығы қытай шеріктерімен, араб сарбаздарымен, т.б. ұлыс - тайпалармен арадағы үздіксіз соғыстардың салдарынан VIII ғасырда күйреп тынады.

Одан көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер: балбалдар, жан-жануар кейпіндегі шекіме бұйымдар, әшекейлер, былғары киім жұрнақтары, алтын белдіктер, сондай - ак түркі әліпбиімен ойылған жазба мұрағаттары бізге сақталып жеткен. IX–XII ғасырлар аралығында бұл өңірде Енесей қырғыздары, қидандар, моңғолдар, т.б. кезек-кезек билік құрған. XIII ғасырдан бастап алтайлықтар Шыңғыс хан негізін қалаған түркі-моңғол ұлыстарының құрамына кірді. XVII–XVIII ғасырларда олардың негізгі бөлігі жоңғар хандығына бағынды. XVIII ғасырдың басында кейбір тайпалар орыс бодандығын қабылдай бастады. Бұл процесс 1755 – 57 жылы болған Қытай мен Жоңғарияның арасындағы жойқын соғыстан кейін күшейе түскен. Қырғыннан қашқан алтайлықтар Ресей өкіметіне бағынды. Бір бөлігі Қытайдың қол астында қалып қояды [13].

Жалпы, алтайлық сөзі Таулы Алтайдағы және ішінара Кузнецк Алатауындағы түркі тайпаларының жиынтық атауы. Солтүстік алтайлықтарға («қара татарларға») Бия өзенінің солтүстік жағалауы мен Телес көлінің солтүстік-батыс жағалауын мекендеген тобалар (тубалар), челкандар, лебединдер (Лебедь өзенінің аңғары) және құмандындар (Бия өзенінің орта ағысы) жатады. «Ақ қалмақтар», «алтайлықтар», «таулық», «биліктер», т.б. аталатын оңтүстік алтайлықтарға алтай кижалар, төленгіттер (теленгит), телестер мен телеуіттер жатады [14].

XIX ғасырда алтайлықтар Ресей империясының отарлық езгісінде болды. Шұрайлы жерлер тартып алынып, Ішкі Ресейден келген орыс шаруалары қоныстандырылды. Жерінен айрылған, зорлап шоқындырудан қашқан



жергілікті халық тауға қашты және тайганы паналады. 1918 – 22 жылдары аралығында Таулы Алтай жеріне Кеңес өкіметі орнады. 1922 жылы 1 маусымда РКФСР құрамында Ойрат автономиялық облыс құрылды. Ертедегі қазақтар оларды «құба қалмақтар», «білеуіт қалмақтар» деп таныған. Ал, терістіктегі тобына орыстар «қара татарлар» дейтін айдар таққан. Алтай халқы өзіне көпекөрінеу жапсырылған осынау жалған атаулардан Кеңес өкіметі жылдарында да оңай құтыла салған жоқ.

Құтылғаны былай тұрсын, тіпті 1922 жылы алтайлықтар тұрған мекен «Ойрат автономиялы облысы» деген ат алып, Ресей Федерациясының құрамына енді де, ондағы негізгі халыққа «ойрат», яки «қалмақ» деген мүлдем бөтен нәсілдің есімі жапсырылып, сол атау заң жүзінде бекітіріліп берілген. Әділеттілік 1948 жылы ғана қалпына келтірілді: бұл тайпалар бірлестігі «алтай» деген ортақ атты еншілеп, олар тұратын аймақ «Таулы Алтай автономиялы облысы» болып өзгертілді. Ол 1948 жылы 7 қаңтарда РКФСР-дың Алтай өлкесіндегі «Таулы Алтай автономиялық облысы» деп аталды [15]. Астанасы 1928 жылға дейін – Ұлала ауылы, кейін – Ойрат - Тура, 1948 жылдан бастап – Горно-Алтайск қаласы болды. 1990 жылы 25 қазанда Таулы Алтай халық депутаттарының облысы кеңесі Таулы Алтай АКСР-інің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады және ол Алтай өлкесінің құрамынан бөлініп шықты. 1993 жылы қазанда елдің жоғары заң шығарушы органы – Эл Құрұлтай (мемлекеттік жиналыс) мемлекеттік рәміздеменің қажетті атрибуттарын – жалау мен гербі қабылдап, республиканың қазіргі ресми атауын заң жүзінде бекіткен. Алтайлықтардың бай ауыз әдебиеті бар. Оны ертегішілер (қайчы) мен жыршылар (қожанчы) жаттап алып, ұрпақтан ұрпаққа таратып келді.

Ауыз әдебиеті нұсқалары XIX ғасырдың 2-жартысынан қағаз бетіне түсіріле бастады. Эпос үлгілерінің 7 томы – «Алтай батырлары» жарық көрді. XX ғасырдың бас кезінде М.В. Мундус-Эдоков «Келін» (1927 жылы), «Бұрын және қазір» (1928 жылы) аталатын алғашқы пьесалар жазды. Алтай тұрғындарының тағдыры, бастан өткерген тарихи кезеңдері П.А. Чагат-Строевтың «Дана батыр» (1926 жылы), «Қара Қорум» (1929 жылы) поэмаларында, П.В. Кучияковтың «Күрес» (1932 жылы) пьесасында, «Шайтан аңғары» (1945 жылы) повесінде, С.Сұразақовтың «Тау қожасы» (1962 жылы) жинағында, Л.Қоқышевтың «Арина» (1959 жылы) романында шынайы бейнеленген.

Алтайлықтар сан ғасырлар бойы киіз үйде тұрып келді. Дәстүрлі сән өнері – сырмақ басу, басқұр өру, алаша, кілем тоқу, тері илеп, зерлеу, кесте тігу кәсібі әлі ұмытылмаған. Алтайлықтар тілінде «Алтайдың чолмоны» («Алтай жұлдызы», 1922 жылдан) республикалық газет, т.б. басылымдар шығады. С.Пірназар пікірінше, «Алтай тілі, ішкі қайшылықтарының соншалықты молдығына қарамастан, Алтай Республикасындағы «алтай» деп аталатын халық туының



астына біріккен туыстас тайпалардың төл тілі болып саналады» [16]. Оның 1922 жылы негізі қаланған әдеби тілі оңтүстік алтайлардың фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан қырғыз тіліне жақын диалектілерінің ауқымында жинақталған. Белгілі ғалым Н. Баскаковтың классификациясы бойынша ол қазіргі қырғыз тілімен бірге түрік тілдері шығыс бұтағының қырғыз-қыпшақ тобын құрайды. Жалпы, алтай тілінің оңтүстік тармағында алтай «алтай-кижи», төлеңгіт (төлеңгіт-теле, чуя говорларымен) және телеуіт деп аталатын үш диалект топтасқан.

Ал солтүстік алтай тілінің әдеби тілден айтарлықтай айырмасы бар. Ол өзінің генеалогиялық ерекшелігіне орай түрік тілдері шығыс бұтағының ұйғыр-оғыз тобына, соның ішінде хакас шағын тобына жатады. Ғалымдар Алтай баурайындағы осы алтай, тыва, хакас, тофа, туфа, шор, шұлым, қарағас, бараба тілдерін кейде ортақ бір атаумен «алтай тілдері» деп те атайды.

Алтайдың жазба тілінің тарихы өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастау алады. Ол орыс графикасымен жасалды. Содан бері дамытылып, осы заманға жеткізілген қазіргі әліпбиінде 37 таңба бар. Олардың 33-і орыс фонемаларымен үндес келсе, 4 әріп тілдің спецификалық дыбыстарын білдіреді. Алтай әліпбиіндегі 26 дауыссыз дыбыс 23 таңбамен белгіленеді, ал 8 дауысты жалқы түрінде және қосарланып келулері арқылы 16-ға дейін жетеді.

Алтайдың түстік және теріскей беткейлерінде монголоид нәсілдес ең әдепкі тұрғындар б.з.д. V-IV ғасырларда пайда болған. Байқалдың арғы жағалауынан ауа көшіп жеткен олар осындағы еуропеид тектес аборигендермен қым-қиғаш араласып, өзіндік түр-сипаттарын ала келеді.

Саян мен Алтайдың солтүстік бетіндегі түрлі тайпалық-рулық құрылымдардың түріктенуі кейінгі Көк түріктер дәуірінде, Ұйғыр және Енисей қырғыздары қағанаттарының тұстарында (VII-IX ғ.ғ.) одан әрі жалғаса түсті. Белгілі түрколог-ғалым Лев Гумилев бүгінгі шорлардың, құмандылар мен кулардың (лебеді, чалкан) ата-бабалары сол кездері түріктеніп кеткен деп есептейді.

Алтай тайпаларының бұдан кейінгі тағдыры кейіннен «қара қытай» атанған қидан жұртының, ал XII ғасырдың соңында наймандардың уақытша үстемдік құруымен, билікке келеді.

Бұған дейін Хангай-Алтай тауларының арасында, ішінара Алтайдың етегінде тұрып келген наймандар қидандарды Саян-Алтай сауырынан қуып шығып, бірнеше тайпаның басын біріктіреді. Сол тұстары қатарына керейттер (керейлер) мен меркіттерді қосып алған Наймандар Орта Азияда сол кезде ең ірі мемлекеттік құрылым болады.

Бүкіл түркі жұрты үшін ең қасиетті қарашаңырақ, жер жиһанның ұжымағы саналатын өтүкен алабын енді наймандар жүз жылға жуық уақыт бойы емін-



еркін билеп-төстейді. Олардың иелігіндегі жердің көлемі терістігінде Ертістен басталып, түстігінде Шығыс Түркістанға дейінгі тұтас территорияны, яғни енді алты ғасырдан кейін «Жоңғария» атанатын ұланғайыр атырапты алып жатқан.

Тарихтан белгілі найман тайпасы шын мәнінде де өте бір қуатты мемлекеттің тізгінін ұстап тұрған. Бұдан кейін Шыңғыс хан бастаған моңғол-татар әскерлері ең бір шешуші шайқастарды тап осы найман тайпасымен өткізген. Бұдан кейін алтайлықтар орыстардың ығына жығылып, 1756 жылы осы империяның боданына айналды.

Қорыта айтқанда Алтай халқының қалыптасуы дәл осындай иірлі иректі жолдардан өткен. Оның бізбен қандық және туыстық жақындығы мол екендігін халқының құрамында қазақта да бар, сондай-ақ басқа бірқатар түрік жамағаттарынан табылатын көптеген рулардың кездесетіндігі айғақ.

Біздің белгілі ғалымымыз Рахманқұл Бердібай осы алтайлар құрамында қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтарында бүгінде ұшырасатын қыпшақ, найман, жетісары, далмат, мұндыз, көбек, жүз, меркіт, төлеңгіт, тассақал, мерет, ұранғай, ошы, тоңжан, төлеуіт, еркіт, күзен, қомдош, орғоншы, төлес, баят, алмат, тодош, кергіл, үйліп, чапты, сағал, ара сынды рулар мен сүйектер бар екендігін жазады [17; 11]. Қазақта мұндағы қыпшақ, найман, төлеңгіт, төлеуіт атауларының бар екендігі рас. Сонымен қорыта айтқанда тарихи деректерден біз алтай халқы түркі халықтарының бір бұтағы екендігін аңғарамыз.

Алтай әдеби тілі алтай халқының тілі, ол тілде 53 мың шамасында адамдар сөйлейді. 1993 жылдан бастап алтай тілі мемлекеттік мәртебесін алып Алтай Автономды Республикасының тілі деп жарияланған осы тілде ұлттық мектептер, алтай тілі мен әдебиеті пәні пед университеттер мен колледждерде оқытылады. Ол тілде бүгінде бірнеше газеттер «Алтайдыт Чолмоны», «Ажуда», «Ойдшг уни»), журналдар «Эл Алтай» и «Кан Алтай», балаларға арналған журнал «Солоны» шығып тұрады. Іс-қағаздары, оқулықтар, ғылыми, көркем әдебиеттер шығады. Алтай тілінің тарихы мен тілі С. С. Суразаков атындағы ҒЗИ алтай тілімен айналысады (Горно-Алтай қ-сы). Ол тілдің келешегі бар деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлем тілдері. Түркі тілдері энциклопедиялық басылым. Астана, 2002 ж.-543.
2. В Республике Алтай за восемь лет алтайцев стало больше, русских — меньше. <http://russiasib.ru/altajskij-yazyk/Алтайский язык>.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
4. Баскаков Н.А. Алтайский язык. - М., 1958.



5. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. — М., 1969.
6. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Алматы. –Арыс 2004. 358 б.
7. Аристов Н.А.Заметки об этническом составе тюркских племён и народностей и сведения об их численности.// Живая старина. 1896. Год шестой, вып. III-IV. С. 277-456.
8. Лайпанов К.Т., Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов. – Черкесск, 1993. – С. 140.
9. Кляшторный С.Г. Тюркский каганат // БСЭ. III изд., т.26. – М.: Изд-во Современная энциклопедия, 1970. – С. 416.
10. Могильников В.А. Тюрки. Степи Евразии в эпоху Средневековья. Серия: Археология СССР. М.: 1981. С. 29-43.
11. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М.: Наука, 1967.
12. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. - СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2005.;
13. Худяков Ю.С. Древние тюрки на Енисее. -Новосибирск: Изд-во ИАиЭ СО РАН, 2004.
14. <http://www.karachevs.ru/culture.php>
15. Алтай Республикасы. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
16. <http://adyrna.kz/?p=1043> Серік ПІРНАЗАР, журналистАЛТАЙЛАР 5-Қыркүйек, 2010
17. Бердібай Р Байқалдан Балқанға дейін: оқулық / Р. Бердібай. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 256 б.



ТӨЛЕУБЕК ЗАЙСАНБАЕВ

*С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
қазақ тілі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ХАКАС ӘДЕБИ ТІЛІ

Хакас тілі түркі тілдерінің аралық бұтағының ұйғыр-оғыз тобына жатады. Хакас тілін ертеректе абакан, минусин татарларының тілі, енисей түркілерінің тілі деп атаған [1, 259]. Бір халықтың бірнеше атауға ие болуы оларды құраушы тайпалардың әртүрлігінен болса керек. «Хакас этногенезінде түрік (енисейлік қырғыздар, телеуіттер т.б.), кет (ариндер, кталар т.б.) самодий (маторлар, комасиндер т.б.) құрауыштары өзіндік рөл атқарған» [1, 259]. Бұл айтылғандардан қазіргі хакас халқы әртүрлі тайпалардан құралғанын көреміз.

Қазіргі Хакасия территориясында адамдар б.з.д. 20-15 мың жылдықтарда өмір сүрген. Хакасия жерінде жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижелері біздің заманымызға дейінгі сегізінші, төртінші мыңжылдықтарда бұл жерді мекендеген адамдардың аңшылықпен, терімшілдікпен айналысқан айғақтайды. Біздің заманымыздың бірінші мыңжылдығында бұл жерлерді мекендеген халықтар туралы жазба деректерді қытай жылнамаларынан кездестіреміз. Оларды қытайлар дин-лин деп атап, акқұба, көк көзді құс тұмсық адамдар деп жазған. Қорғандардан табылған бас сүйектер бұл деректерді растайды [2, 2-5].

Хакас халқын құраған тайпалар туралы С.В.Киселев былай деп жазады: «Рассмотрение таштыкских памятников на Енисее и пазырыкских на Алтае позволяет говорить о большой близости древней культурной основы, на которой формировались алтайские и кыргызские (хакасские) племена. Это близость прослеживается в более раннюю эпоху. Уже карасукское время она отражала культурное единство многих южносибирских племен, называвшихся китайцами общим именем дин-лин» [3,22]. Автор археологиялық деректерге сүйене отырып, XI ғасырға дейін хакастардың еуропеид болған деген қорытындыға келеді. Қытай жылнамаларында «хягас» (енисей қырғыздары) деп жазылған тайпа алтайлық түркілермен және гянь-гуньдермен қан араласуы нәтижесінде пайда болған дей отырып С.В.Киселев «гянь-гунь» деген сөз «қырғыз» сөзінің қытайша бұрмаланып айтылуы деп есептейді [3, 22].

Алтайдың оңтүстік шығысы мен Енисейдің оңтүстік жағалауларына дейін



көшіп-қонып жүрген қырғыздарды ғұндар талқандағандықтан, олар ығысып Енисейден өтіп, таштыптық дин-линьдермен араласып кетті.

Енисей қырғыздарының күшеюі түркілердің қытайға қарсы 679-682 жылдардағы көтерілісі кезіне сәйкес келеді. Түркі қағаны Мочжо (Қапаған) қырғыз қағаны Барыс бекпен одақтасады. Оған өзінің ағасы Елтеріс ханның қызын береді. Бірақ Қапаған қаған кейін өзінің басты жауына айнаған Барыс бекті өлтіреді [3, 23-258].

Бұл жорық туралы «Күлтегін» ескерткішінде: «Күлтегін жиырма алты жасында қырқ азға қарсы соғыстық. Сүңгі бойлар қардан өтіп, Көгмен қойнауына жетіп, қырқ аз халқын ұйқыда бастық. Қырқ аз қағынын өлтірдік, елін алдық» [4, 66],– деп жазылған. Осы ескерткіштегі Көгмен тауы қазіргі Саян тауы [3, 25] екенін айта кетуге болады. Кейбір зерттеушілер қырғыздық «Манас» эпосының кейіпкері осы Барыс бек деп есептейді.

Түркілердің Монғолия территориясында билік құруы 745 жылға дейін созылды. Ұйғырлар түркі қағанатын құлатқаннан кейін 758 жылы қырғыздарды бағындырады. Дегенмен біржола жеңілмеген қырғыздар 820 жылдары ұйғырларға қарсы соғыс бастап, 840 жылы оларды толықтай жеңеді [3, 25], «бірақ 924 жылдың октябрінде қидандардың қысымына ұшырап, бұрынғы жеріне шегінеді [5, 560].

VIII-XI хакастарда қолөнер түрлері пайда болып, темір, алтын, қалай т.б. металл өндіру мен өңдеу дамып, Тибетпен, Орта Азиямен және арабтармен сауда жүргізді [5, 560]. Осындай күшті мемлекет болып тұрған Енисей қырғыздарына жорық жасаған Шыңғыс хан екі жылдай соғысып, 1209 жылы тізе бүктірді. 1218 жылы қырғыздар көтеріліс жасады. Бұл көтерілісті Жошы басады. 1270 жылы Мөңке ханның тұсында да көтеріліс жасап, бағынғысы келмеген қырғыздардың бір бөлігін Құбылай хан Маньчжурияға күштеп көшіреді. Осы жорықтар хакастар мен қырғыздардың жүздеген жылдар бойы қалыптасқан мәдениетіне кері әсерін тигізді [3, 26].

Бұдан кейінгі хакас халқының тарихын қысқаша былай түйіндеуге болады: «Хакастардың XIII-XVII ғасырлар аралығындағы тарихы туралы деректер мардымсыз. XVII ғасырда Тыва, Алтынсары, Алтыр және Езер, алғашқы Хакас (қырғыз) княздіктері құрылды. Хакас ұлысына моңғол және жоңғар хандары, Ресей патшалығының жіберген казактары тыныштық бермеді. XVII ғасырдан бастап Сібірді игере бастаған Ресей өкіметі Енисей қырғыздарын (хакстар) ығыстырып, 1604 жылы Томск, 1622 жылы Мелецк., 1628 жылы Краснояр қалаларын, 1644 жылы Ачинск түрмесін салды. Ресей отаршылары мен жоңғарлардың қысымына қатар ұшыраған жергілікті халықтың көпшілік бөлігі Алтай таулары арқылы, Тянь-Шань өлкесіне қоныс аударып, қазіргі қырғыздарға қосылды. Қалған хакастар отар елге айналып, шұрайлы жерлерге орыстар жаппай қоныстана бастады» [1, 258]. 1703 жылы жоңғарлардың да көптеген қырғыздарды айдап алып кетуі [6, 62] бұл халықтың күрт азаюына әкеп соқты.



«Хакастар өздерін хягас, хаас, сағай, пелтир, қызыл, качин, қойбал деп сеока (ру) атымен әрқалай атап келген. Өйткені этникалық тегі, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі жағынан бұл аталған тайпалар бір-бірінен елелулі айырмашылығымен ерекшеленеді. Тек Кеңес Өкіметі орнағаннан кейін халық хакас деген жалпы атауға ие болды» [6, 256-257], – дейді профессор С.Бизақов. Бұл жерде «качин» дегенмен «хаас» дегендер бір ғана рудың атауы екенін айта кеткеніміз жөн. «Качин» деген осы «хаас», («хааш») деген ру атауының орысша бұрмаланып айтылуы. Жалпы Хакасиядағы жер-су, ру-тайпа атауларының көпшілігі не орыс тілінің заңдылығымен бұрмаланып айтылып жүр, немесе орыс тіліне калька түрінде аудырылып алынған. Мәселен «Красноярск» «Қызыл (хызыл) джар» сөзінің орысша дыбысталуы болса, «Минусинск» сөзі хакасша «муң» (мөн) «мың» және «усун» (өзен, су) деген сөзінен шыққан. Таулы Алтай топонимдері туралы жазған О.Т.Молчанова *сун, зун, усун, узун, усан, усу, уса* болып әртүрлі нұсқада айтылатын сөздер түркі тілдерінде «су», «өзен» деген мағына беретінін, бұл сөздер арқылы жасалған бірнеше гидронимді мысалға келтіреді [7, 16-18].

Түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөздердің туыстас тілдерде әртүрлі нұсқа құрап айтатыны туралы академик Ә.Қайдаров былай деп жазады: «Но односложные корни-основы в тюркских языках, употребляющиеся частью самостоятельно, частью только в структуре производных слов, функционируют преимущественно в различных фонологических вариациях, и всегда поддаются идентификации и установлению между ними гомогенных отношений. Это, конечно, совсем не похоже на гипертрофическое явление, свойственное корням флективных языков. Варьирование в тюркских языках приобретает порою столь сложный и глобальный характер, что об «устойчивости» и «прозрачности» тюркского корня уже не приходится говорить» [8, 35-36]. Яғни, қазақ тіліндегі «су» сөзінің туыстас түркі тілдерінде әртүрлі нұсқада айтылатынын байқаймыз.

Хакас тіліндегі кірме сөздердің көпшілігін монғол тілінен енген сөздер құрайды, араб, иран, қытай және де басқа тілдерден енген сөздер аз. XVII ғасырдан бастап орыс тілінен сөздер көптеп ене бастады. Қазан Революциясына дейін енген сөздер, негізінен, хакас тілінің дыбыстық заңдылығымен өзгерген тұрмыстық, шаруашылықтық заттар атауы болатын. Кеңес Өкіметі кезінде орыс тілінен енген сөздердің әртүрлі қосымшалар арқылы туынды сөз жасағандарын қоса есептегенде хакас тілінің сөздік құрамының төрттен бірін құрайды [9, 468-469].

Хакас тілінің сөздік құрамында орыс тілінен енген сөздердің мұнша көп болуының себебі, әрине, ең бірінші оның әліпбиіне байланысты. Хакас әліпбиі кириллица негізінде 1924 жылы жасалды, 1929 жылы латын әліпбиіне, 1939 жылы қайтадан кирилл әліпбиіне көшірілді. Қазіргі хакас әліпбиінде 39 әріп бар.

Орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген сөздерді орыс тілінің орфографиялық



зандылығымен жазудың нәтижесінде хакас тілі орыс тілінен енген сөздермен әбден шұбарланды. Мұны орыс тілінің хакас тіліне игі әсері деп түсіндіріп, Г.И.Донидзе былай деп жазады: «Под воздействием русского языка возникает и развивается в хакасском языке целый ряд явлений, затрагивающих и его структуру: увеличение количества фонем за счет включения в их состав ряда согласных; создание и использование в русских заимствованиях новых окончаний *-ай, -ой* индиффеерентных к категориям роды (*социалистической строй* «социалистический строй»), *буравой скважина* «*буравая скважина*» и т.п) некоторый отход от жесткого порядка слов в предложении; расширение объема и увеличение числа разновидностей отдельных типов предложений, например, односоставных, а так же сложноподчиненных союзных, и некоторые другие» [9, 960].

Социалистической строй, буравой скважина, агитация, агитировать полярга, характеризовать полярга, честно, наизусть сияқты сөз тіркестері мен сөздер хакас тілін байытып тұр деу онша көңілге қона қоймайды.

Дегенмен 1926 жылғы әліпбидің қабылдануы хакастардың ана тілдерінде білім алуына, хакас әдеби тілінің қалыптасына зор көмегін тигізді.

Жоғарыда айтқанамыздай әртүрлі тайпалардан құралған хакастардың тілінде диалектілік айырмашылықтар өте көп. Олар: хаас, сағай, қызыл және шор диалектілері. Хакас әдеби тілі осылардың ішіндегі ең ірі екі диалекті – хаас және сағай диалектілерінің негізінде жасалған. Бұл екі диалектіге аздап тоқтала кетейік. Хакас тіліндегі диалектілік ерекшеліктер, негізінен олардың дыбыстық құрамына байланысты болып келеді. Мәселен, дауыссыз дыбыстарға байланысты мынандай өзгешеліктер бар: сағай диалектінде түбір сөздерде *с/з* дыбыстары қолданылады (қызыл, шор диалектілерінде **ш/ ж** дыбыстары). Мысалы, *тас* «камень», *тазы* «его камень», *нас* «голова», *пазы* «его голова» т.б. Басқа диалектілерде **ч** дыбысына аяқталатын түбір сөздер сағай диалектінде **с** дыбысына аяқталады. Мысалы, *ас-* «открывать», *азых* «открытый» (басқа диалектілерде *ач/аш ачых/ аших*), *агыс* – «дерево» *агазы* «его дерево» (басқа диалектілерде *агач агачы/агачы*). Басқа диалектілердегі сөз басындағы **й – ж – дж – дь – с** дыбыстарының орнына **ч** дыбысы қолданылады. Мысалы, *чайгы* «лето» (*йай/джай/дьай*), *чар* «берег» (*йар/джар/ дьар*) т.б.

Дауысты дыбыстардың қолданылуында мынандай ерекшеліктер бар: *о > у*; әдеби тілде хол «рука» сағай диалектінде *хул*; *ө > ү*; үскі «коза» (әдеби тілде өскі); *оо > уу* чуух «разговор» (әдеби тілде чоох); *öö > үү* күүк «кукушка» (әдеби тілде көөк) т.б.

Ал хаас диалектісіне келетін болсақ, мынандай фонетикалық ерекшеліктері бар: барлық диалектілер мен говорларда *с/з – ш/ж* дыбыстары қолданылатын жерлерде **ч** дыбысы қолданылады. Мысалы, *чачын* «бумага» (басқа диалектілерде *чазын, сазын*) т.б. Әдеби тілде **х** дыбысы қолданылатын жерде хаас диалектісінің кейбір говорларында **қ** дыбысы қолданылады. Мысалы, *қарақ*



«глаза» (әдеби тілде *харах*), *қара* «черный» (әдеби тілде *хара*); Әдеби тілдегі сөз басындағы **п** дыбысының орнына хаас диалектісінің кейбір говорларында **б** дыбысы қолданылады. Мысалы, *бас* «голова» (әдеби тілде *нас*) т.б.

Сондай-ақ хакас тілінің қызыл және шор диалектілерде де осындай дыбыстық ерекшеліктермен қатар лексикалық та, грамматикалық та айырмашылықтар бар [10,4-8].

Филология ғылымдарының кандидаты А.С.Кызласов хакас әдеби тілінің қалыптасуын үш кезеңге бөліп қарайды: I кезең – 20-жылдардың аяғы мен 40-жылдар; II кезең – 40-жылдар мен 50-жылдар аралығы; III кезең – 50-жылдар 80-жылдар. Ары қарай автор 1989 жылғы халық санағы кезінде хакастардың 76,1% – хакас тілін ана тілім деп таныса, бұл көрсеткіш 1979 жылғы санақ кезінде – 86,6%, 1970 жылы – 88,8%, ал 1959 жылы – 90,2% болғаны туралы деректер келтіреді. Яғни, хакас тілін ана тілім деп санаушылар жыл өткен сайын азаюда. Сондай-ақ ол осы мақаласында 1989 жылғы санақ кезінде республикада тұратын хакастардың 17%-ы, республикадан тыс жерде тұратындардың 24%-ы ана тілін білмейтін болып шыққанын, ал бұл көрсеткіштер 1979- жылы 13,4% және 19% болғанын көрсете келіп: «На объеме социальной базы и коммуникативной сферы хакасского языка сказывается низкая степень однородности коренной национальности – 11 процентов населения республики», – деген қорытынды жасайды [11].

Ресей Федерациясындағы хакас халқы 2002 жылғы санақ кезінде 75600, 2010 жылғы санақ кезінде 72959 болған, яғни 2641 адамға кеміген. Енді Хакасиядағы әр жылдардағы санақ кезіндегі хакастар санына назар аударайық:

	1926 ж.сан.	1939 ж.сан.	1959 ж.сан.	1970 ж.сан.	1979 ж.сан.	1989 ж.сан.	2002 ж.сан.	2010ж. сан.
Хакасиядағы хакастар саны	44,219 (49,8 %)	45,799 (16,,8 %)	48,512 (11,8 %)	54,750 (12,3 %)	57,281 (11,5 %)	62,431 (11,1 %)	65,431 (12,0 %)	65,643 (12,1 %)

[12]

А.С.Кызласовтың мәліметі бойынша 2011-2012-оқу жылында Хакасия Республикасындағы ұлты хакас 8651 баланың 5987-і (69%) хакас тілін оқыған. Олардың 5556-ы (хакас тілін үйренушілердің 92,8%-ы) жеке пән ретінде, 413-і (6,9%-ы) факультативті түрде, 18-і (0,3%-ы) тіл үйірмесі арқылы оқыған.

Республикадағы білім беру мекемелерінің 83-інде хакас тілі жеке пән ретінде, 18-інде факультативті түрде оқытылады [11]. Бұдан Хакасия Республикасында хакас тілінде білім беретін мектептер жоқ екенін көреміз. Н.Ф. Катанов атындағы Хакас мемлекеттік университетінде «филология» (хакас тілі



мен әдебиеті), «Мектепке дейінгі білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» сияқты мамандықтар бойынша хакас тілінде білім беретін мамандар даярлайды, бірақ тұтас бір республика үшін аз болатыны анық. Оның үстіне республика халқының 12%-ын ғана құрайтын хакастардың біртұтас шоғырланып қоныстанбауы жағдайды ушықтыра түсуде.

Республикада хакас тілінде «Хабар» деген газет шығып тұрады. «Чон кјглері» атты республикалық филармония, «Читіген» деп аталатын театр-студио, әр түрлі фольклорлық ансамбльдер бар. Бұлардың барлығы ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтауға қызмет ететіні анық болғанымен, шын мәнінде мемлекеттік тіл дәрежесін атқармаған тілдің болашағы жарқын болуы мүмкін емес.

А.С.Кызласовтың: «Ни в одном районе Республики Хакасия, ни в республиканских учреждениях и организациях делопроизводство не ведется на хакасском языке, хотя следует заметить, что в соответствии с законом Республики Хакасия «О языках народов Республики Хакасия» (20.10.1992 г., №11) государственными языками являются русский и хакасский языки» [11], – деп жазуы хакас тілінің мемлекеттік тіл дәрежесі тек қағаз жүзінде ғана екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ресей Федерациясы хакас тіліне деген көзқарасын өзгертіп, оны қамқорлыққа алмайтын болса, бұл тілдің сақталып қалуы екіталай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 9 т. – 2007 ж. – 688 б.
2. Левашева В. Из прошлого Хакасии. – Абакан. «Областное национальное издательство». – 1945 г. – 20 стр.
3. Киселев С.В. Краткий очерк древней истории хакасов. . – Абакан: «Хакасское областное государственное издательство». – 1951 г. – 92 стр.
4. Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексі. – Алматы: «Ғылым». – 1990 ж. – 220 б.
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. 11-том. – Алматы. – 1977 ж. – 631 б.
6. Потапов Л.П. Краткие очерки истории и этнографии хакасов (XVII-XIX вв.) – Абакан: «Хакасское областное государственное издательство». – 1952 г. – 127 стр.
6. Бизақов Сейдін. Түбі бір түркілер. – Алматы. – 2013 ж. – 288 б.
7. Молчанова О.Т. Топонимы монгольского происхождения в Горном Алтае. Кітапта: Языки и топонимия сибиря. VI. – Томск: «Издательство Томского университета». – 1976 г. – 114 стр.
8. Ә. Кайдар. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: «Арыс». – 2005. – 304 с.
9. Донидзе Г.И. Хакасский язык. Кітапта: Языки мира. Тюркские языки. Бишкек: «Кыргызстан». – 1997 г. – 543 стр.
10. Басақов А.Н. Грамматика хакасского языка. М.: «Наука». – 1975, – 420 стр.
11. Кызласов А.С. Языковая ситуация в Республике Хакасия. www.haknil сайты.



ҚЫЗДАРХАН РЫСБЕРГЕН

А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты

Ономастика бөлімінің меңгерушісі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАРНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Жарнама – маркетингтің, бизнес жүргізудің ғана емес, лингвистиканың да маңызды элементінің бірі, онсыз бүгінгі қоғамды елестету мүмкін емес. Жарнама индустриясы – бүгінгі қоғамдағы этномәдени кеңістікті қалыптастыратын аса қуатты құрал.

Прагматонимдер жарнама мәтінінің түйін сөздері болып табылады. Олар жарнама мәтіндерінің барлық түрлерінде, оның барлық бөліктерінде (тақырыбында, негізгі мәтінінде, слоганында) кездеседі. Қарапайым сөзбен айтқанда, прагматоним термині тауар белгісі мен әртүрлі қызметтер жөніндегі ауызша түсінік деген ұғымды береді. Жарнама мәтінінде прагматонимдердің қолданылуының негізгі 4 тәсілі бар. Олар:

Бірінші тәсіл прагматоним тауардың қасиеттерін көрсетеді. Жарнама мәтініндегі бұл құбылыс имплицитті түрде жүруі мүмкін, яғни прагматоним тауар немесе қызметтер туралы объективті ақпаратпен ассоциативті түрде байланысады. Мәселен,

- тауардың мінездемесі және оның қолданыс аясын көрсету: *«Аквафреш – ауыз қуысына арналған жалғыз тіс пастасы!»* - *«Аквафреш – единая зубная паста для всего рта!»*;

- үнемшілдікке үгіттеу (арзан, тозбайды): *«Сорти – супер бағамен супер-сапа»* - *«Сорти – супер качество по супер цене»*;

- тартымдылығына әрі әдемілігіне нұсқау: *«Estee Lauder. Сұлулық анықтамасы»* - *«Estee Lauder. Определение красоты»* (иіссу жарнамасы);

- жаңашылдықты паш ету: *«Суперроуминг – жаңа жаз, жаңа баға!»* - *«Суперроуминг – новое лето, новая цена!»*;

- тауардың керемет сапасына көңіл аударту: *«VESNOVKA – анау ең салтанатты үй!»* - *«VESNOVKA – тот самый роскошный дом!»*.



Сонымен қатар прагматоним мен қасиеттері арасындағы байланыс жанама түрде метафоралардың көмегімен жүзеге асуы мүмкін. Метафора жарнама мәтінін түрлендіреді, оны көркем етеді. Бұл тәсіл кеңінен қолданылады, ол аяқталмаған элементі бар ықшам жарнамалық ұран құруға көмектеседі. Мұндай жарнамалық ақпараттар эмоциялық қабылдауға негізделеді, себебі аяқталмағандық қызығушылықты арттырады. Мысал ретінде мына төмендегі жарнамаларды келтірсек болады:

«Skittles – жемісті кемпірқосақ» - «Skittles – фруктовая радуга»;

«Taft – жібекті жылтыр қиял» - «Taft – блеск шелковой фантазий»;

«Мотилиум – сіздің асқазаныңыздың құтқарушысы» -

«Мотилиум – мотор для вашего желудка».

Біз талдаған мысалдарда прагматонимның тек денотатты мағынасы алынды, яғни прагматонимнің лингвистикалық құрылысына жатпайтын атау және нақты тауар түрі қатынасы қарастырылды.

Екінші тәсіл – прагматонимдердің жарнама мәтінінде семантизациялануы. Яғни сөз және сөз тіркестері арқылы тауар атауының негізгі мағынасын ашу.

Мысалы: «*Сен гажайыптың не екенін білесің бе? Ол – жақындарыңның күлімдегені, таңның балғындығы және жаздың күнінің әсемдігі. Гажайып – ол таусылмайтын бақыт және үнемі жаңа бастама. Және гажайып деген ол – піскен жемістер мен табиғи сүт. «Чудо-ны» өзіңмен алып жүр» - «А вы знаете, что такое чудо? Это улыбка близких, свежесть утра и красота летнего дня. Чудо – это всегда радость и всегда открытие. А еще чудо – это спелые фрукты и натуральное молоко. Возьми «Чудо» с собой».*

Үшінші кең тараған тәсіл – негізгі мәтіндегі тауар атауының аударылуы. Бұл тәсілдің прагматикалық мақсаты – сөздің мағынасын басқа тілдің көмегімен ашу, яғни шет тілінен енген кірме сөзді қабылдауды, оны түсінуді жеңілдету, оны өз ана тіліне жақындастырып түсінікті ету. Бұл тәсіл көбіне тиімді болып табылады әрі уақытты үнемдейді, әрі тіл бірліктері мен сөз мағынасын нақтыландыра алады.

Аударманың жарнама саласында алатын орны ерекше. Жарнама мәтіндерінде аударманың екі түрі кездеседі:

Толық аударма:

«*Мерси болғаныңа рақмет – Мерси спасибо, что ты есть*».

Жартылай аударма: мәтін толықтай емес, оның жарты бөлігі немесе тауардың атауы аударылады:

«*Вонаква. Тірі судың күші - Вонаква. Живая сила воды*».

Төртінші тәсіл – жарнама мәтіндеріндегі прагматонимдердің дыбыстық ұқсастықтар арқылы берілуі. Бір сөзбен айтқанда, бұл тәсілде тауарға байланысты сөздер фонетикалық дыбыстардың ұйқасына құрылады. Мұндай қайталанулардың 4 түрі белгілі.



Олар: анафора – бастапқы дыбыстардың қайталануы; эпифора – соңғы дыбыстардың қайталануы; стық – бір сөздің соңғы дыбысының және келесі сөздің алдыңғы дыбысының қайталануы; рондо – бір сөздің алдыңғы дыбысының және екінші сөздің соңғы дыбысының қайталануы.

Мысал ретінде аллитерацияның кең таралған түрі анафораға құралған жарнама мәтіндерін келтіреміз:

«Bosch» *Безупречно Bosch*

«Cinzano» *Cin Cin Cinzano*

Дыбыстық ұйқасымның тағы бір кең тараған түрі ассонанс - дауысты дыбыстардың ұйқасуы. Прагматонимдер дауысты дыбыстардың ұйқастырылуы арқылы жиі беріледі. Бұл оның жарнамалық ықпал етуін күшейте түседі. Мәтін ритмикалық байланыс арқылы құрылады. Айтылуы жеңіл, тез ұғынылады. Мысалы:

«*Бір шаңырақ астында! Бір үйдің баласындай! Босағамыз берік!*»

«*Чистота – чисто Тайд*»

«*Canon. You can Canon*»

«*Bosch*» *Жаңа «Бошпен»!*» - «*Bosch*» *С Новым «Бошем»!*»

Бесінші тәсіл паронимдер жарнама мәтінде көркемдік құрал ретінде қолданылады. Мұндай тәсіл жарнама мәтініне мәнерлілік, көркемдік үстейді, мұнда троптар (антитеза, гипербола, метафора, метонимия, теңеу) қолданылады. Троптар жарнама мәтінін одан әрі сәндей түсу үшін пайдаланылады.

Мысалы: «*Zewa plus. Қауырсындай өте жұмсақ*» - «*Zewa plus. Мягкая, как перышко*» (*Неміс жастығының жарнамасы*);

«*Хеденшолдерс – қайызғақты ұмыт, сенімді өмір сүр!*»;

«*Ambre Solaire – сенің теңіз бен күн арманына жеткізетін гидің*»

Жарнамалатып отырған тауарға деген сенімділікті арттыра түсу үшін жарнама мәтіндерінде мәтелдер қолданылады. Мәтелдер белгілі бір тілдік ортаға таныс болғандықтан жарнама мәтіні үшін аса тиімді тәсіл болып табылады. Жарнама мәтінде мәтелдер өзгеріске ұшырамай немесе аздаған өзгеріске ұшырап қолданылады. Мысалы:

«*Югория. Сақтанғанды Югория сақтайды*» - «*Югория. Береженного Югория бережет*»;

«*Казком – бір болсақ жақынбыз!*».

Модификациялау, яғни мәтелдің негізгі сөзін прагматонимге ауыстыру адресаттың назарын жарнамада берілген нақты бір ақпаратқа аудару үшін және сол арқылы тауардың белгісіне акцент тастау үшін қажет.

Прагматоним көрініс беретін стилистиканың келесі құралы – параллелизм. Параллелизм – прагматонимдердің бірнеше рет қайталануы салдарынан күрделенген тілдік бірлік. Ол слогандарда жиі ұшырасады. Мысалы:

«*Кожа любит Johnson's, потому что Johnson's любит кожу*».



Жарнама мәтіндеріндегі онимдердің келесі түрі – *персоналийлер*. Жарнама мәтіндерінде жалқы есімдер (Jennifer, Денис Тен), лақап есімдер (Skinny), поэтонимдер (Лолита, Прометей), зоонимдер жиі ұшырасатындықтан, біз бұл онимдердің барлығын бір ұғымға сыйғызып, оларды бір ғана **персоналий** терминімен беріп отырмыз.

Жарнама мәтіндеріндегі персоналийлерді біз өзіндік ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөліп қарастырамыз.

Бірінші топқа біз *адамдарға қатысты жалқы есімдерді* жатқызамыз. Мәселен, *Денис Тен, Nikolaus – Klaus* т.б. Жалқы есімдер жарнама мәтіндерінің 70% құрайтын персоналийлер қатарына жатады.

Елімізде жарнамалық технологиялардың дамуы барысында өзіміздің мамандарымыз пайда болды. Жарнамалық қызметтерді ұсынушы компания мамандары жарнаманың сұранысты ұстап тұратын экономикалық құрал ғана емес, тұтынушыларды, құндылықтарды қалыптастыруға әсер ететін идеологиялық құрал екенін де түсіне бастады. Басқа сөзбен айтқанда, жарнамашылар тапсырыс берушіге ұсынылатын өнімнің нәтижесі үшін үлкен жауапкершілікті алып жүретін болды.

Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне тікелей аудару қазақ тілі үшін ең қауіпті аударма болып табылады, мысалы, *«Водаqua. Тірі судың күші - Водаqua. Живая сила воды»*. Себебі ол:

1) қазақ тілін өзінің грамматикалық нормасы бар, әлемді тануда өзіндік жүйесі бар, ұлт тілі ретінде теріске шығарады;

2) қоғам санасына тікелей әсер ете алатын қызметі болғандықтан, мұндай аудармалар тұрғындар санасына қазақ тілінің бұрмаланған қалпын, формалардың, тіпті мәдени құндылықтардың бұрмаланған, алмастырылған типін, антиқұндылықтарды насихаттап бекітеді.

Тауарлық таңба атаулары жөнінде

Адамзат ономастикалық атаулар қоршауында өмір сүруде. Байқасақ, бұған көп мән де бере бермейміз. Үйден аттап шықсақ, көше атаулары, дүкенге кірсек, неше түрлі азық-түлік өнімдері, күнде мінетін автокөлік атаулары, тіптен киім-кешекке дейін өзіндік бренд аттарға ие. Әдетте ономастикалық атаулар деп көпшілік жер-су атаулары мен кісі аты-жөндерін түсіндіреді. Алайда ономастиканың өзегінен осыған дейін шеткері жатқан перифериялық өрісінде көптеген салалары шоғырланған. Мәселен, эргонимдер (қала іші нысана атаулары) мен прагматонимдер - тауарлық таңба атаулары. Ономастиканың бұл салаларының өзекті салаларға айнала бастауының себебі елімізде халықаралық қатынастарға қауымдасуы нәтижесінде нарықтық экономика дами түсуде.

Еліміздің экономикасында нарықтық қарым-қатынас жандана түскен сайын ономастиканың бұрын шеткері болып саналатын жаңа салалары пайда болып,



қарқындап даму үстінде. Қаланың тілдік ландшафтын қалыптастыратын сондай көрнекі құралдардың бірі – жарнамалар мен мекеме маңдайшаларындағы компания, фирма, кәсіпорын, сауда-саттық т.б. орын атаулары, яғни эргонимдер болса, жарнамалардың басты компоненті тауарлық таңбалар (словесные товарные знаки) болып табылады.

Халықаралық алыс-беріс қарқындап дамуда, көптеген шетелдік тауарлар түрі отандық нарықта күн озған сайын арта түсуде. Балаға дейін білетін «Кока-кола», «Сникерстен» бастап, мыңдаған шетелдік тауарлар Қазақстан нарығында айналысқа еніп, оның атауларына көз де үйреніп, құлақ та үйренісіп, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге сіңісті болып кетті. Әрине, бұл да жаһанданудың бір көрінісі, алыс-жақын шетел өнім атаулары мен кең танымал әлемдік брендтер атаулары отандық өнімдер мен брендтерден сан жағынан, әрине, салыстыруға да келмейді, анағұрлым асып түседі.

Алайда Қазақстанда өндірілетін тауар аттарының тілдік сипаты қандай дегенге келсек, тек бір-екі өнім туралы ғана сөз етеміз. Мысалы, ұн-нан класына жататын өнімдердің мынадай атауларын келтіруге болады: *Цесна, Мукатай, Сұлтан, Ақсай нан, Алматинский, Ароматный, Ассорти, Бабушкин, Баварский, Багетта, Батон, Белый, Бородинский, Бутербродный, Городская, Горчичный, Дарвиш, Деликатесный, Диабетический, Домашний, Достық, Трапеза, Дрожжевой, Зерновой, Измайловская, Илийский, Казанский, Калач, Каравай свадебный, Красносельский, Тандырнан, Лепешка, Ақмарал, Майский, Нарезной, Народный, Особый, Отрубной, Пикантный, Пита, Казахстанская, Подмосковный, Подовый, Полувывпеченный, Президентский, Ржаной, Ромашка, Российский, Свердловская, Сельский, Серый, Славянская, Сладкий, Алейна, Социальный, Старорусский, Столичный, Студенческий, Сушки, Здоровье, Гостерный, Украинский, Формовой, Фруктовый, Хала, Цельнозерновой, Чайные, Элитный, Южный.*

Мұндай мысалдарды өзге кластағы отандық тауар өнімдеріне қатысты да келтіре беруге болады. Мысалы, кондитерлік өнімдер, салқындатқыш сусын атаулары мыңдап саналады және басым көпшілігі орыс тілінде екеніне көз жеткізуге болады. Біз танымал қазақстандық азық-түлік өндірушілерінің прайс парақшаларын бірсыпыра талдап көрдік. Тауар атауларының тізімінің ішінен *Астана, Рахат, Баян Сұлу, Әйгерім, Айтыс, Балапан, Махаббат, Гүлдер, Қызыл таң, Ажар, Алтын құм, Отырар, Песни Абая, Әсем, Нұр, Ала-тау Астана бөбек, Тойбастар, Тойбастар бөбек, Әсем, Арман,* және т.б қазақ тіліндегі атаулары көз қуантады. Бірақ олар саусақпен санарлықтай. Ал кейбір өнім түрлерінен бірде-бір қазақша атау көре алмайсыз. *Буревестник, Василек, Вечер, Ласточка, Любимые Бэлис, Каприз, Сафари, Молодежные, Цитрон, Этюд, Для тебя, Желаем счастья, Гармония, Кипарис, Рахат, Северное сия-*



ние, Буревестник, Василек, Вечер, Ласточка, Любимые, Бэлис, Каприз, Сафари, Молодежные, Цитрон, Этюд конфеттері мен Сарыағаштан өзге Буратино, Фантазия, Тархун, Легенда, Здоровячок сусын атаулары шұбырып кете береді.

Бұл ең алдымен, тіл мәдениетін, өсіп келе жатқан ұрпақтың тілдік талғампаздығын қалыптастыратын фактор екенін ұмытпауымыз керек. Дүкен сөрелеріндегі тауар атаулары Қазақстанда емес, Ресейдің бір қаласында жүргендей әсер етеді. Бұл құбылыс өнімдердің өз тіліміздегі атауларына деген немқұрайлы көқарас қалыптастырады.

Дегенмен, Қазақстан өнімдерінің қайталанбас ұлттық бет-бейнесін айқындайтын, этномәдени семантикаға бай мынадай атауларды келтіруге болады: *Астана, Қазақстан, Отырар, Айтыс, Тойбастар, Айналайын, Ажар, Рахат, Баян Сұлу, Қыз Жібек, Әйгерім* және т.б. Олар кумулятивтік қызмет атқара отырып, ұлттық құндылықтарымызды халықаралық деңгейде насихаттау құралына айналуы тиіс. Бұл да елімізді әлемге танытудың бір жолы.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның топонимдік кеңістігіндегі жағдаятқа талдау

Еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тігуі және қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ең алдымен, міндетті түрде Қазақстан жер-су атаулар жүйесінің ұлттық сипатқа қайта орала бастауына негіз болды. Ұлттық сананың жаңғыруы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, ұмыт болған салт дәстүрлер рухани болмысты жандандырды.

Ономастика саласында жаңаша бетбұрысқа мұрындық болған қазіргі Қазақстан Республикасындағы елдімекен атауларын өзгертудің, реттеудің, қалпына келтірудің ең алғаш тұжырымдама жобасын академик Ә.Қайдаров пен профессор Т.Жанұзақов жазып, баспасөз бетінде жарияланып, кең қоғамдық пікір тудырып, осы саладағы істің айтулы бастамасы болды. 1990 жылдың 20 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Осы қаулыдан соң Ә.Қайдар мен Т.Жанұзақовтың «ҚазКСР-індегі Мемлекеттік және әкімшілік – территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің Тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурызда № 281 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, теміржол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың транскрипциясын өзгертудің тәртібі» республиканың барлық деңгейдегі ономастикалық комиссияларының жұмыстарында басшылыққа алынды.

Бұл тұжырымдамада «Қазақстан халқының географиялық атауларын



қалпына келтіру, реттеу, қайтадан өзгерту, елді мекен атауларын қалпына келтіру жөніндегі өскелең талаптарын, сондай-ақ, республикадағы мемлекеттік және әкімшілік-территориялық объектілердің айтылуындағы ономастиканың тарихи, лингвистикалық және ғылыми принциптерінің елеулі түрде бұзылғандығын ескере келіп, Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия қазақтың ежелгі тарихи, географиялық объектілерінің аттарын заңсыз және орынсыз өзгертуді жою, республика территориясында әр атаудың көп қайталануын реттеу, олардың қазақша жазылуы мен орысша транскрипциялануын бірізге түсіру мәселесін қарауды қажет деп санайды», - делінген және оның баптары мен тармақтары алғаш рет елді мекендерге жеке тұлғалардың есімдерін бермеу, бір әкімшілік бөлініс шеңберінде үш реттен артық қайталанбауын т.б. регламенттейтін бағдарлама құжат болды.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңі, яғни 90-шы жылдары бүкіл Қазақстан аймақтарында тарихи әділеттілікті қайтару мақсатында ондаған ірі елді мекен, облыстық орталық, ірі қалалар мен жүздеген, мыңдаған кент, ауылдар мен аудан, ауылдық округ атаулары өзгертілді, кейбіреуінің бұрынғы тарихи атаулары қалпына келтірілді, мысалы, *Гурьев – Атырау*, *Шевченко – Ақтау* т.б. Сондай-ақ, бұрмаланып жазылып жүрген атаулардың орысша транскрипциялары түзетілді, мысалы, *Кокшетау* (Кокчетав емес), *Бурабай* (Боровое емес), *Шымкент* (Чимкент емес), *Жетысай* (Джетысай емес), *Шортанды* (Щучье емес), *Бозашы* (Бузачи емес), *Талдыкорған* (Талды-Курган емес), *Кызылорда* (Кзыл-Орда емес), *Алматы* (Алма-Ата емес) және т.б. Мемлекеттік, облыстық, жергілікті ономастикалық комиссиялардың жүргізген қыруар жұмыстарының арқасында мыңдаған бұрмаланған атаулардың ұлттық үрдіске сай орфографиясы түзетілді, мысалы, *Аблакетка – Абылайтекен*, *Калагир – Құлаайғыр*, *Чурбай-Нура – Шерубай – Нұра*, *Ктай – Ақтай* т.б.

Егемендік алған жылдардан бері Республиканың ірілі-ұсақты барлық елді мекендері топонимикасында да орасан зор өзгерістер болды. Қазақ халқының өткен тарихында із қалдырған, жеріміздің тұтастығы мен азаттығы үшін күрескен хандар мен батырлардың, ақын-жыраулар мен би, шешендердің, қуғынға ұшыраған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің есімдері қалаларымыз бен ауылдарымыздағы көше, алаңдарға берілді. Мәселен, Алматы қаласының өзінде орталық көше мен даңғылдарға *Абылай хан*, *Наурызбай батыр*, *Қабанбай батыр*, *Қазыбек би*, *Бұхар жырау*, *Қарасай батыр*, *Сүйінбай* ақын т.б. көптеген қайраткер есімдері берілді. Алғашында өткен өмірдің елесі ретінде қазіргі заманауи қала концепциясында үйлесім таппай, тарихи анахронизм сияқты қабылданады деп наразылық білдірушілер де болды. Алайда уақыттың өзі таразы демекші, он-он бес жылдың ішінде бұл атауларға қала тұрғындарының да құлақтары үйреніп, ешбір қиындықсыз үйлесім тауып,



заманауи атаулар ретінде қабылданып отыр. Жас елордамыз Астананың да орталық даңғылдары мен алаңдары *Тәуке хан, Қазыбек би, Әбілхайыр хан* т.б. сынды атаулар қала сәулетімен сіңісіп, бірден үйлесім тапты деуге болады.

Жаһандану жағдайындағы ұлттық ономастика. Әлемдік ақпараттық кеңістікте жаһандану үдерісі етек алуы ұлттық топонимикаға оң және кері әсер ететіндігі ақиқат. Қалаларымыздың тілдік ландшафты әлі күнге орыс тілі, графикасы, жалпы мәдениетінің ықпалынан толық шыға алмай келеді. Оның үстіне жаппай жаһандануға байланысты орыс тілінен өзге, ағылшын, қытай, кәріс тілдерінің әсері де күшейіп отыр. Бұл үдеріс негізінен, қала ономастикасына қатысты болып келетіндігін айту керек.

Қазіргі Қазақстан ономастикалық кеңістігінде оң өзгерістер мен қатар жаһандану, американдану, вестерндену үрдісі айқын байқалады. Мемлекеттік тілде қойылған атаулар, түрлі мекеме маңдайшаларындағы атаулар, визуалды сырт жарнама құралдары санада мықтап орнығады. Сондықтан ұлттық саны, ұлттық идеяны қалыптастыруға, әсіресе, қала іші ономастиканың дені мемлекеттік тілде, ұлттық үрдісте қалыптасуы кезек күттірмейтін шаралар қатарына жатады.

Еліміздің қалалары мен ірі елді мекендерінің ішкі кеңістігінде, көше, ғимараттарында ағылшын тілді маңдайшалар көптеп кездеседі. Олар түрлі сауда-саттық, ойын-сауық кешендері, супермаркет, мейрамхана, жүздеген компания, акционерлік қоғамдар мен фирма атаулары шетелге еліктеп, ағылшын тіліндегі немесе қазақ тіліндегі атаулар ағылшын графикасымен таңбаланады. Әсіресе, еліміздегі ірі қаржы институттары, банктер, сондай-ақ, қызмет көрсету мекемелері т.с.с. өзге тілде ат қоюға үйірсек келеді. Қала көшелеріндегі маңдайшалар мен көрнекі құралдардың мазмұндарының космополиттік сипаттың басым болып бара жатқандығына мысал ретінде *Сити центр, Мегацентр, Силк Уэй* (бәрі ағылшын графикасында орындалған) тәрізді кешен атауларын келтіруге болады. Мұны қала топонимиясындағы жаһандану үрдісінің кері ықпалы, американдану, батыс еуропалық құндылықтарға мойынсұну, шамадан тыс еліктеудің әсері деп есептейміз. Өз кезегінде бұл фактордың ұлтжандылық, патриотизмдік сезімді, өскелең ұрпақты ұлттық негізде тәрбиелеуге кері әсер етері сөзсіз.

Астана және Алматы қалаларының ономастикасындағы кейбір мәселелер

Астана қаласының тұрғын үй кешендері атауларының жалпы саны 490, оның ішінде қазақ тіліндегі 257 атау, орыс тіліндегі 233 (ішінара шеттілдік атаулар кириллицамен берілген), ағылшын тілінде, латын графикасымен 49 атау берілген, яғни 10 пайызы.

Тұрғын кешен атауларының семантикасына назар аударсақ, Астана қаласында кездесетін қазақ тіліндегі атаулар: Алтын Бұлақ, Алтын Ғасыр, Ал-



тын Жиек, Алтын Қорған, Алтын Ұя, Жайдарман, Елімай, Еңлік, Еркежан, Арман Қала, Әсем Қала, Атамекен және т.б.

Ал орысша атауларға келсек олар, *Венский квартал, Английский квартал, Верный, Версаль, Визит, Виктория, Возрождение, Времена года, Гармония, Городской романс, Гранд Астана Элит, Замечательный, Звезда Астаны, Зелёный квартал* және т.б. Бұл атауларда қазақша және шеттілдік аралас элементтер көп кездеседі екен.

Латын графикасындағы ағылшын тіліндегі атаулар: *Premier Palace, Millennium Park, Barselona, Arman De Lux, Akbulak Hills, Grand Alatau, Golden Towers, Rixos Khan Shatyr, Краун плаза, Английский квартал, Французский квартал және т.б.*

Алматы қаласы бойынша да тұрғын үй кешен атауларының тілдік бейнесі осыған жақын келеді, бірақ жалпы сан жағынан басым келетіндігі белгілі. Ағылшын тілді атаулардың сипаты *Apple Town, Dostyk Residence, Esentai Palace, Royal Gardens* деп кете береді.

Салыстыру мақсатында Мәскеу қаласының тұрғын үй кешен атауларының тілдік сипатын байқап көрдік, олардың санына жете алмай кеттік, мың жарымнан едәуір асып түседі. Бірақ бізді таңқалдырғаны, ағылшын тіліндегі атаулар шашамен 5-7 пайызға әзер жетеді екен. Негізінен таза орыс тіліндегі төл атаулар, оның ішінде Мәскеу қаласының тарихи жерлері қайталанып келетін немесе поэтикалық, көркем атаулар көптеп кездесетінін көруге болады. Мысалы, *Князь Долгоруков, Спасские ворота, Пречистенка, Малиновый ручей, Марьяна роца, Чеховский посад, Снегири, Назарьевские пруды, Лазоревый проезд, Ботанический сад, Ольховка, Новое Ступино, Белые росы, Мытищи, Новое Медведково, Высокие Воробьи, Дом у ручья* және т.б. Мәскеуліктердің тарихи, мәдени, эстетикалық, жалпы ұлттық танымын айқындап тұр.

Жарайды, мұны жаһанданудың лебі делік, одан айналып өткен бірде-бір мемлекет жоқ шығар. Бірақ Алматыдағы негізінен таза ағылшын тілінде қолданылатын эргонимдердің арасында қызмет көрсету нысандарының, оның ішінде түрлі фитнес клубтарының аттары біздің назарымызды еріксіз аударды. Олар басым көпшілігі тек ағылшын тілінде келеді екен. Мысалы, бір сөзбен келетін атаулардан өзге келесі үлгідегі күрделі атаулар көп кездеседі: *Crossfit Brute Force (Кроссфит Брут Форс), Fideliti Helt&Spa (Фиделити Хэлс энд Сна), Invictus Fitness&Crossfit (Инвиктус Фитнес Энд Кроссфит), Vira Bhadra Yoga Rooms (Вира Бхадра Йога Румс.* Бұлардан кім не түсінеді? Қатардағы қала тұрғындарының барлығы бірдей оқи да, түсіне де алмайды. Бізге әйтеуір *фитнесс* сөзі ғана таныс.

Осыған ұқсас пікірді жаңаөзендік М.Лұқпан деген азамат та айтады: «Жаңаөзендік құрылыс мекемелерінің атауы аталғанда құлаққа жағымды,



жүрекке жылы тиетіні анық. Мысалы, құрылыс жұмыстарын жүргізетін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден «Жер-Су», «Жақ-Жал» (Жақсылық-Жалғас), «Құрылыс монтаждау ЖК», «Өзен құрылыс», «Алғыс», «Өркен-1» деген сияқты атаулармен аталады. Ал Ақтаудан келіп құрылыс жұмыстарын жүргізетін кейбір жеке серіктестіктердің атауынан ат үркеді. Шынын айтқанда, әлгі мекемелердің атын атауға жетекшілерінің де бірден тілі келмей қалатын шығар. Маңдайшадағы атын бірден оқып түсіну мүмкін емес. Ал мағынасының қалай екенін екіншісі біле бермейді. Оған көз үйренбеген басқа қаріптермен бізге жат тілде жазылғандығы себеп болып отыр. Сондықтан ондай атаулар жалпы жұрттың есінде қала бермейді. Мысалы, «NEW dynamic sistem» ЖШС, «Caspian Dive Services» ЖШС, «Design School» деген ЖШС-лардың атауынан не түсінуге болады? Бұлардікі тек қана өзгелерге еліктеу сияқты. Өйтпесе, бұл компаниялардың қожайындарына мекеменің атауын осылай ата деп ешкім зорлық жасамаған шығар». Бұл – тек ірі қаладан тыс шағын қалалардағы эргонимдердің қолдану ахуалын қатардағы қарапайым азаматтың көзімен көрсететін шындық.



АЙДАНА КӨПТІЛЕУОВА

ҚР Ұлттық музейінің ғылыми

қызметкері,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

«ЖҮЗ» АТАУЫ ЖӨНІНДЕ КӨЗҚАРАС

Қазақ жүздері – отандық тарихымызда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Жүздердің пайда болуының уақыты, себептері, шарттарына, тіпті «жүз» терминінің этимологиясына да қатысты ғалымдар арасында ортақ шешім жоқ. Сол себептен біз бұл мәселеге өз үлесімізді қосып, үлкен мәселенің бір тармағы болып табылатын «жүз» терминінің мәнін ашуға әрекет етіп көрмекпіз. «Жүз», Т. Жанұзақов анықтағандай - этнотермин [1.470]. Дегенмен, бұл сөз этнотермин дәрежесіне бірден жетпеген. Мысалға, «Диуани лұғат ат–Түрк» еңбегінің авторы М. Қашқари сөздігінде «жүз» деген сөз бар. Ондағы JUZ / иуз – жүз сөзінің мағынасын автор мақалмен келтіреді: «Иузге көрме ердем тіле – Жүзге қарама, қасиет тіле. Яғни, адамның шырайлы, сұлу жүзіне қарама, оның қасиетіне, әдеп–ақлихатына қара». Бұдан біз ортағасырлық ғалымның «жүз» сөзінің баламасы бет–әлпет деген мағына беретінін айтқысы келгенін түсінеміз. Олай болса Қашқаридің тұсында «жүз» сөзі тарихи айналымға әлі енбей, тек болмыстық қолданыста болғанын және әлі этникалық дәрежеге көтерілмегенін жору қиын емес. Сонымен бірге ортағасырлық өзге де авторлардың еңбектерінде қарастырылып отырған «жүз» сөзі этнотермин ретінде қолданылмайды [2]. Жалпы қазақ тарихында ру–тайпалардың бөліктерге бөлінуін «жүз» терминімен сипаттау кейініректе қолданыла бастаған. Біз мұндай қорытындыға қазақ тарихына қатысты ортағасырлық, жаңа замандық дерек көздерін қарап шыққаннан кейін келдік. Алайда тарихи деректерде «жүз» сөзі кездеседі, бірақ ол қазақ жүздеріне қатысты айтылмайды. Мәселен, Махмуд ибн Уалидің "Бахр ал-асрар" еңбегіндегі мына жолдар жайлы болып отыр: «Что касается Бахадура, сына Шайбан–хана, ... он вместо отца стал главенствовать над элем и улусом. Повелев собраться близким родственникам, племенам и четырем каучинам, он выбрал для зимовок и летовок Ак–Орду, которая известна так же как Йуз–Орда» [3. 347]. Мұндағы «йуз» сөзі



«жүз» деген сөз екені айдан анық, дегенмен мәселе оның бұл контекстте қандай мағына беріп отырғанында. Назар аударыңыз «йүз» арабтың «джуз»/ бөлік сөзі емес, сандық «жүз» дегенді білдіреді. Осыған негізделіп Б. Ахмедов «Йүз–Орда» тіркесін «100 орда», орданың нешеу болғанын меңзеп тұрған тіркес дейді [4.165]. Т. Сұлтанов болса керісінше «Йүз–Орда» тіркесі «Ақ Орданың» баламасы, яғни «негізгі орда» деген мағынаны білдіретінін айтады [5.73-74.]. В. Юдин болса бұл пікірлермен келіспейді, оның ойынша «Йүз–Орданың» аудармасы «Орда Сотня» дегенге саяды, бірақ ол мұндағы «Сотня», яғни «жүз» нендей мағына беретінін сарапқа салып: «Тука Темур получил 100 юрт-хозяйств собственно монголов из тех 4000 монголов-воинов, которые были выделены Чингизханом Джучи. Основные контингенты монголов Чингиз отдал, естественно Бату и Орда Еджену. Все же прочие сыновья Джучи получили, вероятно, только по 100 монгольских юрт–хозяйств. Традиция наделения тюркской знати сотней хозяйств известна еще из древнетюркских рунических памятников» деген қорытындыға келеді [6.35]. Я, күрделі. Осы мәселенің жеңіл шешімін бізге Р. Теміргалиев ұсынады: «термин Жуз-Орда выглядит не совсем логичным, поскольку сами казахи никогда не смешивали эти два разных понятия – "жуз" и "орда". Тем не менее, расшифровать данное название можно. Судя по всему, этот термин произошел не от слова "орда", а от имени первого хана Восточного Кипчака – Орда-Ежена. То есть, это название надо понимать как "жуз Орды". В таком случае все становится на свои места. Причем, в подобном названии нет ничего удивительного, поскольку обычай называть государство именем его первого правителя был широко распространен в Великой степи. Вспомним улус Джучи, улус Чагатая, улус Бату и т.п. Да и Казахское ханство ногайские беки в переписке с московскими царями называли "Урусовым царевым юртом»[7]. Егер В. Юдиннің «Орда Сотня» тіркесін Г. Федоров-Давыдовтың да дұрыс деп тапқанын ескерсек [8.144] оның «сотня» сөзінің мағынасы «жүздікке» тең келеді дегені тағы бар емес пе? Олай болса нәтижесінде В. Юдиннің айтқысы келгені «Йүз–Орда» деген «Жүздік Орда», яғни «Орда Сотня» болып шықпай ма? Дегенмен, бұл жерде бір шикілік қалған сияқты. Онда В. Юдин мен Р. Теміргалиевтің пікірлерін «будандастырып» көрсек қайтеді? Біздің меңзегеніміз В.Юдиннің тіркесіндегі Орда – Орда Еженнің аты болса, онда Р. Темиргалиевтің болжамы да түсінікті болар еді, яғни «Орданың Жүздігі» / «Жуз Орды». Мәселенің шешімі біздің ойымызша осы болуы әбден мүмкін. Аталған деректен кейін «жүз» сөзі, хронология бойынша, орыс деректемелерінде кездеседі. Ондай дерек көзі – қазақ-орыс қатынастарының құжаттары болып табылады. Орыс мемлекеті негізінен Қазақ хандығына қарағанда алдымен Ноғай ордасымен елшілік қатынастар орнатқан. Міне осы қатынастардың нәтижесінде жасалған құжаттарда алғаш рет қазақ



хандығының Ноғай ордасымен арақатынасы да айтылады: 1519 жылы 9 шілдедегі «Приезд в Москву из Азова вестовых от московского посланника в Турцию Бориса Голохвастова» атты құжатта Қазақ хандығының (Казатцкой Орды) Ноғай Ордасына қысым көрсетіп отырғаны туралы хабар бар. Дәл осы жылдары, яғни Қасым ханның билік құрған заманында Мәскеу мемлекетінің билеушісі Ұлы князь III Василиймен қарым-қатынас орнатылғаны белгілі. [9.365] Егер бұл жағдайды, қазақ хандығы туралы мәліметтің орыс құжаттарында алғаш рет кезігуін, бірінші факті деп алатын болсақ, онда екінші факті 1519 жылдан бастап Қазақ хандығы орыс деректемелерінде Қазақ Ордалары деп айтылады. Мұндағы «орда» деген сөз хандық деген мағыны білдіріп отыр. Дегенмен, қазақ жүздері де кейінгі жылдардағы деректерде «орда» сөзімен сипатталады. Орыс патшалығының тарапынан жасалған құжаттарда қазақтың Кіші жүзі төмендегідей беріледі: «Киргис–кайсацкой орды Абулхаир хану, старшине и всему киргис–кайсацкому войску нашего и. в. милость...» [10. 46], осы тектес ХҮІІІ ғасырдың 40-50 жылдары жасалған құжаттарда қазақ жүздері сәйкесінше Ұлы, Орта, Кіші ордалар деп атала бастайды: «О притчине Абулхаирхановой смерти слышал я, что пред тем временем, как убит, из Большой орды Джалаирского роду... каракалпацкого народу в Киргис–кайсацкую орду выехали... Средней же орды... Меньшей орды киргисцами...». [10.485] Бұл жердегі «Орда» сөзі, көріп отырғанымыздай тек жүздерге ғана қатысты емес, сонымен бірге қазақ хандығына да, каракалпақтарға да қатысты айтылады. Егер «орда» сөзінің анықтамасы: «түркі және моңғол халықтарындағы әскери-әкімшілік ұйым, мекен, көшпелілер тұрағы, феодалдық ірі мемлекеттері мен одақтарының атаулары» [11. 173] болса, онда жағдай түсінікті. Үшінші мәселеміз аталған құжаттардағы «Казатцкие Орды» тіркесінің қай мағынада қолданылатынын анықтау. Бұл тіркес орыс құжаттарында, айтып өткеніміздей, 1519 жылдан бастап кездеседі және 1585 жылғы құжаттарда алғаш рет қазақтың Ұлы жүзі туралы айтылады, яғни алғашқы құжаттарда «казатцкие орды» деген тіркес берілсе, 1585 жылы «Казатцкие Большие орды» деген тіркес орын алады. Дегенмен, бұл жерде анықтауды қажет ететін тағы бір мәселе туындайды. Ол құжаттардағы кездесетін осы тіркестерге байланысты. Бұл жағдайды түсіндіру үшін біз алдарыңызға үш құжатты келтірмекпіз және оларды сандармен белгілейміз. Олай болса: 1- № 93 (1519.07.09) құжаттың мазмұны: «От Нагаи, сказывают, посол приходил от Шигым мурзы х крымскому, Шакур Чабаев сын. А приходил, сказывают, с тем, что им тесно от Казатцкой Орды» [12.57] 2- № 94 (1569.11.21) құжаттың мазмұны: «А Казатцкие Орды Акназара царя и Шигая царевича и Челыма царевича, а с ними дватцать царевичев приход их был на Нагаи и бой ...» [12.151] 3- № 120 (1585.09.04) құжаттың мазмұны: «А ныне прислали в государя нашего отчину в Астрахань Казацкие Большие Орды



царевичи, Акназара царя дети, бити челом государю нашему о том чтоб их государь пожаловал, взял их в свое имя и держал их всю Казацкую Орду под своею царскою рукою...» [12.182] Алдымыздағы үш құжатта берілген «Қазақ ордаларын» салыстыратын болсақ, бірінші құжаттағы мәліметке қарап біз «Қазақ ордасының Ноғайларға қысым көрсеткені туралы» айтылып отыр дей аламыз, яғни бұл жерде «Қазақ ордасы» жекеше мағынада тұрғанын байқау қиын емес, ал екінші құжат мәліметтерінде «Ақназар хан мен Шығай және Шелым сұлтандардың Қазақ Ордалары туралы» айтылып тұрғандай ой қалдырады. Енді Үшінші құжат мәліметтеріне назар салайық, мұнда «Қазақтың Ақназар ханы өзінің ұлдарын – Қазақтың Үлкен (Ұлы) Ордасының сұлтандарын орыс патшасының қамқорлығын қабылдауға жібергені» туралы баяндалады. Соңғы құжатта Қазақтың Ұлы жүзі туралы айтылып тұрғаны даусыз, ол туралы А.И. Исин айтқан болатын. [13.106] Яғни ол Қазақтың үлкен ордасы құжаттарда алғаш рет 1616 жылы емес, 1585 жылы кездесетінін алға тартқан алғашқы тарихшы болатын. Алдымыздағы құжат оның дәлелі болып табылады да. Дегенмен, егер қазақтың ұлы жүзі туралы алғашқы мәлімет 1585 жылы кездесетін болса, қазақ хандығының жүздерге бөлінуі одан бұрын орын алған құбылыс екені де даусыз емес пе? Олай болса біз алдымыздағы № 94 құжаттың негізінде қазақтың (ұлы жүзден бөлек) жүздері туралы алғашқы мәлімет 1569 жылы кездесетінін батыл айта аламыз. Аталған мәліметтерді келтіру арқылы біз Қазақ жүздері туралы алғаш мәліметтердің қашан пайда болғанын анықтадық, ендігі мәселе «жүз» этнотермині дерек мәліметтерінде, қазақ жүздеріне қатысты, қашаннан қолданыла бастағанын анықтау болып табылмақ. Қазақ – орыс қатынастарының құжаттарын және орыс ғалымдарының еңбектерін қарастыра келе біз онда «жүз» этнотермині қолданылмайтынын, оның орнына жоғарыда аталған «орда» термині берілетінін байқадық. Жалпы «Орда» сөзі түркі-моңғол тектес. Оның бастапқы мағынасы – киіз үй, ханның үйі, кейін оның мағынасы «ставка хана» деп өзгеріске ұшырады. [14. 370] Орыс тіліне ол «степное кочевое объединение» мағынасында енген. [15.447] Ендігі мәселе «Жүз» атауының нендей мағына беретіндігін анықтау болмақ. Ол үшін біз ең алдымен қазақ халқының жүздеріне қатысты қалам тартқандардың еңбектеріндегі «жүз» этнотерминінің орын алуы мен нендей мағынада қолданылатынын анықтап көрейік. Бұл сұраққа алғаш жауап іздегендердің ішінен тарих ғылымын зерттеуге ден қойған тұңғыш қазақ ғалымы, еліміздің біртуар ғылым қайраткері Шоқан Уәлихановтың «Киргизское родословие» атты еңбегін айта аламыз, онда мынадай жолдар келтірілген: «Народ казак разделяются на три сотни – юз, которые русские называют ордами и которые по старшинству у них называются Большая, Средняя и Меньшая сотня» []. Бұл жерден біз ғалым «жүз» атауын «сотня» деген орыс сөзімен



баламалап тұрғанын көріп тұрмыз. Сонымен бірге автор жүздерді орыстардың «орда» деп атайтынын да хабарлап тұр, олай болса «орда» деген сөздің мағынасын біз жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Жаңа дәуір әдебиеті бізге қазақ жүздері туралы аса ауқымды ақпарат бермейді. Дегенмен, бұл дәуір бізге қазақ жүздерінің пайда болуына байланысты орыс ғалымдарының қағаз бетіне түсірген аңыздарды қалдырған. Осы орайда аңызды оқып отырып алдыңдағы ақпаратты жай тарихты мифологизациялауға балап ығыстырып, зерттеуімізде де тарихнамалық маңыз беріп қана қоюға болады. Дегенмен, аңыздың астарында ақиқаттың да болуы мүмкін емес пе? Н.И. Гродеков өзінің «Киргизы и кара киргизы Сыр-Дарьинской области» атты еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді: «Алаша хан послал три отряда холостых наездников разных узбекских родов пограничную область, сторожить свои владения. Находясь там долго без жен, они занимали к себе, рассказами о богатстве, 300 кибиток долы (цыган или бродяг) и подговорили жен убить мужей; затем взяли к себе жен долы. Предводителями трех орд после Алаша были его три сына: Великий – Байшура, Средний – Жаншура, и Малой – Карашура. Размножившись и разбогатев, киргизы начали распространяться во все стороны; причем заняли: Великая орда (улу юз) юг, около населенных мест, Средняя орда (орта юз) – места, удобная для табунов, а Малая орда (кши юз) – местности, пограничная в Россию» [16.44] Ал Г.Н. Потанин болса өзінің Мұса Шерманұлынан жазып алған мынадай аңыз келтіреді: «Предок всего киргизского народа был Котан; он имел трех сыновей – Акджол, Альчин и Юсун. От Акджола произошла Средняя Орда, от Альчина – Малая и от Юсуна – Большая». [17.239] Көріп отырғанымыздай екі автордың беріп отырған аңыздарының негізгі мәні жүздердің бір атадан тарап отырғаны, олай болса біз үш жүз бауырлас, қандас болды деп қорыта аламыз. Ал бұл аңыздардың алғашқысынан біз «жүз» сөзінің мәніне байланысты мынаны түйдік: «жүз» – «орда» сөздері синоним, яғни бір мағынада қолданылады және оның мағынасы әскер, жүздік дегенге саяды. Сонымен бірге ХІХ ғасырдың көрнекті қайраткері, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да қазақ жүздерінің қалыптасуын халық арасында тараған аңызбен байланыстырады. Дегенмен оның келтірген аңызының ерекшелігі жүздерді бір атадан таратпайды. Автор жүздердің қалыптасуын Майқы бидің өмір сүрген уақытымен сәйкестендіреді. Сол заманда бір Қызыл Арыстан ханның ала баласы туылған кезінде әкесінен ажырап, уақыт өткен соң оның тірі екенін білген заманда хан оны шақырып келуге үш рет жүз сарбаздан жіберіп отырады. Олардан кейін қазақ жүздері қалыптасады деседі. Сол сарбаздарды басқарып барған батырлардың аттары біріншісінікі Үйсін, Майқы бидің ұлы; екінші жүздіктің басшысы Қотан бидің ұлы Болат; үшінші жүздіктің басшысы Қоғам бидің баласы Алшын болды. Арыстан ханның баласы хан көтеріліп,



Алаша хан атанғанда Үйсін «Ұлы жүз Үйсін» атанып, Түпқазық салықшы; Болатқожа «Орта жүз Ақжол» атанып, тосқауылшы болады; Алшын беті қайтпас ержүрек болғандықтан Кіші жүз Алшын атанып, Жау шабарлар болады. [18.15-17] Осылайша қазақ жүздері қалыптасты деген өзінің уәжін келтіреді. Алдымыздағы ақпаратты сарапқа салар болсақ, бұл жерде қазақ жүздері үш жасақтан, яғни әскерлерден қалыптасқан. Сонымен бірге мұнда тағы бір астарлы нәрсе үш жүздің бір хандықты құрауында және орталық билікке бағынуында болып тұр. Яғни бұл жерден біз мынадай қорытындыға келеміз: «жүз» атауының бұл аңыз бойынша мағынасы – жүздік немесе орыс тілінде «сотня», әскер. Қарап шыққан деректердегі қазақтың «жүз» атауының мағынасы XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басына дейін орыс ғалымдардың танымында әскер, жүздік, яғни әскери бөлініс ретінде бейнеленген. Және бұл жағдай Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атаулы еңбегінде де сақталады: «Үш жүздің ... үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық. Ресейде аға сұлтан, қытайда уаң, күң сияқты, арабша жүз дегені – бөлшек, топ мағынасында» қолданылатындығын айтады [19.66]. Осы пікірді қолдайтындарға сонымен бірге С. Аманжолов, Х. Әділгереев, С.Мұқанов, У. Шәлекенов, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев секілді тарихшыларымызды жатқыза аламыз [20]. Заманауи тарихшылардың арасында кеңестік кезең ғалымдарының еңбектеріне сын көзбен қарау қалыптасып қойған, әйтсе де қазақ елінің тарихының нақты мәселелеріне қатысты негізгі концепциялардың сол дәуірде қалыптасып үлгергені даусыз. Сол сияқты біздің тақырыбымызды зерттеудің алғышарттары да өткен ғасырдан бастау алады. Алайда, «жүз» терминіне байланысты тарихшылар бір тоқтамға әлі де келе алмады. Зерттеушілер өз тарапынан мәселенің зерттелуіне үлес қосып, болжамдарын алға тартуда, десе де ортақ пікір жоқ - бұл факт. «Жүз» терминінің этимологиясына қатысты тарихта орын алатын бірнеше негізгі пікірлерге тоқталайық. «Жүз» терминіне байланысты алғашқы гипотизаның авторы М. Тынышбаев болса керек. Оның айтуынша «Жүз» сөзінің мағынасы ежелгі түрік тілінен аударғанда «доз», яғни «бекініс», «Орда» деген мағынаны білдіреді [21.147-149]; Келесі гипотиза В.В. Радловтікі, ол: «юз» (жүз) және гуз (уз) сөзі төркіндес екенін айта келіп: «Если моя концепция правильна, то гузы (узы) может быть, все равно, что «юз», т.е. – «сто племен» деген пікірге тоқтайды». [22.117]; Тағы бір пікірдің авторы – З. Қинаятұлы. Ол «Juz» сөзі бағыт бағдарды білдіретін ұғым» дей келе өз тұжырымын былай түсіндіреді: «Ежелгі түріктер бұл ұғымды «Juz» (жүз), «Gag» (қол), «Jiguug» (қанат) деген мағынада қолданған. Мұндағы қол дегені әскери қол (корпус), «жүз» дегені оң жақ, сол жақ немесе оң қанатым, сол қанатым деген ұғымды білдіреді» [23.584]. Айта кететін жайт, «жүз» проблемасымен тек тарихшылар



айналысып жүрген жоқ. Мысалға, Е. Жанпейісов «жүз – буын, бунақ деген мағына береді, ұрпақ деген семантикаға саяды. Сонда Ұлы жүз – Үлкен буын немесе ұрпақ, Орта жүз – орта буын немесе ұрпақ, Кіші жүз – соңғы буын болып шығады» десе [24], Т. Жанұзақов «жүз» терминінің этимологиясын А. Кононовқа сүйеніп, былай түсіндіреді: «жүз» этнотермині көне түрік тіліндегі оғуз этнотерминінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген күйі... жүз – ру, тайпа, тайпалық одақ» деген мағынаны беретін сөз дейді [1.473]. Байқап қарар болсақ барлығы да ойға қонымды, шындыққа жанасады. Дегенмен, олардың қайсысы дұрыс? Немесе басқаша шешімі бар ма екен? Бұл сұраққа жауап табуға тырысып көрелік. Қазақ жүздері дегенде біз нені елестетеміз ол ең алдымен үш территорияда орналасқан қазақтың ру–тайпаларының бірлестіктері және оның құрылуындағы ең басты мақсаты – жаудан тиімді қорғану болып табылады. Ондағы тайпалар негізінен бір–біріне туыстығы бар немесе тағдырлас келеді. Олай болса жоғарыда «жүз» терминіне байланысты келтірілген түсініктердің барлығын да «жүз» ұғымына қатыстыруға болады емес пе? Яғни, жүз – қазақ хандығының белгілі тайпаларының («сто племен» Радлов В.) белгілі территорияларда («бекініс», «орда» Тынышбаев М.) тайпалық одақтарға (Жанұзақ Т.) бірігіп, үш бөлікке (С. Аманжолов, Х. Әділгереев, У. Шәлекенов, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев), яғни қанаттарға (З. Қинаятұлы) бөлінуі. Бұл қазақ жүздерінің тарихи айналымға енгізілген анықтамасы. Мұқият анализ жасайтын болсақ, айтылған пікірлердің барлығы қазақ жүздері қалыптасып болғаннан кейінгі, жүздердің атқаратын функциясына қарап жасалған тұжырымдар екенін байқауға болады. Ал егер қазақ жүздері әлі қалыптаспаған деп алсақ, бір бүтінді бөліктерге бөліп оны дәл солай «бөлік» деп атай салуға болар ма еді? Біздің ойымызша назарымызды ең алдымен сол кездегі жағдайға аудару керек. Жауға қарсы стратегия ойлап тауып, ел қорғау мақсатында үш тарапқа бөлініп халықты аман сақтауға тырысқан ата бабаларымыз аспаннан жаңалық тапқан жоқ, олар көшпелілердің дәстүрлі, ел қорғау әдісін ұстанды. Олай болса неге сол дәстүрлі үшке бөліну салтын дәстүр бойынша «жүздік», «жүз» деп атамасқа? [9.309-310]. Сонымен бірге біз мынаны есімізден шығармауымыз керек: қазақ жүздерінің қалыптасуына байланысты аңыздардың басым көпшілігінде «жүз» – әскер мағынасын меңзейді және Ш. Уәлиханов та «сотня» сөзін «жүз» сөзінің баламасы ретінде қолданған. Жалпы бұл жағдай, «жүз» сөзін әскери бөлініс ретінде қабылдау, ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы (және ішінара ХХ ғасырдағы еңбектерде (мыс. М.П.Вяткин) орын алады. Тек кейінгі зерттеулерде ғана ғалымдардың аталмыш этнотерминге жүздің сипатын білдіретін түрлі мағына таңып жүргенін байқаймыз. Алайда бұл талпыныстар бос әурешілік емес пе екен? Тарихшыларымыз «жүз» сөзінің бастапқы дұрыс мағынасынан ауытқып кетпегеніне («орда» терминін қараңыз) кім кепіл? Біздің ойымызша «жүз» сөзі эволюцияға ұшыраған. «Жүз» - бастапқыда әскери



жүздік мағынасында қолданылып, кейін ол әкімшілік бірлікті білдірген, бұл орайдан «жүз» сөзін оң, сол, ортаңғы қанат, жер жүзі [25.33], «түз» (дала, степь) [26.36] деп ұғынудың да себептері түсінікті болады. Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ жүздері туралы мағлұматтарды біз негізінен қазақ–орыс қатынастарының құжаттарынан және орыс зерттеушілерінің еңбектерінен таба аламыз. Онда «орда» сөзі «жүз» сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Жалпы құжаттардағы «орда» термині «хандық» деген мағынада да қолданылады. Ал оның «жүз» мағынасында қолданысқа енуі жоғарыда дәлелдегеніміздей 1569 жылға сай келеді және 1585 жылдан бастап Ұлы жүз – «Большая Казатцкая Орда» деп хатқа түседі. Ал «жүз» - түркі сөзі, мағынасы - «жүздік» болуы ақылға қонымды көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т. Жанұзақ. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – 524 б.

2. М. Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат–ит–түік): үш томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы ХАНТ., 600 – бет.

3. Материалы по истории казахских ханств XV–XVII веков: (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма–Ата, 1969. – 651 б.

4. Б.А. Ахмедов. Государство кочевых узбеков. М., «Наука», 1965. – 180 б.

5. Т.И. Султанов. О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ. 1972. № 3.

6. В.П. Юдин. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... / В кн. Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата: «Гылым», 1992 – 296 с.

7. Р. Темиргалиев. Из истории казахского триединства. <http://www.centrasia.ru/newsA.php>

8. Г.А. Федоров-Давыдов. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973.

9. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.ІІ. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 640 б.

10. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Алма- ата: Издательство АН Каз ССР, 1961.–744 б.

11. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы Т.7. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2005. – 728 б.

12. История Казахстана в Русских источниках. Т. 1. Посольские материалы Русского государства (XV–XVII вв.). – Алматы: Дайк–Пресс, 2005. – 704 с. + 16 с. вкл.

13. А.И. Исин. Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV-XVI века. – Алматы, 2004.

14. Древнетюркский словарь. Л., 1969.



15. С.И. Ожегов. Словарь русского языка. М., 1960
16. Қазақ қайдан шықты: Н. И. Гродековтың топшалауы // Алаш № 3(3) 2005, - Б. – 44.
17. История Казахстана в Русских источниках XVI–XX веков. Том VIII. Потанин Г.Н. История и материалы. – Алматы: Дайк–Пресс, 2006. – 600 с.
18. М.Ж. Көпеев. Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған? // Қазақ тарихы. 1993, № 2. –Б.15-17.
19. Х. Құрбанғали. «Тауарих хамса» Бес тарих. Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
20. С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: «Санат», 1997. – Б. – 111; Адильгереев Х.М. К истории образования казахского народа // Вестник АН Каз ССР –С. 82-83; Омарбеков Т. Кәрібаев Б. Ғабжалелов Х. Қазақ жүздері: жаңа тарихи болжамдар // Алаш №3 (3) 2005 –Б. – 67; Шәлекенов У. Қазақтың жүзге бөлінуі // Жалын №11, 2007. – Б. – 3. 21. М. Тынышбаев. История казахского народа. –Алматы: «Санат», 1998.–224 б.
22. В.В. Радлов. К вопросу об уйгурах. СПб., 1893. – 130 б.
23. З. Қинаятұлы. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Т.2.Алматы. «Тарих тағылымы», 2010. – 728 б.
24. Е. Жанпейісов. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы, 1976.
25. Д.Қ. Есенов. Қазақ жүздерінің қалыптасу кезеңі және себебі // Қазіргі заманғы маңызды проблемалар. Қарағанды, 2006. 1(10). 30-35 б.
26. С. Жақсыбаев. Қазақ жүздері қайдан шыққан? //Ақиқат.№9, 2009. 36-39 б.



Қарлығаш Қадашева

*«Тұран-Астана» университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы*

София Омарова

*«Тұран-Астана» университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Ұлмекен Асанова

Л.Н.Гумилев атындағы

*Еуразия ұлттық университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты*

Қазақ тілі сабағында бейнежазбаларды қолдану технологиясы

Бүгінгі күні оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, қойылған мақсатқа жету, сабақта қазіргі заманғы инновациялық әдістерді қолданумен бірге, оқыту үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу аса маңызды болып отыр. Осыған орай заманауи ақпараттық технологияны қолдану тілдік тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, көп көлемді ақпаратты есінде ұзақ сақтауға, әңгімелесушімен жедел қарым-қатынасқа түсу қабілетін қалыптастырып, шығармашылық ойлауын дамытуға әсер етеді. Ақпараттық технологияларға фильмдер, мультимедиялық сабақтар, жарнамалар, бейнежазбалар және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Оқу үдерісінде бейнежазба сабақтарды пайдалану өте тиімді және тіл үйренушінің қызығушылығын арттырады. Сондай-ақ бейнежазба тіл үйренушінің сөйлеу тілін де белсендіруге және оқу материалдарын қабылдауға мүмкіндік береді.

Бейнематериалдарды тиімді пайдалану үшін төмендегі шарттарды есепке алу керек:

1. Отандық кинофильмдердің ішінен сапалы фильмдерді таңдау.
2. Бейнежазба материалдарын тіл үйренушінің білім деңгейіне қарай іріктеу.
3. Бейнекөріністерді кезең-кезеңмен үйрету (көріністі көргенге дейінгі кезең, көрініс кезеңі, көріністен кейінгі кезең).
4. Фильмнің мазмұнына қарай оқу клиптерін дайындау.
5. Оқу клиптерінің көрсетілу ұзақтығы 5-10 минуттан аспауы керек.

Бейнежазба қазақ тілі оқулығына енген тақырыптардың мазмұнына сәйкес құрастырылады. Мысалы, отбасы дәстүрлері, табиғат, мінез, салт-дәстүр, мектеп өмірі, ұлттық тәрбие және т.б. Тіл үйретуші бейнебаян көріністерін өтілетін сабақтың тақырыбына қарай жоспарлауы қажет.

Бейнежазбаның тиімділігі мынадай:



- ақпараттық маңыздылығы;
- тілдік материалдарды бейнекөріністер арқылы жылдам қабылдауы;
- тіл үйренушінің қызығушылығын арттыруға әсері.

Бейнежазба мәтіні және оған берілген тапсырмалармен жұмыс істеу кезеңдері

Кез келген мәтінмен жұмыс істеу негізгі үш кезеңді құрайды: көріністі көргенге дейінгі кезең, көрініс кезеңі, көріністен кейінгі кезең.

I. Көріністі көргенге дейінгі кезең

Кезең мақсаты:

1) Тіл үйренушінің қызығушылығын арттыру және тапсырмаларды орындау үшін мәтінді қабылдау кезеңіндегі қиындықтарды болдырмау мақсатында мынадай тапсырмалар беріледі:

- берілген тақырыпқа немесе тақырыпшаға байланысты бұрынғы бар біліміне шолу жасау;

- тақырып немесе тақырыпшаның ерекшелігіне назар аударту;
- көріністі дыбыссыз көрсету;
- мәтіндегі қиын сөздердің аудармасы жазылған тізімді ұсыну;
- сұрақтар тізімін беру.

2) Көріністі көру кезеңіндегі тапсырмалар мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

- тіл үйренушінің қызығушылығын туғызу;
- қиындықты жеңу.

3) Көріністі көру кезеңіндегі тапсырма түрлері:

- көрініс тақырыбын оқып, оқиға не жөнінде болатындығын сұрау;

- мәтінге берілген сұрақтармен таныстыру және мәтін мазмұны не туралы екендігін сұрау;

- бейнекөріністің тақырыпшасы мен тапсырмаларын қарап, оның мазмұны туралы өз болжам сұрақтарын жазғызу;

- Бейнежазбаның тақырыпшасымен және бейнемәтінмен танысқаннан кейін мынадай тапсырмалар беру керек. Мәселен, Сіз бұл тақырып бойынша тағы не білесіз? Не білгіңіз келеді? Тіл үйретуші бейнекөріністің сюжетін қысқаша түсіндіреді. Ол тіл үйренушілерге ұсынылатын мәтін идеясын қарапайым сөздер арқылы түсіндіруге әрекет жасайды. Белсенді лексикалар тізімін ұсынады.

II. Көрініс кезеңі

Кезең мақсаты: Тіл үйренушілердің тілді тұтынушының тілінде берілген



бейнекөріністі көре отырып, қарым-қатынасқа түсуі арқылы тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени құзыретін қалыптастыру.

Тапсырмалар түрлері:

1.Тілдік ақпаратты іздеуге арналған тапсырмалар ұсыну. Бұл тапсырмалар белгілі бір тілдік (лексика, фонетика және грамматика) материалдарды айқындау мақсатында беріледі. Мұндай тапсырмалар түрлері былайша берілуі мүмкін:

А) Бейнекөріністі көріңіз:

- қазақ тілінде берілген белсенді сөздердің ана тіліңіздегі баламасын беріңіз;
- сөйлемдегі бос орындарды тиісті сөздермен толтырыңыз;
- бейнекөріністе қолданылған зат есімдермен баланы еркелету сөздерін жазыңыз;
- берілген етістіктерді (тізім бойынша) бейнекөріністегі кейіпкер сөзінің нұсқасында жазыңыз;
- мәтіндегі еркелету мағынасында қолданылған сөздердің қандай интонациямен айтылғанын жазыңыз.

2. Тіл үйренушінің белсенді дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар. Бұл кезеңде төмендегідей дәстүрлі тапсырмаларды пайдалануға болады:

- сұрақтың дұрыс жауабын табу;
- мәтін бөлігін логикалық тізбекте құру;
- көрініс мазмұнына сәйкес себеп мәнді байланыстар құру.

3.Сөйлеу дағдысын қалыптастыратын тапсырмалар түрлерін ұсыну.

3.1.Суреттеме беру:

- кейіпкердің сыртқы тұлғасы, киімі;
- көріністегі көрген заттық бұйымдар;
- оқиға орны;
- кейіпкерлер арасындағы өзара қарым-қатынас және т.б.

4.Бейнежазба көріністері арқылы көріп-байқаған сюжет бойынша әңгіме құру, хабарлама жасау.

4.1. Диалог мәтіні бойынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында орындалатын тапсырмалар:

- дыбыспен көру (3рет);
- дыбыссыз көру (2 рет);
- рөлдерде ойнау (кейіпкерлер сөздерін дыбыспен және дыбыссыз қайталау).

5. Әлеуметтік-мәдени білігін дамытуға арналған тапсырмалар түрлері:

- түрлі мәдениеттерді салыстыру арқылы тілді үйрену қажет, ол үшін жалпы мәдениетаралық заңдылықты, ерекшеліктер мен айырмашылықтарды байқау тапсырмасы орындалады;

- салыстыру және салғастыру жаттығуларын орындау. Мысалы, Сіздің мәдениетіңізде қалай? Ұқсастықтар бар ма?



III. Көріністен кейінгі кезең

Кезең мақсаты: Ауызша және жазбаша сөйлеу үшін мәтінді негізгі тірек ретінде пайдалану.

Тапсырмалар түрлері:

1) Көріп-байқаған бейнекөрініс мәтініне өзіндік балама мәтін ұсынуға бағытталған жобалық жұмыс орындау.

2) Бейнежазбадағы жағдаятқа байланысты рөлдік ойын түрін ұсыну.

3) Бейнедиалог тапсырмасы:

- тіл үйретуші фильм кейіпкерлерінің репликаларын қағазға жазып алады да, тіл үйренушілерге бұл репликаның қай кейіпкерге тән екендігін табу тапсырмасын ұсынады;

- тіл үйренушілер бейнекөріністі дыбыссыз көріп, диалог репликаларының қай кейіпкердің сөзі екенін анықтайды.

Белгілі кинорежиссер Рүстем Әбдіраштың «Балалық шағымның аспаны» фильмінен жасалған оқу клиптері үлгі ретінде ұсынылады.

Бейнебаян: Балалық шағымның аспаны





*Бұлар кімдер?
Олардың Сұлтанға қандай қатысы бар?
Балалық шақ*

I. Көріністі көргенге дейінгі кезең

- 1. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
Сіз ол адам туралы не білесіз?*
- 2. Оның балалық шағы қай жерде өтті?*



II. Көрініс кезеңі

Белгілеңіз (✓).

- 1. ҚР Президенті қай жерде дүниеге келді?*

Алатаудың бауырында

Көкшетауда



- Қаратау бауырында
- Алматы қаласында
- Үшқоңыр жайлауында

2. Нұрсұлтан Әбішұлы өзі туралы күнделікті қай жерде жазып отырды?

- үйде
- ұшақта
- жұмыс бөлмесінде
- кеңседе
- пойызда



Әдістемелік аясында

1. Нұрсұлтан Әбішұлының монологін оқыңыз және төмендегі сұраққа жауап беріңіз.

III. Көріністен кейінгі кезең



Елбасының монологі

Дәл қазір менің өмірімнің көп сәті республика аймағына, әлемнің әртүрлі мемлекеттеріне таусылмайтын арнаулы сапарлар мен ұшақ үстінде өтіп жатса-да, ұшар биіктен төменге қараудың нағыз әсерлі жүрегімді баурап алар шын-найы сезімді бірінші рет ұшаққа отырғанда да емес, ең алғаш рет өзім өрмелеп шығып, биік шыңның басында кіп-кішкентай болып тұрғанымда көкке самғағандай болдым.

Елбасы ұшар биіктен төменге қараудың қаншалықты әсерлі екенін қалай жеткізген?

Баланың дүниеге келуі

I. Көріністі көргенге дейінгі кезең

Баланың дүниеге келуімен байланысты қазақ халқының қандай әдет-ғұрыптары бар?

Жаңа туған баланы атасы мен әжесінің тәрбиесіне беру салты сіздің мәдениетіңізде бар ма?



II. Көрініс кезеңі

1. Қазанда ... қайнап жатыр. Белгілеңіз (✓).

- су
- сүт
- ет
- құрт



2. Жас сәбиді алғаш рет қолына алып жылы сөзін айтқан кім? Белгілеңіз (✓).

- әкесі
- бауыры
- әжесі
- анасы
- ауылдасы





3. Әжесі жас сәбиді қолына алған сәтте оған қандай еркелету сөзін айтты?

Белгілеңіз (✓).

- айналайын
- ботақаным
- құлыным
- жаным
- карағым



III. Көріністен кейінгі кезең

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Әжесі немересін баласына көруге неге рұқсат бермеді?

Алшысынан түскен асыққа қарап, әжесі жас нәрестенің болашағы туралы қандай болжам айтты?

Сіздің мәдениетіңізде бала дүниеге келгеннен бастап қырқынан шыққанға дейін жасалатын қандай тыйымдар бар?

2. Төменде берілген сөздерді пайдаланып, әжесінің қандай киім кигенін суреттеңіз.





Берілген сөздер: кимешек, мәсі, көйлек, сұр, ақ, қара, қамзол
Тұсау кесу

I. Көріністі көргенге дейінгі кезең

Сіздің мәдениетіңізде баланың алғашқы қадам басуына қатысты әдет-ғұрып бар ма?

Сіз бұл әдет-ғұрыптың қалай аталатынын білесіз бе?

Тұсау кесу тойына неге ерекше мән беріледі деп ойлайсыз?



Әдістеме аясында

II. Көрініс кезеңі

1. *Іс-әрекет болып жатыр.*
Белгілеңіз (✓).

- көктемде
- күзде
- жазда
- қыста



2. *Қонақтар мен туысқандар қайда отыр? Белгілеңіз (✓).*



- үйде
- таудың бауырында
- далада
- киіз үйде

3. Сіз тұсау кесу рәсімі орындалып жатқан кезде нені көрдіңіз?
Белгілеңіз (✓).

- машинаны
- тауды
- арбаларды
- өзенді
- көп жылқыны
- киізүйді
- бірнеше адамдарды



4. Батаны кім берді?

- бала Сұлтанның әжесі
- бейтаныс ер адам
- ақсақал
- бала Сұлтанның әкесі
- жас келін



III. Көріністен кейінгі кезең

1. Бата сөзін тағы да қайталап оқыңыз және қажетті сөздерді таңдаңыз.

Бір үйдің болма,
 Көп үйдің бол.
 Бір атасы болма,
 Бар елдің бол.
 Өзіңе бол,

анасы/баласы
 санасы/саласы
 жұрттың/елдің
 әкесі/атасы
 кәміл/әділ



Еліңе бол,
..... таңы бол,
Маңдайдағы бол! Әумин!

күн/күл
еліңнің/халқыңның
бағы/шырағы

Жоғарыда берілген сөздерді ілік септігінде жазыңыз.

Үлгі: баласы – баланың

Осы берілген бата сөзін жаттап алыңыз.

2. Жолға шығарда қарт адам қандай тілек сөздер айтты? Жазыңыз.

Оқу үдерісінде бейнесабактар сөйлеу әрекетінің төрт түрін дамытуға тиімді әсер етеді. Қазақ тілі сабағында жоғарыда берілген бейнежазба материалдары мен тапсырмалар жүйесін пайдалану тіл үйретушілердің де, тіл үйренушілердің де мүмкіндіктерін кеңейтері анық. Тіл үйренушінің қатысымдық мәдениетін қалыптастыруда бейнежазбалардың маңызы зор, себебі тіл үйренуші тілді тұтынушының шынайы тілін үйренеді және түрлі сөйлеу жағдаятында қарым-қатынасқа түсудегі білігін арттырады. Демек, заманауи ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану – қазіргі заман талабы.



Клара Қабатаева

*Қарағанды экономикалық университеті қазақ тілі және
Қазақстан мәдениеті кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор*

ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік тіл мәселесі - өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе. Осы орайда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін барлық жерде кеңінен қолға алып, тікелей ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу қажеттігін тұрақты күн тәртібіне қою керек. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгінгі қоғам оқытушының біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде.

«Тіл қарым-қатынас құралы. Сондықтан оған тән белгілерді сөйлем шекарасынан шығып, тыңдаушы, сөйлеуші жағдай, стиль сияқты уәждемелерді қамти отырып, анықтауға болады» (1,24).

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал етеді. Лексикалық минимум қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) минимальды сөздер мен сөз тіркестерінің жиынын қамтиды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Минимум тілді үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған.

Лексикалық бірліктерді таңдаудың мақсаты қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білудегі қолданылатын белсенді сөздік қорын сараптау мен оларды жүйелеу. Осыған орай тілді үйренуші азаматтар үшін тіл үйренуде өз ойын



пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыра білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталады.

Әрбір деңгейдің лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген: Жүйелілік, сабақтастық, дамытушы, коммуникация, нәтижелілік.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әртүрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бірін-бірімен жүйелі байланыстырылған. Бірінші саты үш сөз табымен көрсетілген. Олар: зат есім, сын есім, етістік. Екінші саты – бұл сан есімдер, есімдіктер, үстеулер. Үшінші саты – жалғаулықтар, одағайлар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бөлек көрсетілген және олардың орысша, ағылшынша баламалары берілген. Лексикалық бірліктерді сөз таптары бойынша бөліктермен бөліп беру сөздерді сөйлемдерде пайдалануды жеңілдетеді, себебі әрбір сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Тілді тиімді үйрену үшін әрбір сөз табының сөздер жиыны мағыналық топтар мен бөліктерге бөлініп берілді. Бөліктер мағынасы бойынша бірін-бірімен тығыз байланысты сөздерден тұрады.

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.

Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған» [2,11].

Жастар ұлттың болашағы, қоғамның әлеуметтік байлығы, біз олардың адамзаттық жоғары парасаттылығын, ақылдылықпен білімділігін, адамгершілік негізін қалыптастыра білуіміз керек.



Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

«Қазақстан - 2050» ұзақмерзімді даму стратегиясына болашақ ұрпаққа білім берудің біздің қоғамымыздағы айқын басымдықтардың бірі екендігі аталып, білім беруді сапалы жүзеге асыру ел болашағы үшін маңызды фактор ретінде тұжырымдалған болатын. Әсіресе жоғары білім беру жүйесі біздің елімізде жаңа өндіріс және ғылым салалары бойынша білікті мамандар даярлау ісін қамтамасыз етуі тиіс.

Шоғырландыру, біртұтас ақпараттық, экономикалық кеңістік құру бағыттарының жүргізіле бастағанына байланысты қазіргі кезеңде барлық мемлекет білім беру мәселесіне айрықша назар аударып отыр. Өйткені қазіргі заманның талабы бойынша жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – қай мемлекетте болмасын білім беру технологияларының жоғары дәрежеде жетілгендігінің көрсеткіші.

Гуманитарлық ғылым салаларында 1960 жылдардан бастап «педагогикалық технология» деген термин қолданыла бастағаны белгілі. Жаңа ұғымның ілгері шығарылуына негіз болған басты себеп – ғылыми-техникалық үдеріс жағдайында білім беруді сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру. Дей тұрсақ та бүгінгі таңда педагогикалық технология ұйымдастыру нысандарының немесе оқытудың қандай да бір құралдарын қолданудың әдістемелік тәсілдерінің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар бұл ұғым-түсінік білім беруді дамыту ұстанымдарын анықтау, оны оңтайландырудың тәсілдерін іздестіру, оқу-әдістемелік материалдардың және оқытудың техникалық құралдарының жаңа үлгілерін жасау, тың әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолдану мақсаттарында жүргізілетін ғылыми зерттеулерге де қатысты.

Технология (грек тілінде – «techne» - «өнер, шеберлік, білік» дегенді білдіреді) деген терминнің жалпы әрі негізгі анықтамасы, арнаулы және лексиколографиялық еңбектерде көрсетілетіндей, шикізатты, материалдарды алудың, өңдеудің және қайта өңдеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы екендігі мәлім. Осы анықтама мағыналық жағынан кеңейе түсіп, оқытудың



технологиясы деген мағынаға ұласып, «оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша басты мақсаттарға қол жеткізуді және іс-қимылдың сабақтастығын көздейтін іс-шаралар жүйесі» түріндегі тың терминдік сапаға ие болды. Аталған іс-шаралар жүйесі төмендегідей межелер арқылы сипатталады:

- оқытудың мақсаттары нақты және оқытудың белгілі бір өлшемдері болуы тиіс;
- оқыту технологиясы бойынша атқарылатын іс-қимыл өнімді шығармашылық сипатта болуы қажет (оқыту технологиясын ендірудің мүмкіндігінің жоғары болуы, басқа мамандар жүргізілетін іс-қимылдың әдіс-тәсілдерін шапшаң меңгеріп, оларды табысты пайдалануы);
- атқарылатын іс-қимыл мақсатқа қол жеткізуге бағытталған аяқталатын үдеріс түрінде болуы тиіс;
- оқытушы-педагогтің субъективті көзқарасы барынша байқалмайтындай дәрежеде болуы қажет.

Тәжірибе дәлелденгендей, қазіргі кезеңде білім мен біліктің, дағды мен білімнің қарапайым жиынтығы жеткіліксіз, сондықтан оқыту барысында білім алушының ақпаратты өз бетінше, дербес алуы, оған талдау жасауы, бір жүйеге түсіріп, өзінің қабілеттерін танытуы үшін қоғамда және өз қызметінде тиімді пайдалана білуі сияқты білік-дағдыларын қалыптастыру аса маңызды болып отыр. Бұл мәселе білім алушының құзырет, құзыреттілігі деген маңызды ұғымдарға барып тіреледі.

Кәсіби білікті мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың алғы шарты – жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттер өз мамандықтары салаларындағы ғылыми терминологияны толық игеруі тиіс. Егер студент жоғары оқу орнында мамандық негіздерін ғылыми тұрғыда меңгермесе, онда нағыз біліктілік деңгейіне жете алмайды. Бұл – қазіргі өмір шындығы.

Тілдерді толық игергенде ғана жас маман күнкөрісіне қажетті еңбекке орналаса алады және өз мамандығы бойынша кәсіби толысуға, кемелденуге мүмкіндік алады. Кәсіби қалыптасуын жетілдіреді, дамытады, тереңдетеді. Жоғары оқу орындарындағы техникалық, экономикалық т.б. мамандықтар бөлімдері студенттері үшін кәсіби-ғылыми терминдер жүйесі ұсынылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің негізінде мамандарды дайындайтын ғылыми тіл қалыптасады.

Ғылыми ойлау – ғылыми тіл жүйесіндегі терминдерді керек етеді. Сондықтан ғылыми тілді игерудің шынар биігі - ғылыми ойлауды дамыту. Бұны ескермеген маманның сөйлеу тілі қалыптаспаған, түсініксіз, сөйлемдерді шұбалаңқы, тұжырымдары күңгірт келетіні ақиқат. Ғылыми тілді үйрену – ғылыми ойды дамыту, ғылыми ойды ана тілінде қалыптастыру болашақ маманнан шеберлікті қажет етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін да-



мыту міндеттерімен ұштасып жатқандығын ескере отырып, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудағы әдіснаманы дұрыс тандап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі студенттердің болашақ мамандығымен де байланысты екендігін көрсетеді. ЖОО-ны бітірген жас маман еліміздің өндірісі мен экономикасын ілгері дамытатын кәсіпкер. Оның алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің мемлекеттік тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады.

Осыған орай кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби бағдарлық дегеніміз – оқыту үрдісінде болашақ маманды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызу, студенттің мамандығына сәйкес оқыту, мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды игерту.

Ғалым Ф. Оразбаева: «Тілдік қатынас – жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [3,8] -дейді. Берілген анықтама бойынша тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Мамандандырылған жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту- студенттердің тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерлік пен дағдыларды игерту Әсіресе, студенттердің кәсіби сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде мақсатын көздейді.

Олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында студенттер болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Әдіскер ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге



жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. ... Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді»[4,28]- деп атап өтеді. Тіл үйренушілендің кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлы оқыту барысында ең алдымен, студенттердің кәсіби мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа қатысты оқытылатын арнайы пәндермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау көзделеді.

Студенттердің кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама, талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама, сұрастыру, сұхбат жатады. Басты мақсатымыз - болашақ мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйретіп, кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексиканы мәтіннен таба білу, оны мәтіннен тыс жағдайда орынды қолдану – олардың іскер, жан-жақты дамыған, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман тәрбиелеу болып табылады. Қазақ тілінен берілетін әрбір сабақтың тәрбиелік, танымдық жағына баса мән беріп, оның болашақ мамандығының өмірдегі қажеттілігін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік туғызу қажет.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен тіл үйренушінің кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі. Бұдан кейінгі кезекте, әдетте студенттер берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кәсіби бағытта мәтін құрастырады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады. Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі.



Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте студенттерге кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді. Тілді оқытуда мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленеді.

Әр студенттің мамандығына қатысты лексиканы меңгеруіндегі негізгі шарт – сөздік қорының мол болуы. Өйткені, сөздік қоры жеткілікті студент тілде жаңа туынды сөздер мен жаңа мағыналы сөздерді жасап, тілдесуде кеңінен қолдана алады. Тілдесімнің кәсіби бағдарлық, тақырыптық, шығармашылық түрлері студенттің сөз байлығын арттырып, толықтырады. Тақырыптық лексиканы үйретуде оны күнделікті өмірде қолданылуының жеңіл болуын, мамандыққа қатысты ұғымына мағынасының сай келуін, оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алуынуын, мағыналық ерекшеліктерінің ескерілуін, сөздердің тәрбиелік ұғымға сәйкестілігін ескерген жөн. Осындай ерекшеліктерді ескерген жағдайда ғана студенттің мамандық саласына байланысты тілдесуі өз дәрежесінде дамиды.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Тиімді жұмыс барысында студенттердің өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығына түсері сөзсіз.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары мыналар:

- студенттер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;
- кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;
- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде студенттер білімдерін молайтады;
- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ойларын жазуды үйренеді;
- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған орай, Елбасымыз айтқандай: «көпұлтты және көптілді



мемлекетіміздің достығы мен татулығы сізбен біздің зор еңбегіміз... Тілдерді дамытуда алға қойылған мақсаттарымыз бойынша 2017 жылы қазақ тілін меңгерген саны 80 пайызға, ал 2020 жылға қарай 95 пайызға жетуі тиіс. Үш тілді меңгеру – қазіргі заман талабы болып табылады» делінген [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. О. Төлегенов "Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. Алматы; Мектеп, 2002. 178-б.
2. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері», Алматы, 2001
3. Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі», Алматы, 2000.207-б
4. Ф.Ш.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері, Алматы, РБК, 1995
5. 2012 жылғы 14-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің ""Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Жолдауы



НЕСІБЕЛІ ҚҰРМАН

*М.В.Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университеті
Қазақстан филиалының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚЫ РУХАНИ ӨМІР БОЛМЫСЫ

Көзге көрінбегенімен, көк пен тылсым жер қойнауын байланыстырып, тұтас иірім жасап тұратын қоғамның Рухани өмірі туралы ой қозғағанда, осы қоғамның бар болуының маңызды әрі асқақ бір тетіктерін танып-талдайтынымызды сезінеміз де түйсінеміз.

Рухани өмірдің Көк пен Жердің «алтын көпірі» болатын болмысы – аясына еруге әркімді де қызықтыра ұмтылдыратын, бірақ кез келгенді кіргізбейтін, кірсе де барлығы бірдей пайдалана алмайтын керемет Қазынаға ұқсайды.

Неміс ғұламасы Вильгельм фон Гумбольдттың «Тіл дегеніміз – халық рухы, рух дегеніміз – тілі, осы екеуінде тең тұрған дүниеде басқа ешнәрсе жоқ» деген сөзі – рухани өмірдің сыртқа шыққан кездегі формасы тек тілмен танылатынын білдіреді.

Гумбольдттың осы ойының жалғасы ретінде қазақтың «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап, кісіні ал» нақылын алуға болады. Халық рухы тілмен таңбаланса, кісінің сөйлеуінен рухани байлығы қаншалықты екендігі байқалып тұратынын қазақ халқы ертеден таныған.

Қоғамымыздың рухани өмірі – Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан қазақстандықтардың асқақ байлық-қазынасының қаншалықты деңгей-дәрежеде екендігін көрсететін ерекше бір ая, киелі бір өріс.

Қазақстан Республикасының 25 жылдық Тәуелсіз өмірінде жаңа тұрпаттағы рух, руханилық, рухани қажеттіліктер, рухани жүйе қалыптасты деп мақтанышпен айта аламыз.

Егер рухани өмірді әлеуметтік жүйемен байланыстыра қарастыратын болсақ, онда қоғам мүшелерінің жасына және мамандығына қарай белгілі бір рухани қажеттіліктер туындап, тұтастай келгенде, мемлекетіміз сол қажеттіліктерді өтеуге қажетті әлеуметтік-саяси бағыттарды ұстанып отырғанын да тануға болады.



Тәуелсіз Қазақстанның рухани өмірі жүйесінде сәбидің «фәни» дүниеге келуінен бастап, қарттардың «бақи» дүниеге кетуіне дейінгі аралықтағы барлық әлеуметтік жүйенің рухани талаптары мен рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсаты мен оны шешуге керекті міндеттер қойылып отырғанын көреміз.

Сөз жоқ, бұл бағыттағы жасалуы тиіс жұмыстар әлі де шаш етектен. Өйткені Тәуелсіз Қазақстан – дүние жүзі картасында жоқтан пайда болған жоқ. Тарихтан тартылып келе жатқан қазақы рухани керуен – қазіргі қазақстандық рухани өмірдің тұмасы, бастау көзі. Ормандай жайқалған қазақтық рухани өмірімізді тарих парақтарына қанды атымен жазылған тұлғалар қанша шауып тастаса да, Жер-Ананың жетпіс жеті тамырынан нәр алатын тамыры терең-тереңде жатқандықтан, жайлы мерзім келгенде өркендеп өсе кететін тектілігі қуатты екенін қазір дүние жүзі танып білді дей аламыз.

Қазақтық рух, қазақы руханилылық, қазақтың рухани дүниесі – Қазақстан Республикасында тағдырдың талайымен түрлі тараптан тоғысқан 130-дан астам өзге ұлттардың бейбітшілікте өмір сүруінің өзегі, Алтын Қазығы болып отыр. Бұл – метафора немесе жай мақтанымш емес.

Қазақтық рух, қазақы руханилылық, қазақтың рухани дүниесі – Адамдықтың, Өмірдің, Бейбітшіліктің елімізге айрандай ұюы үшін қызмет ететін ұстанымдар мен қағидалардан тұрады.

Қазақтардың «Барып, сол елді шауып алайық» деген қылығын ешбір көрші ел айта алмас. Қазақ үшін Өмірдің мәні – өмірді сыйлай, қорғай, сақтай алуда.

Өмірді сыйлау дегенде - қазақ тек қазақтың ғана өмірін ойлап қоймайды, жер бетіне келген тіршілік иелерінің барлығының белгілі бір кезеңге ғана осы фәнидің қонағы екенін ұлттық таным етіп алғанын айтып отырмыз. Ал қонақ – қазақ үшін құт, Қыдыр, Ғайып-Ерен қырық шілтені. Ғайыптардың бірі - осы Қонақ.

Қазақ барлық жақсысын қонақ үшін сақтайды. Ал егер барлық адам баласын Жер бетіне уақытша бір-біріне келген қонақ деп қабылдайтын болса, қазақ неге ұлты адамдарды өзегінен тепсін? Әрине теппейді, жанына тартады, бар жақсысын береді. СЫЙЛАЙДЫ!

Қазақ қонақ дегенде тек үйіне келген адамды ғана айтпаған. Адамдар – өмірде бір-біріне келген қонақ. Оны қазақтың халық әндерінен-ақ тани беруге болады:

*Қарап тұрсам-ай, бұл дүние – шолақ екен-ай,
Бір-біріне-ай, адамдар – қонақ екен-ай,
Арман-ай, өтеді-ау, дүние-оу, жалған-ай...*

Бірақ қазақта «қонақтың түрі көп» деген қағида да бар. Бұл – енді сыйлап отырған адамның рухани дүниесі қандай деңгейде екенін айырып-тануға үйрететін тағылым. Қонақтың «Құдайы қонақ», «қаңғыма қонақ» т.б. түрлерін



баласына үйрете отырып, адамды сыйлап сынау керек екенін ұғындыратын қазақы тәрбиені көреміз. Қонақты сыйлау керек. Бірақ сыйлау барысында танылып қалатын түрлі жаман қылықтар бар, соларды айырып-білу керек дейді ата-бабамыз: *«Сыыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді», «Иттің басын сары табаққа салса, шоршып түседі»* т.б.

Сыйлағанды түсінбеген адам – рухани дүниесі тас жабық немесе тіпті рухани дүниесі жоқ адам. Ондайды қазақ саңыраумен не соқырмен теңейді: *«Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы» дейді», «Соқырдың жолына түспе, саңырдың қолына түспе»* т.б.

Қонақ етіп сыйлаған адам үйге жайланып орнығып алған соң, билік айта бастаса, оны да тоқтату керек екенін танытатын тағылымдар қалдырған екен бізге ата-бабамыз: *«Шаңыраққа қара!», «Жаман үйді қонағы билейді», «Қонағым өзіңе де қарай отыр»* т.б.

Қазақтық рухани құндылықтардың қазақстандық рухани өмірге тірек бола алуының танылмаған тамырлары әлі де көп-көп. Материалдық дүниесімен тығыз байланыста дамыған рухани дүниенің өзіндік ерекше қырларын тек жазба мәліметтерден ғана емес, Қ.Жұбанов айтып кеткеніндей, «тірі сөйлеу тілінен» іздеу керек.

Қазіргі кездегі рухани серпілістің түрлі көріністе өтіп жатқандығы - жүйе теориясымен талдайтын болсақ - бір симметриялы модельдің екінші симметрияға ауысып жатқандағы жүйенің түрлі қыртысында жасырын жатқан не жасырын өмір сүріп келген, рухани өмірден орын алуға таласы бар құбылыстардың көрініп жатқандығы деп айта аламыз. Осы асимметриялық модель қандай да бір басқарылатын жүйеге қалыптасқан кезде, көрініс беріп қалған «жат, бөтен» саналатын рухани құбылыстар не жойылады, не тағы да жасырынып орын алады. Бұл – рухани өмірдің диалектикалық заңы да шығар...

Қазақстан Республикасының рухани дүниесін танып-білу – 130-дан астам ұлыстың біртұтас қазақстандық қоғам мүшелері ретінде қандай рухани қажеттіліктерді талап ететінідігін зерттеуден басталатыны белгілі.

Біздің ойымызша, әрине, Отанымызды қазақтан басқа мекен еткен 130-дас астам ұлыстың өзіндік рухани әлемін танудан басталады. Бірақ бұл жерде, біздің ойымызша, баса назар аударатын ерекше бір мәселе бар. Ол – еліміздегі өзге ұлыстардың рухани әлемі жүйесінде міндетті түрде *«Қазақстан – менің Отаным», «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл», «Қазақстан - қазақтың атамекені»* деген ұғымдар компонент ретінде орын алуы керек.

Қазақтардың ата-бабасы осы жерді талай ғасырлар бойы сақтап, қорғап, ұрпақтарына мирас ету үшін соғысты, өмірін қиды, өмір сүрді. Енді тағдыр мен тарих толқындары түрлі ұлыс балаларын осы жерге басын біріктіріп, мемлекет құрғызып отыр. Осы мәселелерге өзге ұлт өкілдерінің мәдени бірлестіктерінде баса назар аударту керек.



Әрбір ұлыс Қазақстаннан сыртқары тұрған өзінің тарихи атамекенінің кіші моделін жасауға ұмтылмауы керек!

Өйткені қазақстандық өзге ұлыс өкілдерінің көне дәуірден келе жатқан рухани құндылықтары жаңа дәуірмен тек Қазақстан жерінде ғана байланыс жасай алады. Сөйтіп барып жаңа түрге енеді. Ал түрлі ұлыс өкілдерінің атамекендерінде ескі рухани құндылықтардың жаңа дәуірмен байланысуы басқа формалар арқылы жүріп жатады.

Қазақстан Республикасының 25 жылдық тарихында 200 жылдық тарихы бар мемлекеттермен бірдей аталатын «мәдени формулалары» пайда болуы - еліміздің рухани құндылықтар жүйесінің жаңарып, жаңа заманмен үндескен өзекті, тірек рухани өмірдің болмысы бар екенін айқын танытады.

Ол «мәдени формулалар» - «Қазақстан», «Нұрсұлтан Назарбаев», «Астана», «Ақорда», «Нұрлы жол», «ЭКСПО-2017», «Бәйтерек», «Наурыз мейрамы», «Қазақстан Халқы Ассамблеясы». Оның қатарына енді «Назарбаев Университеті» мен «Әзіреті Сұлтан» мешіті қосылды. Қазақтардың мақтанышы болған осы мәдени формулалардың басым бөлігі - бір Астана қаласында орналасқан. Ендеше, Астананың өзі жаңа Қазақстанның мәдени формуласы болып табылады.

Болашақтың мәуелі жолдарын енді туристік жобалар құрауы тиіс. Жаңа болмысқа еніп жатқан жаңа әлемге енді Күлтегінді де, Тоныкөкті де, Аттиланы да, Томирисі де, Ұмай Ананы да, Ер Төстікті де, Қозы Көрпеш-Баян Сұлуды да, Алпамыс батырды да, Абайды да, Жамбылды да, Әуезовті де, Мұқағалиды да, Нұрпейісовті де, Айбергеновті де танытып, олардың рухани құндылықты байытудағы орнын, маңызын көрсететін жаңа талдаулар мен танытудың жаңа қарқынды-интерактивтік форматтары керек.

Шетелдік «мәдени формулалар» бізге етене таныс, олар – Үндістан десе еске түсетін «сари», «Ганг», «Тадж - Махал» т.б., Англия десе бірден еске келетін Биг-бен мұнарасы, екіқабатты автобус, Стоун Хендж т.б., Сауд Арабиясы десе, Мекке, Мәдинә, қажылық, Дубай, ондағы тамаша ғимараттар мен демалыс орындары, Түркия десе ойға алдымен оралатын «Сұлтан Ахмет» мешіті, керемет демалыс орындары т.б.

Рухани құндылықтар - адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, әсемдік сезіміне бөлендіру, адамның өзін қоршаған әлемнің тылсым нәзік сырларын танып-білуге ұмтылу қажеттілігін өтейтін ерекше жүйе.

Рухани қажеттіліктердің танылуы қиын мынадай бір тұстары бар:

- адамның рухани қажеттілігі биологиялық қажеттілік сияқты ма?
- рухани қажеттіліктің ұлттық рухани құндылықтармен шектеліп қалуы неден?
- жеке адамның бойындағы рухани әлем әлеумет пен қоғам үшін ғана керек пе?

Қазақтың «Ай – ортақ, Күн – ортақ, жақсы – ортақ» деген ұстанымында ұлттықтан гөрі жалпыадамзаттық рухани қазына танымы танылады.



Қазақтың рухани құндылықтары жүйесіндегі, оның ғылыми, эстетикалық, діни әлеміндегі адамның қоғамдық табиғаты мен оның өмір сүруінің шарттары бір ғана ұлттық шеңберде шектелмегенін тарихи жолдан мирас етілген тағылымдардан да, сақталып, қолданыста жүрген рухани құнды қағидалардан да көріп-біле аламыз.

Сұлулық пен ұсқынсыздықтың, өмір мен өлімнің, жақсылық пен жамандықтың, ақиқат пен зұлымдықтың ара қатынасын айыра танып, оларға деген көзқарастар жүйесін қалыптастырып, олардың қоғамның қазіргі күй-жайына және идеалданған болмысына байланысты маңызын танытады.

Қазақтың рухани құндылықтардың барлық «қазақстандықтардың» рухани құндылығына айнала алатын әлеуеті зор. Ол әлеует – қазақтың рухани құндылықтарында сақталған, негізі болған ұлттық тар шеңберден гөрі жалпыадамзаттық рухани әлем болмысынан танылады.

Қазақтардың рухани құндылықтар жүйесі – қазақтардың санасының ерекше қоғамдық формадағы өнімдер жүйесі болып табылады. Бұл жерде ата-бабамыздың ақыл-ой қызметінің мол мәуелі игіліктері – идеялар, теориялар, мәдениет, әдебиет сияқты қазақты байытып, жетілдіретін рухани құндылықтар.

Рухани өндіріс қоғамның экономика, саясат, әлеумет сияқты басқа аяларын жетілдіретін ерекше қызмет атқарады. Рухани өндірістің жемісі оны тұтынушыға жеткен кезде ғана рухани өндіріс үдерісі өз нәтижесіне қол жеткізді деп танылады. Рухани өндірістің маңызды қызметі – қоғамдық пікір қалыптастыру. Осы ретте қазақтың *«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!»*, *«Ел мақтаған жігітті қыз жақтайды»*, *«Шешесін көріп, қызын ал»*, *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»* т.б. нақылдарының барлығы да қоғамдық пікір қалыптастыруда өткір құралдай қызмет атқаратынын көреміз.

Егер материалдық игіліктерді қолданудың шегі мен мерзімі болады десек, рухани игіліктердің уақыт өткен сайын санаға тигізер әсері тереңдей түсетіні белгілі. Өйткені уақыт өткен сайын рухани құндылықтарды қолданатын адамдар саны да, ұрпақтар легі де арта береді.

Қазақтардың рухани өмірі – ұрпақ санасының бай болуымен, рухы мен жігерін, арын, намысын биік ұстауымен, Отанын ардақтауымен, атамекенін сақтай алатын қуаттылығымен, тілі мен ділін қастерлеп, дос пен дұшпанды айқын тани алуымен, нәзік әсемдікті қадірлей және сақтай алуымен, ұрпағын қорғауымен, өмірдің диалектикалық болмысын танып, өмірдің материалдық игілігіне байланбай, оны өткінші «жалған» деп тани алған даналығына байланысты ақыл-ой қызметімен танылады.

Қазақтың нешеме ғасырлық рухани қазынасы яғни қазақтың әдебиеті де, қазақ суретшілігі де, аңшылығы да, музыкасы да, сахнашыл өнері де, білім беру, тәрбиелеу, ғылыми таным қызметі де – қазір біздің бар болып отыруымыздың



тірегі. Қазақстан деген гүлденген мемлекет болып отыруымыздың түп тамыры осы рухани қуатымыздан сусындайды.

Бұхардың:

«Айға барып келсе де,

Алтын үйге кірсе де,

Қызыққа тоймас адамзат», - деген көреген дана сөздерінен осынау Ұлы Далада Мәңгі Ел құрып, қазақ тілін мәңгілік тіл етуге талмай ізденетін қазақ тіліндегі «айтқаны келетін» қуатты қасиетін де тануымыз керек. Тіл мен Рух біртұтастықта болғанда ғана осындай қуат көзі пайда болатынына да шынайылықпен сенуіміз керек. Оны қазақтың «тіл ұшындағы сөз бен жүректен шыққан сөз» деп екіге бөліп тани білгенінен түсінеміз. Қазақта «тіл ұшындағы сөз бен жүректен шыққан сөзді» айту тек Ар категориясымен ғана өлшенгенін де білуіміз керек.

Сондықтан да қазақ тілінің әркімге де үйрене салатын «мынау су», «мынау сүт» деген емес, қырық қыры жарқырап, сәулесі кез келген қарабайыр көзге толық көрінбейтін Гауһар сипатты болмысы танылатын оқыту жүйесін қолдану кезі туды.

Өйткені қазіргі заман – қазақтың рухын оятқан еркін заман. Ал рух оянса, оның болмысы тілмен қалайша байланыспайды? Ал рухы жоқ тілді үйрену кімге қызықты? Әрине, ешкімге де.

Қазақтың асқақ рухы өзінің атамекенін құрметтеген кез келген өзге ұлт өкіліне «бауырым» деп қарай алуынан да танылады.

Осы қуатты рухтың қайнары тек қазақ тілінде ғана сақталған. Сондықтан қазақ тілінің адамның жанын асқақтатар қуатты қайратын оқытатын, соны үйрететін кез келді. Бұрынғы «мынау не?», «бұл - нан» деген оқыту жүйесінен өсетін, асқақ форматқа кіретін кез туды. Абайдың барлық заманға да лайықты болатын «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!» деген батасын түсінетін кез келді!

Жаңа заманның лебін түсінбей қалғандар болса, Абайдың:

Көк тұман – алдындағы келер заман.

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған, – деген өлең жолдарын талдап-тануды ұсынар едік. Мұндағы «көк» сөзі – тұманның түсін білдірмейді. «Көк» сөзінің алғашқы, тамырдан енді ғана өнген, бүршік атып келе жатқан жас өркенді білдіретініне зейін қойсақ, мұнда Абайдың «көк тұман» дегенінде болашақтың, дамыған, ой мен сананың, тіл мен рухтың кірігуінен туындайтын алапат жаңашылдықтың болмысы келер заман тұманында туындап жатқаны берілгенін түсінуіміз керек.



ДОС КӨШІМ

Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰРПАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Салиқалы сұхбат

2013 жылы қолға алынған орыстілді азаматтардың арасында мемлекеттік тілді насихаттау аясында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» кешенді шаралары қорытындыланды. Осы маңызды жоба жайлы әңгімелей кетсеңіз?

Әңгімемізді соңғы он-он бес жылда Қазақ елінде қалыптасқан тілдік ахуалдан бастайық... Қазақ тілі мемлекеттік статус алып, қоғамдық өмірдің барлық саласына кіре бастаған уақытта, көпшіліктің назарынан тыс қалған, жаңа бір тілдік жағдай қалыптасты. Орыс тілінің үстемдігін сол қалпында қалдыра отырып, бұрын орыс тілінде сөйлеуге, жазуға тура келген жағдайларда қазақ тілін қолдануға мүмкіндік берілуі – қоғамда екі тілдік қауымды өмірге алып келді. Осының салдарынан Қоғам, лингвистикалық белгісіне қарай, екіге жарылды. Кеңес жүйесі кезінде мұндай бөлініс болған жоқ, себебі қолданыста бір ғана тіл болатын. Қазақтілділер орыс тілін қолданбаса, түсінбесе, білмесе – өмір сүре алмайтындай жағдай жасанды түрде жасалған еді. Ал 90-жылдардың басынан бастап, қазақтілді қауымға өз тілінде сөйлеуге, жазуға мүмкіншілік туғанда орыстілінің қажеттілігі күн тәртібінен шыға бастады. Қазақтілділер өз тілінде газет-журналдар оқып, өз тілдерінде хабарлар көріп, т.т. қазақ тілін орыс тілімен қатар қолдануға көшті. Өкінішке орай, орыстілді азаматтар мемлекеттік қызметкерлер үйреніп қалған орыс тілін қолданыстан шығармады және қазақ тілін үйренуге құлшыныс білдірмеді. Осы құбылыс жоғарыдағы айтқан тілдік екі әлемді қалыптастырды. Тілді қолдану ғана емес, сол тіл арқылы ақпарат алу арқылы да екі тілдік қауымның арасы алшақтай түсті. Тағы бір қауіпті мәселе -орыс тілді азаматтарда «осындай қостілділік жағдай мәңгі сақталады» деген жаңсақ пікір қалыптасты. Олар тілдік ахуалдың жыл сайын өзгеріп келе жатқанын, демографиялық жағдайдың, қоғамдағы тілге деген көзқарастың үлкен өзгеріске ұшырағанын әлі де түсінбей отыр. Сондықтан



болар, қазақтілді қоғам мемлекеттік тілдің бүгінгі мен болашағын талқылап, кемшін жерлеріне сын айтып, жақсартудың жолдарын іздеп, жанталасып жүргенде, орыстілді қауым «сен тимесең, мен тимен, бадырақ көзбен» отыр.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» жобасы – мемлекеттік тілдің бүгінгі жағдайын, болашағын орыстілді аудиторияның өздеріне талдату-ды мақсат етіп қойды. Олар «Мемлекеттік тілдің қабылданғанына ширек ғасыр уақыт болды, алайда Қазақ жеріндегі орыстілді азаматтардың басым көпшілігі өздерінің мемлекеттік тілдерін әлі күнге дейін үйрене алмай отыр. «Осының себебі неде?» деген әр азаматтың өзіне қоятын сұрағынан бастап, «мемлекеттік тілді үйрену үшін не істеуіміз керек?» деген бәрімізге ортақ мәселені талқылап, пікірталас жүргізді. Орыстілді аудиторияның «қазақ тілін меңгере алмауының себептері» деп аталатын сан түрлі сылтауларына нақты жауаптар берілді. Қысқасы, бұл дөңгелек үстелдер ашық әңгіме түрінде өтті. Осы кездесулер арқылы біздер осы уақытқа дейін қашқақтап, «тіл мәселесіне жолауға болмайды, бұл – өте нәзік, қауіпті мәселе» деген жалған тұжырымды жоққа шығардық. Кездесулерге орыстілді ұйымдардың (казактар, «Лад» бірлестігі, т.т.) өкілдері де шақырылды. Өз басым, орыстілді аудиторияның алдында олардың «уәждерін» талдап, түсіндіріп, ешқандай негізсіз екендіктерін көрсетіп беру – бұл жобаның үлкен жетістігі деп білемін.

Кездесу уақытының бір бөлігі – қазақ тіліне байланысты қалыптасқан «ертегілерді» орыстілді азаматтардың өздеріне талдату, түсіндіруге бөлінді. «Орыс тілі – ұлтаралық тіл» деген, адам құқығына қарсы тұжырымнан бастап, «қазақ тілі – өте ауыр тіл», «қазақ мектептеріндегі білім сапасы орыс мектептеріне қарағанда төмен» деген сияқты ешқандай негізсіз тұжырымдарды қарапайым дәлелдермен түсіндіре отырып, жаңа көзқарас қалыптастыру – үлкен шеберлікті, халықаралық тәжірибе мен заңдарды терең меңгеруді талап етеді. Сондықтан, осы бір ауыр жүкті менімен бірлесе көтерген белгілі саясаттанушылар Расул Жұмалы мен Айдос Сарымның еңбектерін айрықша атап өткім келеді.

Пікірталастар орын алатын дөңгелек үстелдерде, түрлі басқосуларда мемлекеттік тілді білудің азаматтарға міндеттілігі туралы мәселе бой көрсетіп қалып жүр. Бұл туралы не айтар едіңіз?

Мемлекеттік тілді білудің міндеттілігі – аксиома. Сондықтан көптеген елдердің заңдарында «азаматтардың мемлекеттік тілді білуі – міндетті» деген бапты кездестірмейсіз. (Мемлекеттің заңдарында «Анаңды жақсы көру – міндетін» деген сөз жазылмайды ғой!). Алайда, өз басым, өркениетті елдердің заңдарынан азаматтарды мемлекеттік тілді білуге міндеттейтін баптарды кездестірдім. Демек, азаматтардың мемлекеттік тілді білуін заң арқылы талап ету де демократия мен адамдардың құқығы мен еркіндігіне қайшы келмейді.



Қазақ елінің қазіргі қолданыстағы заңында «мемлекеттік тілді білу – парыз» ғана. Парызды орындау не орындамау – адамның өзіне, оның ар-ұятына, сеніміне қатысты. Сондықтан болуы керек, біздің кездесулерімізде орыс тілді азаматтардың көпшілігі «мемлекеттік тілді білуді міндеттеу қажет» деген пікірлерді ашық айтып отырды. «Егер мемлекеттік тілді білуді талап етпесе, біздер осылайша дүбәра күйімізше қаламыз, ертең балаларымыз қазақ елінде жоғарғы лауазымды жұмысқа орналаса алмайды» деген пікірлерді жиі естідік. Кейбір орыстілді азаматтар: «біздің менталитетіміз – кеңестік, біздер биліктің аузына қарап, солардың айтқанын жасап үйренген адамдармыз, сондықтан тіл мәселесінде қатаң талап болуы шарт» деген ойларды ортаға салды.

Кезінде үлкен дау-дамаймен қабылданған «Ел бірлігі» доктринасында азаматтардың мемлекеттік тілді білуі «парыз және міндет» деген жолдар бар. Сондықтан келешекте қабылданатын мемлекеттік тіл туралы заңдарда «міндет» деген сөздің кездесуі ғажап емес. Әрине, мемлекеттік тілді білуді міндеттеуге болатын шығар, бірақ онымен орыстілді азаматтарды қазақ тілін үйренуге алып келе алмаймыз. Тілді үйрену үшін – қоғамда сол тілге қажеттілік тууы шарт. Ол қажеттілікті заң арқылы да, қазақтілді қоғам арқылы да қалыптастыруға болады. Мемлекеттің, биліктің саяси ниеті, құлшынысы болса, болғаны...

Көп жағдайда мемлекеттік тілді жете меңгере алмаудың бір себебі ретінде мектептерде қазақ тілін оқыту деңгейінің төмендігі жиі айтылады. Сіз осы пікірмен келісесіз бе?

Келісемін. Кеңес өкіметі кезінде де, тәуелсіздік кезеңінде де білім жүйесінде қазақ тілін оқытуға көңіл бөлінген жоқ. Әрине, қазақ тілін үйренуге ниет білдірген оқушылар, мектептегі жағдайға қарамай-ақ тілді меңгеріп алды. Алайда, бұл ынта жалпылық деңгейге көтерілген жоқ. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын алғанына 27 жыл болса да, орыс мектебін бітіруші жастар қазақ тілін, ең болмаса, бастауыштың деңгейінде меңгеріп, қазақ тілді ортада пікір алмасу деңгейіне көтерілген жоқ. Ең қызығы – орыс тілді ата-аналар осы мәселені «қазақ тілді үйрене алмаудың бір себебі» ретінде көрсете отырып, мектепке талап қойып, мұғалімдер мен директорлардың жағасынан алмайды екен... Демек, бұл жағдай орыстілді қауымның ақталу тәсіліне айналған сияқты.

Қазақ тілінің дамуы – қоғамға, мемлекетке керек. Мектептерде қазақ тілін оқыту үрдісін жоғарғы деңгейге көтеру – мемлекеттің, Білім мен ғылым министрлігінің міндеті болуы керек. Меніңше, бұл жердегі басты мәселе - тілді оқыту кезіндегі мақсатты анықтауда сияқты. Кейде қазіргі білім жүйесінде орыс тілді оқушылардан қазақ тілінің тіл маманын шығару міндеті қойылған ба деп қаласың. Олар мектепте де, жоғарғы оқу орындарында да грамматиканы бірінші орынға қояды. «Қалау райы» мен «ашық райды» немесе «септік



жалғауларын» жаттап алған балалар қазақтілділермен қарым-қатынасқа түсіп, әңгімелесе алмайды. Қоғам үшін мектеп бітіріп шыққан жастардың қазақ тілі грамматикасын меңгергені емес, қазақ тілінде қарапайым сөз тіркестерін құрастырып, қарапайым сұрақтарға жауап бергені, бір сөзбен айтқанда қазақ тілдік ортада өзін еркін сезінгені керек. Орыс мектептеріне арналған қазақ тілінің оқулықтарын мүйіздері қарағайдай академик, профессорлардан көрі орыстілділерге отыз жыл қазақ тілін үйреткен репетиторлардың жазғаны дұрыс. Бұл – бүгінгі тілдік ахуалдан туатын талап.

Жаһандану кезеңінде тілді сақтау мен қорғау мәселесі бұрынғыдан күшеюі тиіс. Осындай кезеңде тілімізді сақтаудың ең басты міндеттері жөнінде ой бөліссеңіз?

Тілді сақтаудың басты шарты – қоғамда тілге деген қажеттілік туғызу. Қолданысқа түспеген тіл – уақыт өте келе өзінен өзі құрып кетеді. Ал тілді қолданысқа түсіру, сол тілде жазып, сөйлеу – ұлттың міндеті. Шынында да, жаһандану кезеңінде әрбір ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын, тілін, дінін, мәдениетін сақтап қалуды басты мақсат деп қабылдауы керек. «Аттысы – шапты, жаяуы – қапты» деп басқа мәдениет пен өзге тілдің соңынан еріп кету, қазақ сияқты еліктегіш, ұлтсыздануға шақ қалған халық үшін үлкен қауіп. ...Осыдан төрт-бес жыл бұрын Еуроодақтағы 28 мемлекеттің өкілдері бір тілге көшу жөнінде мәселе көтеріп, қызу пікірталастар өткізген. Кейбіреулер «одақтағы сансыз құжаттарды 28 тілге аудару, соншама тілмаш ұстау – орасан шығынды қажет етеді, одан да барлық құжаттарды бір тілде сөйлетсек дұрыс болмай ма екен?» деген мәселе көтерді. Алайда еуроодаққа енген елдердің басымы көпшілігі «мемлекеттік тіл – мемлекеттің тәуелсіздігінің басты белгісінің бірі, сондықтан шығынды сылтау етіп, бір тілге көшу – қателік болады» деген пікірді қолдағаны белгілі.

Ұлт өзінің мемлекетін құрған уақытта, ұлттық тілді сақтау, дамыту, қолдану аясын кеңейту – мемлекеттің міндетіне айналады. Оның ішінде басты жауапкершілік мемлекеттік қызметкерлерге түседі. Өкінішке орай, қазақ елінде мемлекеттік тілді қолдану, оны басқалардан талап ету міндетін шенеуініктер атқарып отыр деп айта алмаймыз. Орыстілді мемлекеттік қызметкерлер Қазақ елінің болашағынан көрі өздеріне ыңғайлы, жайлы жолды таңдап алған сияқты. Бұл жайбасарлықтың салдарынан мемлекеттік тіл қоғамдық өмірдің барлық саласында толық қызмет атқара алмай отыр. Жаһанданудың алдында отаршылдықтан, оның зардаптарынан құтылу міндетін шешіп алуымыз керек еді. Кеңес өкімет кезінде мемлекеттік жүйені бір тілге – орыс тіліне – көшіру саясаты ашықтан ашық жүргізілді. Ол уақытта біздер бұл «тілдік жоспарлау саясатына» қарсы тұра алмадық. Тәуелсіздіктен кейін Кеңес жүйесіндегі елдердің көпшілігі ұлттық тілдің қолданылуын жасанды түрде тежей отырып енгізілген



орыс тілінің басымдылығын шектеуді қолға алды. Біреулері «Тіл полициясын» құрса, енді біреулері мемлекеттік тілді қолданудан бас тартқан мемлекеттік қызметкерлерге жауаптылық енгізіп, айыппұл сала бастады. Өкінішке орай, орыс тілінің зардабы басқаларға қарағанда тереңдеп енген қазақ елінде бұл жұмыстардың бір де бірі жасалған жоқ.

Қазақ елі – құқықтық мемлекет. Сондықтан мемлекеттік тілді дамытуға заңдық негіздегі қажеттілік тудыру шарт. Қазіргі кезеңдегі күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе – «ҚР Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заңын қабылдау деп білемін. Қазіргі қолданыстағы «Тілдер туралы» заң – Кеңес жүйесінің ішінде, отар ел болып тұрғанда қабылданған, қостілділікті сақтайтын және дамытатын заң болатын. Әрине, бұл заңды сепартизм қаупі мен демографиялық жағдайды есепке ала отырып қабылдағанымызды да бәріміз білеміз. Алайда, осы 27 жылдың ішінде Қазақ жеріндегі тілдік жағдай да, демографиялық жағдай да, саяси-әлеуметтік жағдай да үлкен өзгеріске ұшырады. (Мысалы, Латвия елі 1989 жылдан кейін, 2004 жылы және 2015 жылдары мемлекеттік тілді реттейтін заңдарын жаңартты). Меніңше, бізге де мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдайтын уақыт жетті. Жаһандану кезінде мемлекеттік тілге айналған ұлттық тілімізді сақтап қалудың басты жолы да осы.

Енді сізге тіл маманы ретінде мына сауалды қойғым келеді. Егемендік кезеңінде қазақ тілінде сапалы өзгерістер байқалды ма, болса, қандай?

Екіжүзділіктің тамаша бір «мәдениетті» үлгісі бар екен. Нақты баға беруден қашқақтап, «біршама жұмыстар жасалды, алайда мынадай өзекті мәселелер де бар» деп жауырды жаба сөйлейміз. Әрине, бұрын орыс мектептерінде оқитын оқушылар 65 пайыз болса, қазір қазақ мектептеріндегі оқушылар 70 пайыздан асты. 40 мыңға жуық басқа ұлт өкілдері қазақ мектептерінде оқиды. Осылай термелей берсек, жетістігіміз Алатаудың шыңдарымен таласады... Бірақ мемлекеттік тілдің бүгінгі жағдайына шүкіршілік еткім келмейді. Біз орыстілді басқа ұлт өкілдерінің тілге деген көзқарасын өзгерттік, оған дау жоқ, бірақ орыстілді қазақтардың ана тіліне деген, өздерінің мемлекеттік тіліне деген пиғылдарын өзгерте алған жоқпыз. Біз орыстілді азаматтардың жиі айтатын сылтауларының негізсіз екендігін көрсетіп, сөздіктер мен оқулықтар жаздық, мемлекеттік тілді тегін оқытатын курстар аштық, бірақ олардың тілді үйренуге деген ниетін әлі оята алған жоқпыз. Біздер көптеген ғылыми, кәсіби сөздерді жасадық, терминдерімізді жүйеледік, бірақ жоғарғы оқу орындарындағы қазақ тілді бөлімдерді қазақ тіліндегі оқулықтармен, оқытушылармен әлі де толық қамтамасыз ете алмай отырмыз. Біздің басты «сапалы» өзгерісіміз – жылдан жылға өсіп келе жатқан демографиялық жағдайымыз. Сол арқылы (оған оралмандардың қосылуы) және ұлтшыл азаматтар мен жасқаншақтау зиялы қауым арқылы ғана мемлекеттік тіліміз 90-жылдары қойған тұғырында тұр.



Мойындауымыз керек, Қазақ елі Кеңес жүйесінен тараған 14 елдің ішінде мемлекеттік тілдің қолданылуы, дамуы жөнінде ең соңғы орында тұр. Барлығы салыстыру кезінде көрінеді деген сөз бар, сондықтан, соңғы орында тұрып, «сапалы өзгерістер» болды дегеннің өзі ыңғайсыз сияқты.

Кейбіреулер қазақ тілінің ғылыми бағыттағы табыстарын (қанша сөздіктер жарыққа шықты, қанша баспа табық зерттеулер жасалды, қаншама ғылыми атақтар қорғалды, т.т.) алға тартатын болар, алайда, тіл ғылымы әлеуметтік өмірден бөлініп жеке өмір сүре алмайды. Егер Алматы көшелерінде «Айнабұлақ - 3» немесе вокзал ғимаратының үстінде «Алматы-2» деген жазулар тұрса (қазақ тілінің заңы бойынша «3-Айнабұлақ», «2-вокзал» болуы шарт), азаматтардың біріккен сөзден жасалған есімдері қос сөз түрінде жазылса, оны дұрыстайтын немесе қате екендігін айтатын Тіл институты «ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ғана айналысса», біз алысқа бармаймыз. Ғылыми-теориялық жұмыстың жетістіктері, жемісі қоғамда, әлеуметтік өмірде, практикада көрініс табуы керек. «Сапалы өзгеріс» деген сонда ғана болады.

- Терең мағыналы, тартымды әңгімеңіз үшін рахмет!

Сұхбатты жүргізген - Қонысбай Әбіл.



ЗИЯ ГЁКАЛЬП

Түрік жазушысы, мемлекет қайраткері, әлеуметтанушы

Түркішілдер үшін түрік халқы білетін және пайдаланатын әрбір сөз түрік сөзі болып табылады. Сөзді түрік сөзі деп есептеу үшін оның түркі тегінің бар екенін ғана ескеру жеткіліксіз. Тамырлары түркі лексикалық негізімен байланысты болған кейбір сөздер ескіріп, пайдаланудан қалған. Лингвистикалық рудименттер (қалдықтар) баяғыда құрып кеткен өсімдіктер мен жануарлар сияқты. Оларды тірілту мүмкін емес. Халықтың тілі – тірі организм. Ол жансыз тамырлардан емес, өмірге бейімді органдардан тұрады. Сондықтан пуристердің шектен шыққан талаптарын түрік тілін тазарту ісіне негіз етіп алудың реті жоқ.

Пуристердің әртүрлі түркі тілдерінен сөздер алып пайдалану туралы ұсынысынан да бас тартқан жөн. Өйткені бұл тілдер ортақ арғы ата тілінен бір бөлініп шыққан соң, әрқайсысы өз бетімен даму жолына түскен. Қазір аталмыш тілдердің фонетикалық, морфологиялық және лексикологиялық жағынан алғанда бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Егер біз қазір олардан сөздер алып пайдалана бастасақ, Стамбулдың түрік тілінің көркемділігін жоюға жол ашамыз. Шындығына келсек, әлгі сөздердің бізге қажеті шамалы. Өйткені, мағынасы жағынан оларға сәйкес келетін терминдер өзімізде де бар. Тек баяғы заманғы ортақ түркі қоғамы белгілерінің атаулары болып табылатын сөздерді ғана тілімізге кіргізуге болады. Онда да олар ғылыми терминдер ретінде ежелгі түркі тарихы бойынша жүргізілуге тиіс зерттеу жұмыстарына қажетті құралдар ретінде өздерінің астарында жатқан мағыналарды ашатын кілт іспетті қолдануға ғана керек болмақ. Бірақ бұны лингвистикалық қалдықтарды тірілтуге талпыныс екен деп есептеуге болмайды.

Пуристердің жаңа негізге құрылған грамматикалық ережелер бойынша тың терминдер жасау туралы ұсынысы да құптайтын нәрсе емес. Өсімдіктің не жануардың тірі организміне оған жат затты таңу қаншалықты мүмкін болмаса, аяқ астынан қолдан жасалған ережелерді қоғамдық қатынас құралы міндетін атқарып жүрген тілдің айналымына кіргізу соншалықты мүмкін емес...



Пуристердің асыра сілтеушілігімен келіспегенмен, осман түрікшесінде лексикадан шығарып тастауға тұратын көптеген сөздердің бар екенін мойындауымыз керек. Өйткені бұл терминдер ғылыми неологизмдер ретінде қабылданғанмен, олардың тілге қажеті шамалы. Мәселен, медициналық лексикада қажетсіз болып табылатын араб және парсы сөздері өте көп кездеседі...

Жалпы алғанда, түрікше мағыналық баламалары бар шетел сөздері тілден аластатылуға тиіс. Түрікшілердің пікірінше, тіл басқа сөздерді өзінде баламалары табылмаған жағдайда ғана қабылдай алады. Ал басқа тілдердің грамматикалық ережелерін ешқандай жағдайда да алып пайдалануға болмайды... Осман тіліне өткен араб пен парсы кірмелері жай сөздер ретінде не грамматикалық формалар (жақ, түр, жыныстық белгі және т.б. сол сияқты ерекшеліктерді көрсететін) ретінде қолданылады. Бірінші топтағы түрікше баламасы жоқ кірме сөздерді айырып бөліп алып, қалдыруға болады. Ал екінші топты сол күйінде толығымен шығарып тастауға тиіспіз. Мәселен, арабтың «катиб» деген сөзі түрік тілінде «жазатын адам» деген мағынаны беру үшін пайдалануға жарамайды. Алайда, бұл терминнің «катип» деген сәл-пәл де болса өзгерген түрі халықтың ауызекі тілінде өз алдына бөлек сөз ретінде «қызметкер» мен «хатшы» деген мағынаны білдіреді. Демек, оны осы күйінде қалдыруға болады...

Бұдан шығатын қорытынды мынау: араб не парсы тілінен бір сөз қабылдаған жағдайда онымен этимологиялық байланысы бар басқа сөздер бірге міндетті түрде еріп келуге тиіс емес... Көпше түрінде алынған араб және парсы сөздерінен де бас тартқан жөн болар еді. Аффикстер тілдердің арасында көшіп жүре алмайды. Басқаша айтқанда, морфемалар бір тілден екінші тілге өтуге тиіс емес.

... Тек белгілі бір жағдайларда ғана түрік тілінде пайдаланылып жүрген кейбір шетел сөздері осындай морфема қасиетін қабылдап, зат есім сияқты қарапайым сөздерге айнала алған...

Үш парсы аффиксі шектен тыс ерекшелік ретінде түрік халық тілінің қатарынан өздеріне тұрақты орын тапқан. Бұлардың біріншісінің аты «ии», ол салыстырмалы шырайды белгілейді. Қалған екеуі, яғни, «хане» мен «наме» парсы тілінің өзінде аффикстер емес, зат есімдер болып табылады. Осылардың біріншісі түрік аффиксіне айналды десе де болады, өйткені ол түрік сөздеріне қосылып жүр. Басқаша болған жағдайда, яғни, жалпы алғанда, әрине, бұл түрік аффиксі емес. Оның көмегімен жасалған кірме сөздердің санын қысқартуға болғанмен, өзінен мүлдем бас тарту мүмкін бола қоймас. Өйткені, өкінішке орай және біздің негізгі қағидаларымыздың бірінің талабымен санаспай, осы бір өзгермейтін бөлшекті көптеген ғылыми терминдерді жасау барысында іске жаратуға рұқсат беруге тура келеді. Жаңа түрік тілін жасау жолында талай



қиындықтарды жеңе білген түрікшілдік идеясы әлгі титтей аффикстен жеңіліп, оған жол беруге мәжбүр болды...

«Хане» мен «наме» сөздерін аффикстер ретінде қабылдауға болады, өйткені олар тілді байытуға қызмет етеді.

Тіл грамматикалық формалар мен аффикстерді ғана емес, сонымен қатар тәуелсіздік және сын есімдік тіркестер жасауда қолданылатын грамматикалық ережелерді де қабылдай алмайды. Өткен заманда өмір сүрген османдар осы сияқты араб және парсы ережелерінің барлық түрлерін тілге енгізе берген. Ал бұл тіркестер грамматикалық формалар мен аффикстерге, морфемаларға бара-бар. Қай тілде болса да тәуелдік және сын есімдік тіркестердегі сөздер дегеніміз – морфемалар... Ал түрік тілінде грамматикалық тіркестердің барлық түрі бар. Сондықтан ондай тіркестердің қай-қайсысын болса да араб және парсы тілінен алудың қажеті жоқ. Ал бізге қазір кездесіп жүрген кірме тіркестерді осман жазушылары кіргізген. Шындығында, оларды алып пайдалана бастау белгілі бір қажеттіктен тумаған. Гәп әлгі жазушылардың араб және парсы тілдері түрік тіліне қарағанда әдемірек деп есептегенінде. Олардың пікірінше, бұл әдемілік сөздерге ғана емес, грамматикалық формаларға да аффикстер мен тіркестерге де байланысты.

Ал шындығына келсек, бір тіл екінші бір тілге қарағанда әдемірек деп айту – ақиқат тұрғысынан қарағанда, әу бастан ақылға сыймайтын нәрсе. Әр тілдің өзіндік әсемдігі болады. Әрине, араб тілі – тамаша тіл. Парсы тіліне де сондай баға беруге болады. Осы тұрғыдан қарағанда, арабтар мен парсылар үшін түрік дыбыстары – ең тамаша дыбыстар. Сөздердің, аффикстердің, грамматикалық формалар мен тіркестердің әсемдігі туралы айтатын болсақ, бұл да салыстырмалы ғана түсінік деген тұжырымға келеміз. Олардың әсемдігі өз тілінің аясында ғана сақталады. Араб сөзі араб сөйлемінің ішінде айтылғанда, тамаша болып естіледі. Парсы тіркесі парсы сөйлемінің ішінде тұрғанда, тамаша болып көрінеді.

Кейбіреулердің пайымдауынша, түркішілдердің тіл мәселесіне байланысты көзқарасы белгілі бір негативті қағидаларға ғана негізделген. Басқаша айтқанда, олар бар нәрсені жокқа шығарудан басқа ештеңе білмейді-мыс. Шеттен келген қажетсіз кірме элементтерді аластату арқылы ғана жаңа түрік тілін жасап алу мүмкін емес. Бұл талап – түркішілдер тарапынан қойылған жалғыз ғана шектеуге негізделген мақсат. Олардың бұдан басқа мақсаттары жасампаздыққа негізделген. Ескі осман тілінің кемшілігі оның қажеті шамалы шетел сөздерін, грамматикалық формаларын, идиомалары мен аффикстерін қабылдап алғанында ғана емес. Мәселе тек осыған ғана тіреліп қойған болса, тілді жаңғырту ісін ешбір қиындықсыз жүзеге асыруға болар еді. Өйткені ол үшін артық нәрселердің барлығы шеттетілсе, іс бітті емес пе?! Бірақ ескі осман тілінің тағы бір үлкен кемшілігі бар: оның құрамында көптеген қажет



деген сөздер жоқ. Түркішілдер қозғалысы күш ала бастаған шаққа дейін философиялық еңбек түрікше жазылмады. Ал әлем әдебиетінің классикалық туындылары түрікшеге тура және түсінікті күйде аударылды деген тіпті мүмкін емес нәрсе еді. Осының өзінде бір гәп бар емес пе?! Ал бұдан шығатын қорытынды мынау: тіліміздің жағдайын нақты түрде жақсарту үшін осы бос қалған орындарды толтыру қажет. Яғни, шет қалған сөздерді қолдану түркішілдердің жасампаздыққа негізделген ұсыныстарының бірі.

Тілімізге қазір қажет болып отырған сөздерді екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ халық пайдаланып жүрген бірқатар идиомалардан тұрады. Олар – жеке сөздер, қалыптасқан сөз тіркестері және галлицизмдер (француз тілі үлгісімен жасалған терминдер). Ауызекі тілде бұл сөздер кең қолданылады. Ал жазба тіл болса оларды байқамағандай сыңай көрсетеді. Шындығына келгенде бұл сөздер – тілді байытудың, шұрайлы етудің сарқылмас көзінің нақ өзі. Екінші топ – халықаралық қатынаста пайдаланылатын сөздерден тұрады. Өрлеймін деген ұлт өзара тығыз араласып отырған өркениетті әлемнің ғылыми түсініктерін, философиялық идеяларын, әдеби бейнелері мен поэзиялық тәжірибелерін белгілейтін сөздерін өз тіліне кіргізуге тиіс.

Қазір түріктер Батыс цивилизациясының жетістіктерін меңгереміз деп шешті. Сондықтан оларға ендігі жерде батыс идеялары мен түсініктерін қамтып көрсететін сөздер керек. Ондай сөздерді біз қалайша жасауға тиіспіз. Ең дұрыс жол: таңдайынан бал тамған тіл өнерінің шеберлерінен арнаулы топ құрып, Еуропа тілдерінде жазылған әдебиеттің үздік деген туындыларын, ғылыми және философиялық еңбектерді сапалы түрде аударып шығуды тапсыру керек. Осы аудармалар арқылы жаңа түрік тіліне неше түрлі жаңа сөздер мен идиомалық формалар, тілді лингвистикалық тұрғыдан жетілдірудің жаңа әдістері, грамматикалық тәсілдер, синтаксистік механизмдер мен құрылымдар кіреді де, сезімдік және мәндік түсініктерді бейнелеу үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Сонда жаңа түрік тілі ойлау процесінің көп қабатты өрісін түгелдей қамтып көрсете алатын, ең бір терең және соны сезімдерді сөз арқылы бере алатын құралға айналады.

Аудару барысында біз өзімізге бейтаныс болып көрінетін бірқатар идеялар мен түсініктерге кезігеміз. Оларды түрік санасы қабылдай алатындай етіп жатық қылып беру үшін мағынасы жағынан сәйкес балама сөздер іздеп табуға тура келеді. Осы орайда қалайша істеген дұрыс болады? Көптеген соны лексикалық атаулардың мағыналық жағына сәйкес баламаларын ауызша түрік тілінен табуға болады. Халықтың ауызекі тілі зоологиялық, ботаникалық, физикалық, технологиялық және географиялық терминдерге бай. Сезім мен көңіл күйін бейнелейтін сөздер де бізде аз емес. Демек, жаңа сөздер мен түсініктер тобын қалыптастыру ісіне кірісер сәтте біз алдымен халықтың тіліне жүгінеміз. Содан соң барып тіліміздің аффикстерге, грамматикалық



формаларға, қатыстық тәуелдік категорияларына қатысты ережелеріне сүйене отырып, жаңа сөздер жасауға кірісеміз. Содан кейін де бос орындар толмай қойса, араб не парсы тіліне сөз ауыстырып алу мақсатында жүргізуге болады. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескерген жөн. Әлгі тілдерден біздің тілге жай, жеке алынған сөздер ғана өте алады. Шетел (Батыс) сөздерінің бірқатарын олардың ана тіліндегідей күйде қабылдаған жөн. Бұлардың бір бөлігі жағдайлардың, тарихи кезеңнің не кәсіптің ерекшеліктерін бейнелейтін атаулар болып табылады. Оларды барлық тілдер қабылдаған. Мысалы: «феодализм», «рыцарь», «ренессанс», «реформа», «якобинство», «социализм», «большевизм», «аристократия», «демократия», «дипломатия», «театр», «классицизм», «романтизм» және т.б. Екінші бөлігі өндіріс құралдарының, машиналардың және өнеркәсіп техникасының түрлерінің аттары. Бұлардың көпшілігін халықтың өзі тікелей ауыстырып, алып, пайдаланып жүр. Сөздердің осы түрінің басым көпшілігі басқа ұлт тілдеріне ешбір аудармасыз-ақ өтеді. Олардың қатарында мынандай атаулар бар: «стим» (бу), «рэйлуэй» немесе «шемен де фер» (темір жол), «телеграф», «трамвай», «граммофон» және т.б.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа түрік тілін қажетті дәрежеге жеткізу үшін мынадай шараларды жүзеге асырған жөн. Біріншіден, араб және парсы тілдерінен қажетсіз алынған артық сөздерден құтылу керек. Екіншіден, ауызекі тілде кең пайдаланылғанмен, жазбаша тілдің назарына іліге алмай жүрген сөздер мен сөз тіркестерін тілге енгізу қажет. Үшіншіден, лексикамыздың өзімізде жоқ қатарын халықаралық сөздердің есебінен толықтыру керек. Бірінші шарт та-зарту процесі, екіншісі – ауызша тілге жазбаша тілдің статусын беру (тахрис, арабшасы - тахритх), ал үшіншісі – жетілдіру процесі (техзиб, ал арабшасы - тахдхиб).

Ал енді түркішілдіктің тіл мәселесі жөніндегі қағидаларын қысқаша баяндап шығайық:

1. Ұлттық тілімізді қалыптастыру үшін біз осман тілінен жалпы бас тартып, халық әдебиетінің негізі болып табылатын түрік тіліне бет бұрып, халықтың оның ішінде, әсіресе, Стамбул әйелдерінің сөйлеу үлгісін (произношение) қабылдауға тиіспіз.

2. Түрікше баламалары бар араб және парсы сөздерін тілден толығымен аластатқан жөн. Ал оның ішінде дәл баламалары жоғын қалдыру керек.

3. Жай халық тіліне енген араб және парсы сөздері сол өзгерген түрі мен мағынасын сақтаған күйінде және түрік терминдері ретінде қалуға тиіс. Олардың айтылуы тіліміздің фонетика ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

4. Кейінгі кезеңде дүниеге келген толық мағыналық баламалары бар ескірген түркі сөздерін қайтадан жандандыруға болмайды.

5. Жаңа терминдер қалыптастыру барысында ең алдымен жай халықтың тілінде бар сөздерге назар аударған жөн. Егер осы қайнар көз мұқтажымызды



толығымен өтей алмаса, жаңадан сөздер жасауды қолға алуға болады. Бірақ бұл істі жүзеге асыру барысында міндетті түрде түрік грамматикасының аффикстерге, жіктеуге және күрделі сөздерге қатысты нормативті ережелеріне сүйену шарт. Егер қайсыбір түсініктерді белгілейтін сөздер табылмаса, оларды араб не парсы тілінен алуға болады. Бірақ бұл орайда араб не парсы грамматикасының ережелері талабына сәйкес құрылған жалғаулықты сөздерге жол жоқ. Белгілі бір дәуірлерге, кәсіп түрлерінің белгілі бір шарттарына қатысты сөздер мен өнеркәсіпте пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының аттары тікелей қабылдануға тиіс.

6. Араб және парсы тілдерінің «шекарасы асып жүре беруіне» жағдай туғызған барлық лингвистикалық мүмкіндіктер жойылуға тиіс; шақ, аффикс және күрделі (жалғаулықты) сөздер категорияларына қатысты ережелердің ешбіреуі ешқандай жағдайда шеттен алынбайды.

7. Түрік халқына белгілі және түрік халқы пайдаланатын сөздердің барлығын түрік сөздері деп есептеуге болады. Халыққа жат болып көрінбей, санасына сіңген әрбір сөз ұлттық төл сөз болып табылады. Ұлттың тілі – тірі организм. Ол жаны кеткен тамырларының арқасында емес, күнделікті пайдаланудың арқасында өмір сүреді.

8. Стамбулдық түрік тілінің фонетикасы, морфологиясы мен сөздік қоры жаңа түрік тілінің негізі болып табылады. Осы жәйтті ескере отырып, басқа түркі тілдерінен аффикс, шақ категорияларын және сөз жасау ережелерін ауыстырып алу туралы ойдан бас тартқан жөн. Алайда, бұл тілдердің өздерін түрік синтаксисі мен идиомаларын дұрыстап танып алу мақсатында мұқият зерттеу қажет болады.

9. Ежелгі түркі цивилизациясының тарихын зерттеу ісі одан әрі жалғастырылатын болғандықтан, ескі түркі сөздерінің бірқатарын, атап айтқанда, ежелгі түркі қоғамының атрибуттарының атауларын қазіргі түрік тілінің құрамына кіргізуге болады. Бұл ескі сөздерді тек олар бейнелейтін түсініктерге қатысты түрде ғана пайдаланған жөн. Олар жалпы лексикалық қордың құрамдас бөліктері ретінде қайта жандандыруға келмейді.

10. Сөздер өздері бейнелейтін түсініктердің анықтаушы емес. Сөздердің мағынасын анықтау мәселесі олардың этимологиялық тегін айқындау арқылы ғана шешіле қоймайды.

11. Қазіргі түрік тілінің сөздік қоры мен грамматикасын жоғарыда көрсетілген қағидалардың негізінде қалыптастыру керек. Осы істің барысында түрік тіліне сіңіп кеткен араб және парсы сөздері мен олардың құрылымы мен құрамы жөніндегі мәліметтер тілдің даму барысына қатысты тарауларға емес, өткенді және тілдің генеалогиясын этимология шеңберінде қарастыратын тарауларға кіргізілуі тиіс.



ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАКӨЗ АЙЫМ

Әз Жәнібек жаяу мал қарап жүрген балаға кез болады.

— Шырағым, елсіз жерде неғып жүрсің? — деп сұрайды.

— Жалғыз түйемнен көз жазып қап, соны іздеп жүр едім, — деп жауап береді бала.

— Түйенді тұсап қойсаң болмай ма?

— Түйемнің тұсауы өліп қалып еді, — дейді бала. Ол әкем өліп қалып еді деген сөзі екен.

— Балам, біз қай үйге қонамыз?

— Бір қой жеймін десеңіздер, қай үй болса да қона бересіздер! Екі қой жеймін десеңіздер, біздің үйге қонасыздар, — дейді бала. Ханның қасындағылар:

— Мынау бір мырза бала екен, осының үйіне қонайық, — дейді. Келген соң бала бір буаз саулықты жетектеп келіп «иллаһи амин!» дегенде: «Шырағым, бойдақ қой жоқ па? — деп ескертеді хан.

— Мен бойдақ қойдың жоғын мана далада айтпап па едім? Екі қой жесеңіздер, біздің үйге қон дегенім осы емес пе еді? — дейді бала.

Қонақтар жауабына қайран қалады.

.....

Бір күндері Әз Жәнібек хан қырық уәзірін жиып алып: «Маған өтірік пен шынның арасы немен айырылады, соны тауып беріп қалағандарыңды алыңдар. Таба алмасаңдар, бастарыңды аламын, ойлануға қырық күн мүмкіндік бердім», — депті. Уәзірлері қырық күндей ойлап, таба алмапты, қырқыншы күн болғанда хан уәзірлеріне «Өтірік пен шынның арасын немен айыра алатынын таптыңдар ма?» — дейді. «Жоқ, тақсыр, таба алмадық», — десіпті уәзірлері. Хан «бастарыңды алармын» деп қаһар қылғанда әңгіме естимін деп жай келіп отырған Жиренше шешен уәзірлерге: «Анау күні хан хандығымен бас-басына бір күннен қырқына қырық күн міллет берді ғой, енді өздерің тіленіп ер басына бір-бір күннен міллет алсаңдаршы! Соған шейін бірің болмаса, бірің табарсыңдар!» — депті. Хан «жарайды, бұл баланың сөзі дұрыс көрінеді. Менің мақсатым сендерді өлтіру емес, сынау. Ақылды болсаңдар әрқайсысыңнан бір-бір ақыл алғанымда менде қырық кісінің ақылы болар еді; сендерде ақылдан шайнам жоқ. Қырық кісінде жоқ ақыл бір кісіден қайдан табыла қойсын! Ер басына қырық күннен міллет бердім», — деп тағы да ойландырып жібереді.

Ханның алдынан шыққан соң он екі жасар бала Жиренше «бұл сөзді біреу болмаса біреу білер, соны іздеп табамын» деп ел кезеді. Қорғаны бар шаһарға жетеді. Қақпаның аузында сүліктей қара көк ат мінген, үстіне сауыт киіп, садақ асынып, найзасын жарға шаншып біреу тұр екен. Оған сол қақпадан кірген-шыққан адамның бәрі де сәлем берісіп өтеді. Жиренше оған сәлем бермей,



мойнын бұрмай, керек қылмай өте шығады. Сонда найзасын жерге тіреп, ат үстінде шіреніп тұрған әлгі жігіт: «Әй бала, сенен басқа осы қақпадан кірген-шыққан жан сәлем бермей өтпеуші еді, сен неге мойныңды бұрмай барасың?» — дейді. «Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме?» — дейді бала. «Бұл шаһардың жөнін бұрын көріп пе едің? Көріп-білмеген жан сияқты екенсің! Кел, артыма мінгес те біздікіне қонақ бол!» — дейді жігіт. «Ер тоқымды аттың алдын бізге, артын сендерге бұрыннан бұйрық қылған және «Ат иесі алдына мінеді» деген сөз бар, жұртыңды жүр де көрсет, жаяу-ақ барайын», — дейді бала. Ол атты, бұл жаяу, үйіне ертіп кеп мейманханасына кіргізеді. Асын жеп болған соң мырза келіп: «Ә, қонағым, әңгіме айт!» — дейді. Бала: «Біріміз жарты, біріміз бүтін, әңгімеміз келісе ме?» — дейді. Бұл сөзге шыдап отыра алмай үй иесі ұялып шығып кетеді. Сүйтсе әлгі жігіт қыз екен. Еркек киімін киіп, дарбазаның алдында тұрып, келген-кеткенді сынауға, сынынан өткен жанға тиюге атасынан рұқсат алыпты. Олай өткен, былай өткен жолаушының бәрі де мұның әйел екенін білмей, сәлем берумен болыпты. Тек Жиренше көрген жерден атқа отырысынан әйел екенін біле қойып «біріміз атты, біріміз жаяу» дегені «біріміз еркек, біріміз әйел, қалай сәлем берісеміз» дегені екен. Өзінің әйел екенін әбден танығанын біліп «біріміз бүтін, біріміз жарты» деген сөзді естігенде қыздың ұялып тұра жөнелгені сол екен. «Өзімнен білімі асқан бір адам кез келді, мені осыған берсін» деп қыз әкесіне сөз салдырады. Оны атасы қош көріп, қабыл алады. Жорға бие сойып жоғарғы елді шақырып, төбел бие сойып төменгі елді шақырып, үлкен тамаша қылып, қызын Жиреншеге қосады.

Екеуі қосылғанын Жиренше шешен «мен қайтамын» дейді. Қалыңдығы: «Сіз қайда қайтасыз, әкемнің менен басқа ұлы да жоқ, қызы да жоқ. Әкем өлгеннен кейін осы дәулет кімдікі болады? Есіктен табылса, төрге озба деген бар емес пе?» — дейді. Оған Жиренше былай дейді: «Әз Жәнібек деген ханымыз қырық уәзіріне: «Өтірік пен шынның арасын айырыңдар», — деп қысым қылып еді. Соны таба алмай уақытша міллет алып еді. Мен соны білушілер болар ма деп іздеп шыққан едім, — дейді.

«Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер. Оның мәнісі: көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам ғой. Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық емес пе?» — дейді қыз.

Жиренше: — «Бәрекелді, іздегенім табылды; енді мұны мен барып, Әз Жәнібек ханға естірмесем, қырық уәзірін жоқ жерде өлтіріп, қырып тастар», — деп жүруге ыңғайланады. Оны білген соң қыз атасына кісі салдырып: «Жат жұртқа жаралған мен әйел, мына күйеу ер, ел жұртына қайтамын деп жатыр. Бізді ұзатсын!» — депті. Атасы қызының айтқанын қабыл көреді ұзатады.

Сөйтіп екі кісі паналарлық үйі жоқ Жиренше бір ауыз сөздің түп-төркінін білемін деп ізденіп жүріп, қалыңсыз ханның қызын алады. Хан қызының ақылымен, әз Жәнібек ханның бас уәзірі болды дейді.



Тарихи тұлғалардан қалған әрбір жәдігер біз үшін өте құнды. Өйткені, ол ұлтымыздың сақталуы мен өркендеуіне үлес қосқан ұлы адамға тікелей қатысты дүние. Олардың бағасы уақыт өткен сайын арта береді. Сондай жәдігердің бірі біздің журналымызға, жалпы баспасөз бетінде алғаш түпнұсқасы да, аудармасы да жарияланып отырған ұлт ұстазы, Алаш көсемі, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазған өмірбаяны. Орыс тілінде жазылған бұл өмірбаянда Ахаң өз өмірінің негізгі кезеңдерін шолып өтеді. Оның жазу стилінен нақтылықпен бірге қазақша ойлау жүйесін аңғарамыз. Бұл маңызды құжаттың түпнұсқасы Семейдегі Абай музейінде сақталуда. Мәтінді аудару барысында біз түпнұсқадан ауытқымауды мақсат еттік.

Өмірбаян

Менің туған жылым «мешін» (1872 жыл) және туған жерім Қостанай округі, Торғай ауданының Тосын болысының №5 ауылындағы Сарытүбек урожище.

1882-ден 1884 ж. дейін бірде әртүрлі адамдардың үйінде, бірде кездейсоқ жақын болған ауыл мектептерінде қазақша сауаттылыққа оқыдым.

1885 ж. біздің отбасымыз бақытсыздыққа душар болды: Торғай уездік бастығы полковник Лисовлевті сабағаны үшін әкем түрмеге отырғызылып және 1886 ж. 15 жылға каторгалық жұмыстарға үкім шығарылды, ал дүние-мүлкіміз кәмпескеленді.

Бұл бақытсыздық менің Торғай қаласындағы мектепке түсуіме себеп болды. Торғайдағы екісыныптық орыс-қырғыз училищесінде 1886 ж. 1891 ж. дейін оқыдым.

Аталған училищедегі курсты аяқтаған соң Орынбор Қырғыз мұғалімдер мектебіне түстім, онда 1891 ж. 1895 ж. оқыдым. Бұл мектепте курсты бітіргендер 6 жыл мұғалім болып қызмет істеуге міндетті.

1895 ж. 1 маусымнан бастап Қазақстанның әртүрлі жерінде мұғалім қызметін атқардым, әртүрлі мектептерде алдымен ауылдық, содан соң болыстық және ақырында екісыныптық.

1901 жылдан мұғалімдік сабақтардан бос уақыттарды өзімнің өз бетімше оқуыма және әдеби жұмысқа пайдаландым.

1909 жылдан Семей облысы Қарқаралы қ. екісыныптық училищенің мұғалім-меңгерушісі қызметін атқарып жүргенде Семей Губернаторы Тройницкийдің өкімі бойынша тұтқындалып, Семей түрмесіне жіберілдім, онда жандармның тергеуімен 1910 жылдың 1 маусымы мен 21 ақпаны аралығында отырдым.

Түрмеден Қазақ облыстарының шегінде тұруға тиым салып және Ресейдің басқа губерниясында тұруға таңдау құқығы беріліп шығарды. Менің



таңдауым Қазақстанға жақын пункт болғандықтан Орынборға түсті және оған 1910 ж. наурыз айында келдім.

Орынборға келгеннен соң мыналармен шұғылдандым: біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік жағынан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін реформалаумен (таңбаны емес, орфографияны жетілдіру жағына қарай оңайлату және реттеу мағынасында); үшіншіден, қазақтың жазба тілін лексикалық қоспалардан және синтаксистік құрылысын басқа тілдердің ықпалынан тазарту; төртіншіден, прозаны (іскери, публицистикалық және ғылыми жазба тілді кітаби тілдің жолынан жанды сөйлесу тілінің жолына) стилистикалық өңдеу арқылы және қазақ сөздерінен ғылыми терминдер жасау арқылы ауыстыру. Осылардың барлығы қазақ тіліндегі оқулықтар және сол кезде мен редакторлық еткен «Қазақ газеті» арқылы өмірге енгізілді.

Бұл бағытта менің жұмысым... 18 ж. жалғасты.

18 жылдан Орынбор қ. 1917 ж. 5-13 желтоқсанда өткізілген Жалпықырғыз (Жалпықазақ) сиезінің анықтауымен Орталық Қазақ Үкіметі «Алаш-Орда» жанындағы оқулықтар құрастыру бойынша жұмыс істеуім керек еді, бірақ сол кездің жағдайы бойынша ондай түрдегі жұмыстарды атқаруға мүмкіндік болмады. 18-жылдан бастап 19-жылдың басына дейін мен жалпы «Алаш-Орда» ұйымында жұмыс істедім.

19 жылдың екінші жартысынан 20 жылдың аяғына дейін Қырғыз (қазақ) Өлкелік Әскери-Төңкерістік Комитетінде мүше ретінде жұмыс істедім. Әскери-Төңкерістік Комитетінде және БОАК мүшелігінде тұрып, 20 жылдан өзімнің лингвистикалық жұмыстарымды қайта бастадым; ал 21 жылдан бастап тек лингвистикалық жұмыстармен ғана емес және оқу-педагогикалық жұмыстармен де: алдымен ағарту бойынша Халық Комиссары, содан кейін оның орынбасары, сосын Академиялық орталықтың төрағасы, ары қарай Ақорталық Алқасының мүшесі, ақырында Қазхалкомағарту жанында ғылыми әдіскер жауапты қызметтерінде болдым, 21 ж. 28 ж. аралығында мен Қазақ халық ағарту институтында қазақ тілі, қазақ әдебиеті және мәдениет тарихынан сабақ бердім және бұдан өзге 1926 ж. 1928 ж. яғни Қазмұға ауыстырылған күнге дейін Ташкенттегі қазпеджоода қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті болып тұрдым.

1928 жылдың 1 қазанынан бастап Қазалкеағартуком тарапынан Қазақ Мемлекеттік Университетіне қазақ тілі кафедрасы бойынша профессорлыққа шақырылдым, ол туралы аталған комиссариатпен айрықша келісім бар.



Жизнелік жазылым

Ахмет Байтұрсынұлы
музей-үйі қоры

Сод исоғи ретденеи „мелии“ (1872 год) и место ретденеи уроцише Сафи-тотбек в и.с. айма Мусулманской волости, Турфанского района, Кустанайской области.

С 1882 года по 1887 г. обучался казахской грамоте в семье у разное грамотное людей, то в ашкеник мектебад, сиртико оказавши в сз по-бызности.

В 1885 г. семья нашу переехала в Казань: за казенные побол. Муфтинскому церковному каноннику покровнику Лавровскому. Отец был назначен в торговлю и в 1886 г. приговорен к каторжным работам на 15 лет, а имущество конфисковано.

Несмотря это присутство поводом в поступлении моему в школу в г. Муфтане. В муфтинском двухклассном русско-киргизском училище учился с 1886 г. по 1891 г.

По окончании курса в названном училище, поступил в Оренбургскую киргизскую учительскую школу, в которой учился с 1891 г. по 1895 г. Окончивши курс в этой школе, обязан был служить учителем 6 лет.

После окончания с 1 июля 1895 г. служил учителем в разное местах Казанской, в физическая школа — сначала в ашкеник, потом в Волостной и, наконец, в двухклассных.

С 1901 г. свободным от учительской работы начал заниматься на свое самообразование и литературную работу.

В 1904 году, когда служил учителем — заведывающим в двухклассном училище в г. Каркаринской Семипалатинской области, по распоряжению Семипалатинского губернатора Троицкого был арестован и отправлен в Семипалатинскую тюрьму, в которой под надзором сидел с 1 июля по 21 декабря 1910 года.



Из торговли выкупили с запрещением ~~печать~~
 в пределах Кавказских областей и с правом выбора на
 печать в другие губернии России. Выбор мой
 пал на г. Орлебург, как на ближайший к Казань
 по пути и тогда приехал в марте месяце 1910г.
 По приезде в Орлебург стал заниматься, во-пер-
 вых, исследованием казанского языка в фонетическом
 морфологическом и синтаксическом отношении, во-
 вторых, реформой казанского алфавита (по иерогли-
 фической орфографии в сторону чиркиев в смысле
 упрощения и упрямости; в третьих, очищением
 казанской письменной речи от персидского засорения
 и ее синтаксические построения на грамматиче-
 ский; наконец, в четвертых, перенесением про-
 (демовой, публицистической и научной письменной речи
 с речевой книжного языка на речевой живого
 разговорного языка через стилистическую обработку
 и через изобретение научных терминов из казан-
 ских слов. Все это проводилось мною в тесном со-
 сотрудничестве мною на казанском языке читателя
 и редактором ^{интер} тогда газету "Казак".
 В этом направлении продолжалась моя работа
 вплоть до 18г.

С 18 года, по определению Общекавказского (Общекав-
 казского) съезда, происшедшего в г. Орлебурге 5-13 дека-
 1917г., я должен был работать в Кривом при Цен-
 тральном Кавказском Правительстве "Литература" по со-
 ставлению учебников, но по условиям того времени
 заниматься подобной рода работой не было возмоз-
 ности. С начала 18^{го} года до начала 19^{го} года я
 работал в организации "Литература".

Со второй половины 19 года до конца 20 года
 работал в Кавказском (Казанском) Красном Военно-

Ахмет Байтурсинов
 музей-үйі қоры




Революционному Комитете в качестве члена последнего. Но, состоял членом Военно-Революционного Комитета и В.И.К.Р.-а, с 20 года я начал возобновлять свою шк-льскую работу; начиная же с 21 года стал по-степенно переводить не только к шк-льскому, но и учебно-педагогической работе: занимая от-ветственные должности в Казахстане — сперва в ка-честве Народного Комиссара по просвещению, затем за-меститель его, потом председатель Академического цен-тра, далее член Комиссии Центра, наконец, науч-ная методическая при Казнаркошпросе, я преподавал с 21 г. по 26 г. казахский язык, казахскую литературу и историю культуры в Казахском Институте народно-образовании и кроме того с 1926 г. по 1928 г., т.е., по факт. перевода в Казгуч соотв.и доцентом по кафедре казахского языка и литературы в Каз-негвчзе в Машикенте.

С 1^{го} октября 1928 года Казнаркошпросом пригла-шен в Казахский Государственный Университет в каче-стве профессора по кафедре казахского языка, о чем имеется особое соглашение с названным комиссариатом.

А. Байтурсунов (Байтурсунов)

12/5 292.



Мазмұны

<i>Атыңнан айналдым Азаттық</i>	
С.Оразалы. Тіл және тәуелсіздік: әр жылдар ойлары.....	3
<i>Түбі бір түркі тілі</i>	
Қ.Молғаждаров. Қазақ халқының әліпби жүйесіндегі алғашқы жазуы.....	17
Б.Оспанова. Алтай әдеби тілі.....	22
Т.Зайсанбаев. Хакас әдеби тілі.....	29
<i>Жеріңнің аты – еліңнің хаты</i>	
Қ.Рысберген. Қазақ тіліндегі жарнамаларды жетілдірудің кейбір жолдары..	35
<i>Терминдер әлемі</i>	
А.Көптілеуова. «Жүз» атауы жөнінде көзқарас.....	45
<i>Әдістеме аясы</i>	
Қ. Қадашева, С. Омарова, Ұ. Асанова Қазақ тілі сабағында бейнежазбаларды қолдану технологиясы.....	54
К.Қабатаева. Заманауи әдістемедегі мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері.....	66
<i>Этнолингвистика</i>	
Н. Құрман. Қазақ тілі мен қазақы рухани өмір болмысы.....	74
<i>Салиқалы сұхбат</i>	
Д. Көшім. Ұлттық құндылықтар – ұрпақ қазынасы.....	80
<i>Әлемдік ақыл-ойдан</i>	
З.Гёкальп	86
<i>Маржан сөз</i>	
Жиренше шешен мен Қаракөз айым	92
<i>Қалтарыста қалған қазына</i>	
А.Байтұрсынұлы	94

РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
Орфографиялық хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 15.11.2016 ж.
Басуға қол қойылған күні 28.11.2016 ж.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 1623

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.